


K232
K25

ӨМІР КӘРІПОВ

ЕСКІ ТОҒАН



ӨМІР КӘРІПОВ
**ЕСКІ
ТОҒАН**




ПОВЕСТЕР МЕН ӘҢГІМЕЛЕР

АЛМАТЫ «ЖАЛЫН» 1985

Пікір жазғандар
Нұржан Мұраталиев, Ақкөл Отарбаев

42576



Кәріпов Өмір

К 25 Ескі тоған: Повестер мен әңгімелер.— Алматы:
Жалын, 1985.— 160 бет.

Жазушы Өмір Кәріповтың бұл кітабына екі повесть пен бірнеше әңгімелері еніп отыр. «Ескі тоған» повесі ұрпақтар сабақтастығы және адамгершілік парызды дәріптесе, «Аңызақ» повесінде кейбір дүниекоңыз жастардың жайы ашына баяндалады. Әңгімелерінде қазіргі ауыл өмірі шынайы суреттеледі.

К $\frac{4702230200-135}{408 (05) 85}$ 213—85

84 Қаз 2—44

© «Жалын» баспасы, 1985

П о в е с т е р

ЕСКІ ТОҒАН

* * *

Ол атын сай табанындағы шоқ талдың көлеңкесіне байлап қойды да, тырмысып жоғары өрледі. Алыстан қарағанда шөккен түйедей аласа көрінетін жатаған шоқы-етекке түскен соң, биіктеп кеткендей еді.

Қадыр жас кезінде тауға шығуға әуес болатын. Кәріліктің салқыны-ау, енді ілгері басқан адымы кейін кетіп, жүрісі өнбей келеді. «Күлсең қарттыққа күл, әлі-ақ басыңа келеді» деуші еді үлкендер. Жетпісің оңай көрінбейді.

Қара саны салдырап таза діңкелеп қалды да, сандықша тасқа отыра кетті. Буын-буын демесе кеудесінде сырыл жоқ. Соғыста оқ тиген жауырын тұсы күн қабағы түйілсе, сырқырап кететіні бар.

Қарт дағдылы әдетімен көз жетер жерге күн сала қарап, тоғанның алқымын түгел сүзіп шықты. Жаңадан ғана шабылып шөмелеге түскен көк балауса әлі басыла қоймапты.

«Шөп биыл бітік шықты. Пішеншілердің қарқыны да жаман емес, тек тасып үлгерсе?.. Шөп тасылмай бізге бұл арадаи қозғалу жоқ. Әу баста мойынға алған соң бас тартуға бола ма» деп ойлады.

Бір биыл емес, Қадырдың пенсияға шыққалы жазғы ермегі - қорықшылық. Жылда бөлімше орталығынан салт келіп, пішеншілер қосында қона жатып қорушы еді. Биыл бригадамен іргелес отыр. Көшіп келген себебі - Алматыда, институтта оқытушы боп істейтін баласы Ертай бір хатында: «Биыл ауылға барып демала-

мын», - деп, әкесін дәмелендіріп қойған еді. Екі-үш жылдан бері ауыл қарасын көрмей кеткен баласының келем дегеніне қатты қуанған. Кемпіріне: «Ертайжан жақсылап бір дем алып қайтсын, қасымда жолдастарым болады депті ғой, кейінгі жазған хатында. Биыл пішеншілер қосына барып, іргемізді қосайық. Тоғанның алқымындағы екпе шөп бітік шығыпты. Пішеншілер Нұрлысудың ұлтанын шауып шыққанша бір жарым айдай уақыт өтеді. Оған дейін Ертайжан да келіп қалар, жалғызсырамаспыз. Жарықтық Қаратоған жер жаннаты емес пе! Балық аулап, айдынына шомылып, Ертайжан бір емін-еркін рахатқа батсын», - деп Қадыр кемпірін осында көшіп келуге көндірген.

Расында, бұл өңірдің табиғаты өзгеше. Өзгеше болатыны - Арқаның жатаған таулары осы маңайға шоғырланған, бір-бірінен алшақ кетпей оқшаулау бой көтерген. Сол арада бітімі бөлекше бір тау бар. Ол «Қызылсандық» деп аталады. «Қызылсандықтың» қойын-қолтығы құнарлы. Құнарлы болатыны - әр сайынан тасты жарып көк қасқа бұлақ ағып жатады. Бұлақ суын сағалай өскен тал-теректердің шығымы да ерекше. Көк жасыл реңмен мен мұндалап бой созатын шоғыр-шоғыр талдардың арасы итмұрын, долана, жидек, тал қарақатқа сіресіп тұрады. Қызылсандықтың қойын-қолтығы құнарлы болғанмен, басы жалаңаш. Жүнделген түйедей арса-арса таудың биік шоқылары бір-бірімен үйлесім таппай қисық-қыңыр біткен. Алыстан көзге ұрып әр түрлі нобай танытады. Бір тұста аю бейнесі көзге шалынса, енді бір жағынан қарағанда, түйелі керуен іспетті. Өзінше тыраштанып еңсе көтерген найза шоқылары да бітіспес жаулыққа бекінген ертегінің батырларындай бір-біріне оқшырая қарасады.

Осындай бітімсіз тау сілемдерінің бір тұсы' кең аңғар* болып келеді де, сай табаны қысылып қылтаға тіреледі. Табиғат өзі өлшеп-пішкен осы қылтада ертеректе бөгет салынған еді. Кең аңғарға жиылған қар суы бө-

гетке келіп тіреліп, ұзындығы бір шақырым, ені төрт жүз метрге жуық келемді алып жатқан жасанды көлшік пайда болған.

Бөгет салынғалы кемі отыз жыл өтсе керек. Содан бері айдынның балығы көбейіп, тоғанды жиектей қамыс өсіп, балдырлы берекелі көлшікке айналып еді. Әрі табиғат-шебер тоғанның айналасын бейне бір қолмен отырғызғандай көк өрім талмен көмкерігі тастаған.

Тоғанның алқымындағы кең жазыққа бір кездері егін салынған. Бертінірек келе бұл маңайдағы шаруашылықтар бірыңғай мал өсірумен айналысты да, тоған елеусіз қала берді. Кейін колхоздар тарап, совхоз орнады да, Қаратоған «Ақкемер» совхозының қарамағына көшті. Совхоз тоғанды байлап, кәдеге асырмақ болған еді, облыстан рұқсат болмады. Бөгеттің мол суы Нұрлысу өзенінің арнасын толтырады да, қар суымен екпіндеп тасыған өзен құлдилап ағып, Ұзынжал қаласының іргесіндегі жасанды су қоймасына құяды. Егер бұл тоған байланса, онда өзен суы Ұзынжалға жетпей орта жолда қалып қояды.

Қаратоғанның кәдеге аспай қалуында осындай түбірлі себеп бар еді. Тоған суы пайдаға аспағанымен ескі бөгет бұл күндері адамдардың орнығар орнына айналған. Ертеңді-кеш бұл жерден дем алушылар арылмайды. Әсіресе сенбі мен жексенбіде қаптап кетеді. Тіпті кейбіреулер айдынның жағасына шатыр тігіп алып, апталап жатып сейіл құрады.

Бүгін күн жексенбі еді. Өрт шығып кетпеу жағын келушілерге ескерту - қарттың басты міндеті.

Шал осы өңірдің қожасы іспетті болса да тым белсеніп, дем алушылардың мазасын ала қоймайды. Тоғанның маңайы қара-құраға толған сайын көкірегін мақтанып кернеп, жақын туысы көшіп кеп ірге қосқандай әсерде болады.

Қадыр, әсілі ұстамды адам. Мақтанып, есіп сөйлеу әдетінде жоқ. Кәріліктің салқыны ма, кейінгі кездері

бөлекше мінез тауып алды. Әлденеге болдырып, сәл нәрсеге көңілі босайды. Тұстастары астындағы атын, түлкі алатын тазысын мақтап, бос шелектей даңғырағанда, Қадыр кекесінмен мырс етіп: «Енді кемпірлеріңнен басқа мақтамаған нелерің қалды?»- деп, әжуа қылатын.

Жұмыр басты пенде болған соң жер басқан тіршілікте тырбанып дүнне жиып, бақ-дәулетке кенеліп, сұлу құшқан да мұрат. Көк қақпалы үйге кіріп, көк жорғаны көсілтіп мінген де ләзім. Өмірдің қызығына кісі тояр ма? Селтитіп атқа мініп, ел билеп те, қолға күрек алып, жұмыс істеп те көрген; өліп-өшіп сұлуға ынтығын, махабат жолында басын тауға да, тасқа да соққан кездері болған. Дәулет жиып, еңбектің рақатын да көрді: семья асырап, жар құшып, бала сүйді. Ойлап қараса, жетпіс жас ғұмырында бұл дүниенің қызығын бір кісідей-ақ көрген екен. Үріп ішіп, шайқап төкпесе де шаңырағын шаттыққа бөлеп, қоңыр домбыраны оңды-солды безілдеткен, ән мен жырды көңіліне талшық еткен сырнайлы жылдар-ай! Қазір ойлап қараса, сол бір күндері қызықты-ақ екен-ау. Бірақ ендігі жерде ән-күй де көңілдің хошы демесең, өз көкірегіңді жарып шықпаған соң, өгей баладай суық тартып, кәрі кеудені аса жылыта қоймайды екен. Бауыр етің - балаңның орны бөлек қой. Бірақ сол балаң да өз қолы өз аузына жеткен соң, тап бір көктен түскендей боп сені көзіне ілмей кетерін қайтерсің!

Айналып-үйіріліп келгенде, кәрі көңілге жұбаныш та, медеу де, өткенді еске салып қиялға батыратын да - келер ұрдақ айта жүретіндей аз да болса тындырған ісің болмақ екен.

Қарт осындай бір ойға келгенде ептеп мүдіреді. Рас, ол замана көшін бастайтындай қайраткер дәрежесіне жеткен жоқ. Кітап жазып, елге танылса бір сәрі. Ән шығарып, жұртқа таратпағаны өзіне аян. Омырауына алтын жұлдыз тағып, еңбекте даңққа бөлендім деп және айта алмайды.

Сонда ол ұзақ ғұмырын тектен-тек, бос дырдүмен өткізгені ме? Осы сауал қартты мықтап ойландырады. Сонда оның есіне мына ескі тоған оралады. Оралған сәтінде шау тартқан кәрі денесі бу қапқандай бусанады ай! Құтты бір насыбайды аңсап жүріп атқандай елтіп, өткен күндерінің елесін қуалап бір кетеді-ау.

Бақса, қарттың көңілге медеу тұтары да, өткен ғұмырының ең бір мәнді кезеңін еске салатын да, ар алдында аласартып, жіберген қателігін бойына оралтатын да, махаббат пен достықтың сынға түскен сәтін санасында қайта жаңғыртатын да - мына ескі тоған екен. Келер ұрпақ үшін, адамдардың жарқын болашағы үшін тындырған қомақты ісі - осы бөгет.

Қарт тоғанға қарап ұзақ отырды. Ендігі сәт оның дем алушыларға баруға да зауқы соқпай қалғаны. «Сап, сап, көңілім, сап көңілім, саяламай, жай таппай не күн туды басыңа?!» -деп Абай өлеңін дұғадай күбірледі.

Әдетте кәрия уақытының көбін дем алушылармен өткізеді. Олармен еркім әңгімелеседі. Сөз арасында: «Осы тоғанды салдырған адамға риза шығарсыңдар», - дейді, бурыл мұртын бір сипап қойып.

- Ой, несін айтасыз, кім де болса жүз жасасын!— дейді олар.

- Ендеше сол алғыстарыңды маған айтыңдар,-дейді Қадыр мақтанышты сезімде.

Одан әрі олар қартты жер-көкке сыйғызбай мақтап ала жөнеледі. «Сізге осы тоғанның қасына ескерткіш орнату керек» деп даурығысады.

Қадыр кетерме сөзге кәдімгідей-ақ өсіп қалады. «Жасыңда бір баласың, қартайғанда бір баласың» деген. Кәрі көңіл кінәмшіл, сәл нәрсеге жабығып, сәл нәрседен қунап шыға келеді. Бірақ көңілінің ауытқуын сырт көзге байқатпап, неге де болса көнпістікгіен төзбесе және болмайды. Басқа тұрмақ бауыр етің - балаң да «алжиын дегенсің бе» деуге бейім тұрады-ау.

Күн кешкіріп, көлеңке бастары ұзара бастаған. Қа-

дыр ойға түсіп атына мінді де, тауды жүлгелеп кеп, тоғанға бұрылды. Адамдардың көбі қайтып кетіпті. Судың жиегінде әр жерде жанған оттан түтін шығып жатыр. «Шала сөндіргені несі?! Қанша айтса да құлақтарына ілмейді!»-деп кейіді қарт. Реніші орынды еді: ана жолы осындай шаладан өрт шығып кете жаздаған.

Тоғанға қармақ салып отырған бейтаныс жігіттердің сәлемін селқос алды да, сөнбеген шалаға су құйып, өшірді. Оңашалау жерге барып, шешініп, суға түсті. Бой сергіткен соң атына барып қайта мінген. Шабылған шөпті күніге бір аралап, қарамын шолып шықпаса бола ма? Әлгі бригадир де тым мазасыз. «Әне алып кетті, міне алып кетті», - деп, байбаламды салады да жүреді. Тоғаннан ылдилап етекке түскен соң, бір шешімге келе алмай көп тұрды. Оны шөл қысқан. «Өзен жақта пішеншілер шөп шауып жүр. Ол жақ қауіпсіз, енді үйге қайтсам да болар», - деп ойлады.

Қайтар жолда атының басын жол жиегіндегі ескі қорымға бұрды. Елеусіздеу бір тас бесікшеге таяп кеп аттан түсті де, жүрелей отырып, дауыстап аят оқыды. Шалдың даусы үнді еді. Бұл маңда құран оқуға келгенде бұған тең келетін ешкім жоқ. Кезінде домбырамен ән салып, әнші Қадыр атанып еді. Соның әсері аят оқығанда анық байқалады. Қадыр құран сүресін мақамдап ұзақ созады. Әдетте мұндай ұзақ аят қабір топырағы бетін жаңадан жасырған жас өлікке бағышталар еді. Ал мына тас бесікше болса тым ескіріп, қиюы кетіп қалған.

Аят оқып болып, енді тұра бергенде, ту сыртынан машинаның гүрілі естілді де, шал артына қарады.

Өзіне таныс қызыл «Москвич» қілт тоқтады да, орта бойлы қызыл шырайлы, етженді келген, қырықтар шамасындағы жігіт машинадан түсіп, шалға қарай жүрді.

— Салаумәлейкум.

— Әликсалам.

Жігіт шалдың қолын құшырлана қысып амандасты.

Бұл - әу баста сырттан келген бөлімше басқарушысы еді.

- Кім еді?- деді ол тас бесікшені иегімен нұсқап.

Қадыр бурыл мұртын сипап қойып:

- Бұл бір қапылыста мерт болған азамат,-деді.- Басына құлпытас қойдыру жөнінде совхоз басшыларына өтініш айтып едім. Соның аяғы не болғанынан да бейхабармын.

— Япырай, ә?

— Мына тоғанға бөгет салып жатқанда үстіне тоң құлап, қапияда опат болды сабаз.

— Ендеше тапсырған шаруаңыз тындырылды. Бірақ оның осы кісіге орнатылатынын білмеуші едім. Құлпытасты әлгі завклуб әдемілеп қалыпқа құйып, сөзін жазып даярлап қойыпты. Ала келейін деп едім, «Москвичіме» сыймады...

- Айтпақшы, ауданға Алматыдан бір мықты жазушы келмекші көрінеді. Бұл маңайға келген қонақ ескі тоғанға ат басын тіремей кетпейді ғой. Жазушыны дұрыстап қарсы алуымыз керек,— деп қосты.

Егер әлгі жазушы ескі тоғанға келетін болса, бұдан бұл өңірдің тарихын сұрайды ғой. «Түгін қалдырмай айтар едім. Бір Қаратоғанның хикаясы да ертегіге бергісіз-ау» деп ойлады ол ауылға қайтып келе жатып.

Қадыр сауатын ескі оқумен ашқан, өздігінен ізденіп үзіп-жұлып жаңаша білім алған. Ауылда коллективтендіру науқаны кезінде атқа мініп ел билеген. Кейінгі жылдары қызыл отау меңгерушілігін атқарған.

Соңғы қызметі де Қадырға ұнады. Кітапқа деген құмарлығы қызыл отау меңгерушісі боп жүргенде оянған. Ертеңді-кеш айналдыратыны кітап. Небір дастандарды жаттап та алатын. Елтеп өлең шығаруға да қара жаяу емес. Ақын-жазушыларға бүйрегі бұрып тұрады. Баласы Ертайдың әдебиетші болуына ықпал еткен де өзі еді. Ертай да алғашқы кезде өлең жазды. Әдебиет тарихынан кандидаттық диссертация қорғаған соң арқаны кең-

ге салып кейінгі кездері жазумен мүлде айналыспай кетті.

Қадыр ұлын жазушы болар деп едәуір үміттенген. Әйтседе әкесінің бұл үмітін Ертай ақтамады. Туыс-туғандары Ертайды институтта оқытушы, әйдік доцент деп мақтаныш көреді.

Ағайым-туғанның да өз есептері бар, баламызды институтқа түсіруге көмегі тие ме деп дәмеленеді. Қадырдың бір колхозды билеген кездерінде ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс еді. Досы да, туысы да көбейді. Кейін әкімдіктен қол үзіп, қызыл отау меңгерушілігіне сырғығанда, әлгі жағымпаз достар мен жарамсақ туыс атаулы бұдан бойын аулақтап, суып кетті. Сөйткен ағайын-туыс Қадырды қартайғанда тағы да төңіректей бастаған. Баласы институтта доцент, зияны тимес деген бақай есеп те баяғы...

* * *

Күн ұясына қона бере Қадыр үй сыртына келіп ат басын тіреді. Жолы болмаған аңшыдай бүгежектеп, сыртта тұрыңқырап қалып еді. Бір-біріне тіркестіріле қойылған екі вагонның ту сыртында тұрған «Газ-53» машинасын көрді де: «Мына алабүлік келіпті ғой!» -деп күңк етті. Онысы - бригадир Олжабай. Олжабай келсе бұған маза жоқ.

Ертеңнен қара кешке дейін дамыл көрмей, екі биенің желінінен қолын айырмайтын кемпірі Бибігүл де шалын көңілсіз қарсы алған.

— Бір кетсең зым-зия жоғалатының не? Малыңа ие болмайсың ба? Әлгі жамандатқыр қара бие босанып кетіп, зорға ұстадым. Қу жаным қалды!.. «Жаман түйе құтырса жұт болар» деп, осы сенің-ақ қартайғанша желігің басылман-ақ қойды-ау! Құт мекенім, қайран Қаратоған деп... Қелсе қайда әлгі... оқымысты ұл мен келінің? Шошақтың шөліне әкеп жалғыз үй шошайтып... Қайтеді бізді келін мен бала! Он күннің шамасында ба-

рып қаламыз дегені осыдан бір ай бұрын емес пе еді. Көресін әлі, солар биыл да келмейді. Әлгі көркем келінін кандидаты боламын деп тыраштанып жүр деген...

Жә, сөзді қойып, сусын әкел,- деді Қадыр.

- Қымыз қалмады. Екі биенің саумалын да аузыңа тигізбейді бұл жұрт! Қымызды аңсаса, совхозда мың жылқы бар, неге саудырып ішпейді екен?!

Бибігүл іле шай қойды. Шай қойып жүріп те сөйлеп, ауыз жаппады. Ұл да, қыз да тапқанын, оларды жеткізімін деп үстіне бір бүтін көйлек ілмей, жалаң аяқ жар кешіп, қызыл аяқ қар кешкенін айтып бір өтті.

- Өзіміздей елді қарашы... оң жағында оң отау, сол жағында сол отау. Оқытамын, қатарынан қалдырмаймып деп... Ұл анау - Алматы, қыз анау-Тәшкент асып кеткені... Әке-шешем бар-ау, туып-өскен ауылым бар-ау, олар күтіп отыр екен-ау деп бір ауық ойламай ма екен?..

Қадыр кемпіріне ләм демеді. Қайта сөзін іштей қоштап, Бибігүлге жаны ашып отыр. «Ананың көңілі - балада, баланың көңілі - далада» деген осы да. Құдайға шүкір, баласыз емес бұлар. Бірақ сол ұл мен қыз кәрі әке-шешеге сүйеніш болудың орнына қараларын көрсетпей кеткен жоқ па? Ең құрыса қолдарында алданыш етіп отырған немерелері жоқ. Ертайдың келіншегі екі бала тапқан соң тоқтап қалған. Осы күнгінің әйелдері баланы да есеппен табатын болды ғой.

Бір немересін қолдарына алып, алданыш етіп еді, оқу жасына толсан соң «өз қолымызда, қалада оқысын» деп алып кетті. Енді, міне, екеуден екеу шошайып, бір үйде жүріп жатқаны. Жылына бір ат ізін салып тұрса да көңілге медеу ғой. Айтатын сылтаулары сол баяғы - «уақыт жетпейді». Айшылық алыс жерлерден әп-сәтте хабар алатын телефоны мынау, жолға шықса поезі мен самолеті дайын. «Кеше ғой біздер өгіз арбамен-ақ көшке ілесіп едік. Орақпен егін орып, қол шалғымен шөп шаптық. Қарапайым еңбек құралымен үй салып, тоған байладық. Ау, бұл шіркіндер, төрт түлігі Сан тұрған мы-

надай қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған молшылық заманда «уақыт жетпейді» деп неге тарылады сонша-ма?!».

Бибігүл шайды есік алдына жасады. Жайпақ столға шынтағын тіреп, киіз үйге арқасын беріп отырған Қадыр пішеншілер қосына көз тастады. Күні бойы шарыққа шалғы қайрап, дамыл таппаған қайрақшы жігіт өзен жаққа жылыстап барады. Вагонның алдындағы үлкен темір пеште алау-далау боп ас пісіріп жүрген күлегеш келіншектің сыңғыр күлкісі жетеді құлаққа. Вагон баспалдағына отырып алып, құйқылжыта гармон тартқан Олжабай бір сәт татар әніне басты:

Сары сандық неге керек?
Сабын саларға керек.
Сағынсаң да, сарғайсаң да,
Сабыр итәргә керек,-

деп, қоңыр дауыспен назды әуенді шебер айтады. Бригадирдің әніне жауап ретінде аспаз келіншек сыңғырлап күле түседі. Келіншектің күлкісі түзелген сайын Олжабай да беріле әндетеді.

Қадыр ұйып тыңдады. «Пәтшағар, өзі әнші-ау. Шешесіне тартқан. Жанғаным марқұм ән салғанда даусы алты қырдың астынан естілетін... Құдды айнымаған шешесі бұл да. Бірақ өзі... тым дөрекі. Әкесі мен шешесінде жоқ мінез қайдан жұқты екен бұған?».

Батыс көкжиекке текшеленген қоңырқай бұлттар бірте-бірте күлгін тартып, жазғы дала ымыртқа бой ұсынды. Қадыр кемпірінің ығымен болып, шай үстінде де үндемеді. Жалғызілікті Бибігүлді үй ішінің ұсақ-түйек жұмысы қажытады ғой деймін, кейде орынсыз жерде сөйлейді.

Олжабайдың әсерлі өңіне елтіп, алдындағы шайын суытып алған Қадыр «Ыстығынан құй», - деп кесесін қайтып беріп еді.

— Әні құлағыңа жағып барады-ау? Айнымаған өзің ғой,— деді кемпірі.

-Қой! Қойсаңшы... Біреудің күнәсін көтерме босқа. Өткен істі жаңғыртқанда не шығады,- деді Қадыр қолайсызданып.

- Сүйегің сырқырайды ғой, шамасы. Әй, сенің де маған көрсетпегенің жоқ-ау! Жанғаныммен әуейі болғаның өтірік пе? Мені тастап соны алмақшы да болдың-ау сонда.

-Жетер. Бос сөзден не шығады,- деп Қадыр басқа бір әңгімеге ойысты.- Әлгі бөлімше басқарушысы айтып кетті. Алматыдан дөкей жазушы келмекші көрінеді. Біздің Ертай да солармен бірге келіп қалар. Күбінді ыстап, қымызыңды баптай бер.

Бибігүл бұрынғысынан әрмен үдеп кетті.

- Осыдан Ертайжан келсін! Не бар осы сары далада? Сені бар ғой шошайтып жалғыз тастамасам ба, қара да тұр.

Кемпірінің ашуланатын да қисыны бар. Өткенді қойшы, енді қартайғанда бай қызғанып қайтеді. Оны қинайтыны - балалардан бөлініп екеуден екеу жеке отырғандығы. Келіні мен Ертайда жазық жоқ. «Қолымызда болыңыздар, Алматыға көшіріп аламыз»,- деп жік-жапар болады. Бибігүл ыңғай берсе де, шалы шалқалап жатып алады. «Сүйегім туған жерімде қалсын, енді қартайғанда шығанға шығар жайым жоқ»,- дейді тікесінен.

Қадыр біреуге салмағын салып көрген емес. Қолындағы бірді-екілі малына шөпті совхоздан еңбегін сіңіріп алады. Жылдағы әдеті осы, көктемгі төл алу науқанында сақманға бірінші болып жазылады да, жазға қарай шабылған шөпті қарауылдауға өзі тіленіп шығады.

Шай ішіп болған соң Қадыр атын тұсап отқа жіберді. Атын жіберерін жіберсе де, Олжабайдан жасқанған. Бригадир қосқа қонған күні Қадырда маза болмайды. Машинаның жылт еткен жарығы көрінсе болды: «Әне, алып кетті!» - деп айқайға басады. Олжабайға салса прожектор салып киік аулағандарды да бұл маңнан

жүргізгісі жоқ. «Бір есептен Олжабайдікі де дұрыс. Көрсе де көрмеген болып жүре бергенге дәндеген ғой бұлар. Заң киік аулауға тыйым салады, ал былайғы жұрт түн баласында ұйқы көрмей жабыла аттанып, сахараның құралайын тағылықпен қуып жүріп атады»— деп ойлады шал.

Іле ол шаруашылық қамына көшіп: «Совхоз биыл шөптің астында қалатын болды. Тасып үлгерсе пішен дегенің аткөпір. Әлгі ферма бастығы тиесілі шөбінді ертерек түсіріп ал деді ғой. Оған бригадир келісе қойса? Әй, өзі де бір жанкешті. Күндіз-түні ұйқы көрмей шаруашылық үшін шыр-пыр боп жүргені. Кейде бір асыра сілтеп жіберетіні бар. Айқайламаса жұмыс біте ме? Айқай тұрмақ жөні келмесе боқтап та жіберуші едік-ау кейбір бойкүйездерді. Осы күні жұрттың бабын табу қиынның қиыны. Қымс етсе кетемін деп арызын ала жүгіреді. Не көп, өндіріс көп, барады да жұмысқа түсіп алады. Ау, сонда шөпті кім шабады, малды кім бағады?»..

Шал осы оймен атының қасында тұрыңқырап қалған. Жұлдызы самсаған айсыз түн. Төңірек тып-тыныш. Пішеншілер де тамақтарын ішісімен жата-жата қалған ғой деймін. Кенет машина дүр ете қалды. Шал шошып кетті. «Мына алабүлік тағы да ұйқы бермейтін болды-ау»,— деді үйге қарай келе жатып. Олжабай қарсы ұшырасқан.

— Ана жақты көрдіңіз бе?—деді ол машинасын кілт тежеп.

— Е-е, әншейін жолаушылап жүрген біреу де. Әйтпесе киік аулап...

— Киік аулап? Далада иесіз жүрген киік бар ма?! Киік атуға рұқсатты кім берді оларға?

Қадыр бригадирдің бетін қайтарып тастамаққа қасақана шамырқанды:

— Уай, шырағым, мені бір ахотсайоздың адамы деймісің? Осы сен өзі... маған тиісе берме!

Бригадир ығыспады. Шалға деген көкірегінің қыжылы күрт тұтанып жүре берген:

— Білем сізді,- деді ызалы үнмен,- меншік малдарыңа шөп алудың амалы. Әйтпесе совхозды көркейтейін деп жүрген сіз жоқ. Аласыз ғой шөпті қарық қып...

- Сонда маған шөп бермейтін сен кім едің?!—деп, Қадыр да шап ете қалды.

- Бөлімшедегі шабылған шөптің қожасымын. Алдымен қыстақтарға тасып алмай өліп бара жатсаңдар да, сендердей «дара шаруаға» шөп жоқ! Обьезщик болғаныңыз үшін совхоздан шытырлатып ақша санап аласыз. Ел шөп ұрлайды түнімен, ал сіз сары қымызды сапырып ішіп, салқын саяда жан бағасыз. Ондай аққаптал әккілігіңізді маған көрсетпеңіз. Сөзді қойып, мініңіз машинаға!-деп зекіді Олжабай.

* * *

Қадыр күн шыға атқа мініп еді. Тоғанның алқымындағы шабылған шөпті шолып шыққан соң, айдау жолмен ылдилап өзенге тартты. Астындағы күрең төбел шыбындап дамылсыз бас шұлғиды. Өзенге таяп қалғанда көзі оң қапталдан қалып бара жатқан ескі, бұзылған үйлерге түсті. Ол ат басын кейін бұрды. Өне бір шеткі үйде бас мұрап болған жылдары өзі тұрған еді. Одан әріректе ұзынша етіп салынған бидай төгетін қамба болатын. Кірпішін бұзып әкеткен бе, қамбаның орны тып-типыл. Ашық қыrmанды алабота басып кеткен екен. Әр жерде шашылып жатқан мала мен тырмалар бір кездер ескі қоныстық адамдарға ырысты мекен болғанын, мына алабота басқан алаңқайда тау боп астық үйілгенін мәлімдеп тұрғандай еді.

Қарт ескі қонысты аралап біраз жүрді. Оның бұл жүрісі былайғы көзге сөкет көрінгенімен, өзіне ерсі емес. Өмірінің мағыналы жылдарын өткізген осынау таулы өңір мен айдынында балығы шоршыған ескі тоған, мына ескі қоныс көзіне тым ыстық. Бұл өңірді ол қанша

араласа да жалықпайды. Аралаған сайын қасаң боп қалған көңілі сестеніп, қиялына қанат біткендей болады да. бүткіл өмірін көз алдынан өткеріп, ойға шомады. Сонда ол әбден мезі қылған күйкі тірліктің бір сарынды күйбеңінен біржола ат құйрығын кесіскен сергек сезімде баяғы қылшылдаған ақ берен күндерімен қайта қауышар еді. Кәріліктің қара қабақ көңілсіздігінен де арылып, өткенін ойлаған сайын жаны жай тауып бір жасап қалады.

Жас кезінде адам үнемі алға ұмтылып, қомағай құштарлықпен көрер қызығын алдағы күндерден күтіп, болашағына үміт артса, жалын сөніп, жүзін әжім торлап, бойдан қуат кеткен соң, кәрінің қиялына талшық, ойына қозғау - өткен күндерінің елесі болады екен-ау...

* * *

...1944 жылдың көктемі Қадырдың өміріне де, осынау таулы өңірге де үлкен серпіліс ала келгендей еді. Соғыстың дүмпуі алыстап, қанқұйлы жауды жеңіп шығып, дұшпанның ұясын талқандауға деген берік сенім ел еңсесін көтеріп, еңбекке деген құлшынысын арттыра түскен.

Ол жылдары мына таулы өңірге ел қазіргідей жиі қоныстанбаған еді. Аудан орталығынан шайғайдағы совхоздардың қой фермалары қоныс тепкен болатын. Әу баста бір отар, екі отар қоймен қостап шыққан еді, келе-келе мал өсіп малды бағатын адамдар да көбейді. Өзінде болмаған соң өзегің талады. Бірінші кезекте қиян шеттегі малды ауылдарды азық-түлікпен қамтамасыз ету кезек күттірмейтін міндет болды да, аудандық партия комитеті осы өңірде тоған байлап, егін салу мәселесін көтерді.

Енді егінді қай жерге салу керектігі сөз болды. Әркім өз аясына қарай тартып, бір шешімге келе алмай көп ырғасқан.

Қадыр қой фермасының меңгерушісі еді. Екі жылдан

аса от кешіп, қан майданнан жараланып оралғанына да төрт-бес ай болған. Егін салдыру жөніндегі ауданнан келген беделді өкіл қар кетер-кетпесте жер шолып, жергілікті адамдармен кеңесті. Әрі тарт та, бері тарт - бір шешімге келе алмаған. Біреулер «Нұрлысу өзенінің бойына салайық егінді, шығыр байлап өзен суын пайдаланамыз», - десе, енді біреулер бір кездері бөгелген кішкене тоғандарды көрсетті.

Ал Қадырдың ойы мүлде басқа болатын. Ол тың шешім айтты. Ешкімнің есіне келмеген, былайғы жұрт сан көрсе де байқамаған болашақ тоғанның орнына өкіл мен облыстан келген су маманын бастап барған. Табиғаттың өзі өлшеп пішкендей бөгет сал деп тұрған тау аңғарының тар қылтасын көргенде, су маманының есі шығып кетті. «Ғажайып бөгесін болады!» - деді.

Ауданнан келген өкілдің қасында жүргендер: «Күш жетпейді, қолдан келмеске ұмтылып не қыламыз», - деп тартыншақтады.

Қадырдың ұсынысын облыстан келген су маманы қолдады да, тоған бөгелетін жерге қазық қағылды. Осы бір қиын да абыройлы жұмысқа басшылық жасау Қадырға тапсырылған еді. Көп кешікпей ферма меңгерушілігінен босады да, Қадыр іске кірісіп кетті. Алдымен МТС-тан жіберілген тракторшылар тусырап жатқан жерге соқа түренін салды. Өгіз соқалар да бір қыдыру еді.

Егіс аяқталысымен тоғанды бөгеу қолға алынды. Осымен қабаттастырыла кірпіш құйылып, үй салына бастады. Жұмыскерлер астық төгетін қамбаның іргесін көтерді.

Осындай қат-қабат, сан-салалы науқанға басшылық жасау Қадырға оңай болған жоқ.

Ауыр салмаққа арқасын тосып, жұмысты апырып-жапырып істейтін азамат та жоқтың қасы. Қадыр шұғыл өзгеріп, қатайып алды. Ақ сұр жүзіне көмірдей қияқ мұрты сұс беріп, қоңыр көзі ызбар шашып, кісіге суық қарайтын болды. Былайғы жұрттың құлағына ән

әуеніндей жұмсақ шалынатын қоңыр Даусы қатқыл шығып, қабағынан ашу кетпеді. Оның бұл өзгерісін оғаш көргендер: «Мансап та адамды бұзады екен-ау»,— деп өздерінше тон пішті.

Қурайдан адам жасай алмай, малын бағып, шөбін шаба алмай жатқанда қой фермаларына шапқылап барар еді: «Уай, анадағы берем деген адамың қайда?» - деп дігерлеп.

— Өзімізден артылмайды,- дейді ферма меңгерушісі.

— Ана салынған егін, байланып жатқан тоған менің меншігім бе?!-дейді бұл ызбарланып.- Қайдан тапсаң одан тап, маған адам керек, күш, көлік керек!

Тоғанды бөгеу баяу жүргізілсе де жұмыста бір күн іркіліс болған жоқ, маңайдағы қой фермалардан көмекке келгендер тырбанып жұмыс істей берді.

Күзге қарай егін орағы басталды. Үйлердің төбесі жабылып, дән құятын қамба даяр болған. Бірақ тоған бөгеу аяқталмай, қысқа қалды. Келер көктемге дейін бітіріп шығу керек еді.

Бұл кездері Қадырға жаңа есім тағылып та үлгірген. Оны жұрт бұрынғыдай сұлу мұрт Қадыр, әнші Қадыр демей, тоқпақ айқай Қадыр атандырып жіберген.

Қазір ойлап қараса, мына ескі тоған үшін тер төккен жылдары өміріне үлкен сілкініс әкелген екен-ау. Ел мен жерге өтейтін азаматтық парызын анық сезінгендей бір құдіреті қолтығынан демеп, алға ұмтылдырған.

Енді міне бойдан күш, ауыздан дуа кеткен соң басқа тұрмақ, бауыр етің балаң да сені жүре тыңдайды. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мына молшылық заман бейнетсіз осы қалпында орнай салғандай көреді-ау кейінгі жастар.

Қадыр айналасына барлай қарады. Өзен бойында шөп шауып жүрген пішеншілерді көзі шалды да, ат басын кілт тежеді. Біреулердің шалағайлығын көргенде шыдамай бірдеңе деп қоятыны бар. «Шөпті неге дұрыстап жимайсыңдар?» - деп қамшысын шошандатады.

Өзін қанша тежеп, болмашыға болдырмайын десе де сүйегіне сіңген әдеті еркіне қоймайды.

Шабындыққа бет алған бригадирдің машинасын көрді де:

- Бұзылған тракторды жөндемекші-ау, сірә?.. Ай, өзінде дамыл жоқ,- деді іштей Олжабайдың түндегі сөзін елемеген кешірімді көңілмен.- Жұмысты соншалықты беріліп істейді... Әйтеуір, аман жүрсін байғұс бала...

Олжабай сынған тракторды көріп шыққан соң тұрған жерінде жөндемекші болды.

Орталықтан әдейі ала келген қосалқы бөлшекті машинадан түсіріп, тракторды тегістеу жерге сүйреп шығарды да, іске кірісті. Мотордың бір жерін жөндесе, екінші бір тетігінің ақауы табылып әбден әуреге түсті. Түс ауа тракторды жөндеп шығып, моторға от берді.

Пысынап кеткен соң суға түскен. Кенет осылай қарай атын бүлк-бүлк желдіріп келе жатқан Қадырды көрді. Көрді де тыжырынып қалды. Неге екенін қайдам, осы бір ақ сұр шалды суқаны сүймейді. Оны көрсе болды, ата жауымен бетпе-бет келгендей қолайсыз күйге түседі.— «Жігіт басыммен қартайған шалмен бақас болғаным не?!» - деп өзіне тоқтам салайын десе де, жүрегін сыздатқан қыастық оны көргенде өршіп кетеді.

Олжабай Қадырға көбінесе әдейі соқтығады. Бір жақсы жері шал байғұс көтерімді. Қанша өкіреkteп бегінен алып жатса да: «Әй, қарағым-ай, түсінбейсің-ау»,— дейді де, бұрылып жүре береді. Өткен түнде шөпті байқамадың деп мазалаған еді. Қарт бүгіндікке аттан түскен жоқ.

«Өзі дегенмен мықты шал,— деп ойлады Олжабай су жиегінде киініп жатып,- Мұндай қарттардың көбі ауылда жиналып алып карта ойнайды, пенсиясын араққа салып, қадір-қасиетін кетіретіндері де бар»...

Қадыр аттан түсті де, қанжығасына бөктеріп алған қымыз толы торсықты Олжабайдың алдына қойды,

— Шөлдедің ғой, іш. Ішіндегі ыстығыңды айдап шығады.

Торсықта шайқала-шайқала әбден бабына келген бал қымызды мейір қандыра жұтқан Олжабай қартты жардың көлеңкесіне қарай бастаған.

— Бүгінгі ыстықты сұрамаңыз, жанып кеттім таза!— деді ол жарға арқасын сүйей отырып.

Қарттың жанашырлық көрсетіп, сусын әкелгеніне жүрегі жылыған ол шешілейін деді.

Есейіп кетсең де ес көріп арқа сүйейтін әке мен шешеге не жетсін! Ет жүректі пенде болған соң бір қалыпта кім жүреді. Кейде бір торығып, бойын ашу бұғанда анасы марқұм ақырындап демеп, тұзу жолға салып жіберуші еді. Шешесінің арқасында киер киім, ішер астан кенде болған жоқ. Бірақ көңілі қоңылтақ, тым сырдаң боп өсті. Өйткені мұны өгей әкесі қатты ұстады. Көңілінен шықпай қалса болды, қамшының астына алатын. Қара ағаштай қатып қалған ол қысқа күнде қырық құбылады. Олжабай оның өгей екенін кейін ес білген соң білген. «Мен дейтін болсаң оған қарсы келме, әкеңнің жақын ағасы», - дейтін еді анасы марқұм.

Әлі есінде. Бұлар жайлауда қой бағып отырған. Бір күні жапсарлас ауылда той болды. Олжабай әкесінен сұранбай сол ауылға тартып кеткен. Тойдан кештетіп келген мұны әкесі жылыдай қолға алды. Аузын ашса айқайы қоса шығатын дәйегі жоқ ол атты тоқтай мініп, көкпарға салдың деп жазғырған баласын. Ашушаң әке Олжабайды ат бауырына алып, ал, саба! Қанша сөз естіп тұщы етіне ащы таяқ батса да көзіне жас алмайтын қайсар еді, дәл осы жолы Олжабай сыр беріп қойды. Ол жанұшыра қашып жүр, әкесі оны атпен қуып жүр. Кенет өктем дауыс саңқ етті де, көсе қара ат басын кілт тежеді. Қашып келе жатқан бала артына жалт қараған. Бірден таныды - қызыл отау меңгерушісі Қадыр екен. Астындағы жирен қасқа көлденеңдей басып, ауыздығы-

мен алысып тұр. Өңгеріп алған бір қоржын кітап пен алпамасадай Қадырды мәу дейтін түрі жоқ.

- Уа, бұ не?! Бала ұрғанның жөні осы екен деп... бата тисе қайтесің?-деді қызыл отау меңгерушісі.

- Ойбай-ау, өзің болсаң қайтер едің! Қыста қойға мінемін деп жіберген атты тоқтай мініп ірітіп көкпарға салып!...

- Бала ғой көңілін көтергісі келген шығар.

- Ой, бұл - бала емес, пәле! Шешесінің жатырынан қағынып туған жүгермек!

- Ырысыңды шайқады ма, сонша неге таусыласың?-деді Қадыр.

- Онда сенің жұмысың болмасын. Ұрсам өгей де болса өз балам! Асырап, сақтап отырмын, құйысқанға қыстырылған боқ құсамай жайыңа жүр!-деп көсе қара Қадырға дүрсе қоя берді.

- Тарт тіліңді!- деп, Қадыр ақырып қалды.- Далада жатқан бала жоқ. Шешесін қатын, баласын отын етіп... Қолың зорға жетіп еді Жанғанымға, есінді жияйын деген екенсің! Мына баланы ұрғаныңның алды-арты осы болсын! Осыдан жат мінезінді естідім бар ғой... сотталып кетуге бармын, шаңырағыңды ортаңа түсіремін.

Сол бір оқиғадан кейін Олжабай қызыл отау меңгерушісіне іш тартатын болды. Кейін ер жетіп, ес тоқтатқан соң да Қадырға деген ықыласты көңілінен жаңылмаған. Осы бір сыйластық арқауы бертінге дейін босамай келіп еді, әлгі шофер Ұзақтың сөзі бәрін жуып-шайып кеткен жоқ па. Содан кейін-ақ Олжабай шұғыл өзгерген. Өзгермегенде қайтсін, әкем соғыста өлген, мен голдаттың баласымын деп өзін алдаусыратып келген еді. Енді сол ойының күл-талқаны шыққан жоқ емес пе. Әкесі соғыста өлмепті. Ұзақтың айтуына қарағанда, бұл некесіз туған көрінеді.

Оқуын бітіріп келген соң Олжабай гараж меңгерушісі болып істеген. Қызмет бабында мейлінше қатал ол

гаражда толық тәртіп орнатты. Өз бетімен сұранбай кетіп қалатын «желаяқ» шоферларға тосқауыл қойып, сұраусыз қия бастырмайтын болған.

Сондай «желаяқ» шофердің бірі Ұзақ еді. Бала күндерінен құлын-тайдай тебісіп бірге өскен олар бір-бірімен қатты ойнайтын. Бірақ Олжабай қызмет бабында құрдастыққа қарамайды. Бас пайдасына бола көз жұмбайға басып жіберетін аусар жігітті ауыздықтап ұстайды. Осыдан келіп екеуінің арасына жік түсті. Ұзақ енді. оны кекетіп, мұқатып жүргізбейтін болды. Қымс етсе қарсыласа кетеді.

Бір жолы Ұзақ гаражға мас болып келді.

— Неге ішесің? Правонды алдырайын ба автоинспекторге айтып,— деді Олжабай ойын-шыны аралас.

— Менің правомды алдыратын сен кім едің сонша? Әкеңнің атын айтшы алдымен?—деді Ұзақ, масаң жүзі күреңіте түсіп.

— Өліп қалған әкемде жұмысың болмасын? Сен мына ішіспен бір күні аударыласың,— деді Олжабай, қабағын шытып.

— Әкеңді айт дедім ғой саған?—деп анау қадалып қоймады.

— Әкем Ұлы Отан соғысының құрбаны, мен - сол әкеден қалған көк жетіммін. Сол ма естиін дегенің!

— Оттапсың!—деді анау ықылық атып, сен - шатасың...

— Не дейсің, ей?!—деді Олжабай кабинада отырған Ұзаққа төніп барып.

— Шатасың дедім ғой. Оны ана әкең - Қадыр шалдан сұра. Сен содан туғансың. Олжабай деген атыңның өзі-ақ...

Одан әрі не істеп, не қойғанын өзі де білмейді. Көзсіз ашуға басқан ол Ұзақты кабинадан жұлып алып, басы-көзінен былш-былш ұра берген. Маңайда жүргендер арашалап алмағанда іс насырға шабады екен. Жеңіл жараланған Ұзақ мұны сотқа берді. Олжабай не десін,

мені шата дегесін сабадым дей ала ма? «Құрдас едік, бір сөзі өтіп кеткен соң қолым бата тигені рас», - деп жалтарған. Содан бұл бір жылға шартты жаза алып, шоферлікке ауысып кеткен еді. Арада екі жыл өткенде совхозға жаңадан келген директор Олжабайды бөлімшеге бригадир етіп жіберді...

Манағыдай емес, күннің ыстығы қайтайын деді. Желге ұшқан орамалдай болып қалқып шыққан үзік-үзік ақ бұлттар күн көзін ауық-ауық көлегейлеп өтеді. Тау аңғарын қуалай соққан қоңыр жел тынысты кеңіте түскен

Жар көлеңкесінде отырған екеуінде үн жоқ. Шал мүйіз шақшасын етігінің басына қағып-қағып қойып, насыбайды алақанына молырақтау салып, ерніне тастап жіберді де, шырт түкірді. Бірауық қамыс арасында шыбындап тұрған атына қарады. Одан дәл қасында ұзынынан түсіп, дамылдап жатқан бригадирге көз қиығын тастады.

Шалдың қыбыр-қимылын қалт жібермей бағып жатқан жігітке кенет әлдебір ой түсті де, қасында отырған шалға сынай қарады. Қартайса да әлі еңкіш тарта қоймаған бойшаң тұлғасы мен әжімді жүзіне қараған сайын осынау еңгезердей ақ сұр шалға өзінің ептеген ұқсастығын аңғарып еді.

Сол-ақ екен намысы күрт тұтанып, тұла бойын өшпенділік кернеп қоя берді. Өзін қанша тежейін десе де болмады. Қадыр шалды көрсе болды, көкірегінің қыжылы үдеп-үдеп кетеді. Ол енді бір сәт өзін жазғырған. «Тексізсің-ау, Олжекесі, тегінде жоқ кісілікті сен қайдан аласың? Әйтпесе осың не, үш баланың әкесі болғанша басы қатты асаудай көрінген қараға бір ұрынасың. Ау, өзімен-өзі қалталақтап жүрген шалда нең бар?! Жазығы не оның! Жарайды, сен оның баласы екенсің, сонда ол саған әке болуға жарамай ма?»

Ол енді іштей анасын жазғырған. Әлдеқашан сүйегі құрап қалған анасының аруағын күңіrentіп, оның-

күнәсін еске алудың өзі бұған аса ауыр. Бірақ амал қанша, анасы марқұм мұны ақ некелі жарынан емес, әлдебір көңілдесінен тауыпты ғой. «Сенің әкең соғыста өлген»,— деп үнемі төрде ілулі тұратын әскери адамның суретін көрсетіп, оны жиі еске алушы еді-ау.

Апырау, туған баласынан шындықты жасырып бұның тағдырын ойыншық етуге байғұс анасының тәуекелі қалай жетті екен?! Әлде заман қыспағынан шыға алмай, шарасыздыққа душар болып, еркін билей алмай қалды ма?!

— Олжабай, сен естідің бе?..

— Нені?!

— Осында бір атақты жазушы келеді дей ме?

— Келсе қайтейін!— деді де, ол орнынан тұрды.

— Бүгін орталыққа барсаң... әлгі... құлпытасты машинаға сала келші.

Жігіт күңк етті:

— Тірілерді түгендеп болып, өлгендерді жарылқауыңыз қалды ма?

Шал қасынан кете қоймады. Тағы бірдеңе дегелі келе жатыр еді:

— Барыңыз! Осы сіз маған жабыса бермей, әрі жүріңізші!— деді.

Тау аңғары салқын. Аспанды торлаған түйе бас бұлттар жел шақырып, ауық-ауық жаңбыр жауып өтеді де, лёкілдеп қоңыр самал еседі. Ақ бауыр бұлттардың көбесінен сорғалаған жаңбыр тамшылары ыстықтан қаталаған -тал-теректің жапырақтарын шёрткілей түседі де, тына қалады. Тоғанды қоршалаған жалаңаш таудың күн жеп тастаған бұжыр-бұжыр беті жаңбырға шайылып жылтырайды. Бұта-бұтаны паналаған торғайлар да дүр-дүр сілкініп қойып шиқылға басқан. Астаудағы судай айна көзденіп жатқан тоғанның бетіне де жыбыр енейін депті. Жем іздеген қомағай балықтар ауық-ауық

су бетін түрткілеп, жондарын көрсете жүзеді. Мылтық қарауылына сан ілігіп әбден әккі болған шүрегей үйректер қамсақты жағалаудан бері шығып, бой көрсетіп қояды. Тоғанды жиектей өскен талға қонақтаған қарға мен сауысқан да көп еді.

Қадыр атын іздеп жүр. Ол тоғанды жиектей өскен тал-талдың арасын сүзіп шыққан. Әбден мініле-миніле ер қашты болған күрең төбел қапысын тапса керек, кендір арқанды үзіп кетіпті.

Кешеден бері осында. Қадірлі жазушыны дұрыстап қарсы алудың бүге-шігесіне дейін ойластырған бөлімше басқарушысы: «Ауылдың ақсақалысыз. Әрі зиялы қонақтар Ертайды білуге тиісті. Ептеп ән салып, әңгіме айтып дегендей... «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал келіп сәлем береді» деген, деп бұны қия бастырмай қойған.

Ол қонақ күтудің бар жағдайын жан-жақты ойластырған болатын. Шаңырағы қушиған төрт қанат киіз үйді сый қонаққа тігуге қорашсынып, Бөкен шалдың алты қанат ақ үйін қолқалап сұрап әкелген.

Сол үйді қонақ келерден екі күн бұрын тіктіріп қойған еді. Сүйегі тозғанымен ұқыптап ұстап жыл сайын бау-шуын жаңартып отырған алты қанат еңселі үй алыстан көз тартады. Енді сол қонақтар кешігіп жатыр. Қадыр атын іздеп жүріп: «Ертайжанды білетін шығар. Бәлкім, үйге шақырып қонақ та етермін», -деп ойлады..

Қонақтар түс кезінде келіп жетті. Атақты жазушының қасына ергендер бірқыдыру болғанымен, қонақтарға алты қанат еңселі үй тарлық ете қойған жоқ.

Жазушы нақ төрге жайғасты. Ол жолсоқты болып шаршап қалған екен, жастыққа шынтақтай жатып, қонақ күтушілерге пейіл берді. Бір сәт үй ішіне көз жіберген. Іргені жағалай құрылған түскііз бен ескіре бастаған үйдің сүйегіне зер салды. Шаңырақтан төгілген шашақты желбау мен ісмер қолдан шыққан үйдің бау-шуына көз жүгіртті.

Осы кезде аспаз келіншек тегенеге қымыз құйып, сапыра бастады. Жазушы бабымен ашыған қымызды сүйсініп ішті. Қоңырқай жүзі тершіп, бойы бусанып еді.

— Ауылдың сәні жұмыртқадай ақ үйі мен сапырылған сары қымызы емес пе. Шүкір, бұлар баршылық екен сіздерде. Кең пейіл, қонақжай ниеттеріңді де көріп отырмын. Бір келіп түстік жеп кететін қонаққа мұншалықты сый-сияпат артық.

Жазушы енді бөлімше басқарушысына жүз бұрды.

- Ауыл ағасы сіз боларсыз, інім. Біз асығыс едік, әлі де баратын совхоздар бар. «Жолаушыны ұстама, жолынан қалдырасың, қонақты көп күтпе, сырынды алдырасың» деген.

Босаға жақта отырған Қадыр зиялы қонақтан көзін алмады. Ықыласы түсіп сөзге тартар деп еді, бірақ ол бұдан гөрі қасына еріп жүргендерге, совхоз басшыларына пейіл беріп, сөзін соларға қаратып айтты.

Қымыз ішіп, шөл басқан соң қонақтар тысқа шыққан. Аспан бұлттан айығып, ыстық көтерілген екен. Қонақтар суға түсіп келді.

- Мына тоғандарыңыз баяғы тасқын бұзып кеткен Алматының Есік көлін есіме түсірді. Ғажайып тоған! Өзі ертеректе салынған болуы керек. Солай емес пе?— деп жазушы қасындағыларға қарады.

- Ескі тоған деген атынан-ақ белгілі ғой,— деп, білгішсінді бір жас жігіт, -Тоған бөгейтін жер дұрыс-ақ таңдап алынған екен, алайда шикілік те бар секілді. Байқайсыздар ма бөгет салдырған гидротехник сауатсыз болған. Инженерлік дұрыс есеппен салынбағаны көрініп тұр. Қараңыздаршы, бөгеттің табанын тым тар алған.

- Қалай болғанда да дер кезінде байланған тоған екен. Табаны әлі берік. Техниканың тапшы кезінде бөгелген, кінә да жоқ қой,—деп, жазушы айналасына әсерлене қарады.— Бірақ тоғанның аты ұнамады маған.

Мына сияқты құнарлы тоғанға «ескі» деген ат жараспаса керек.

Қадыр есік алдында самауырға ағаш салып отыр еді. Қонақтардың тоған турасындағы сөзі оны елең еткізді. Әлгі жас жігіттің гидротехник сауатсыз екен дегеніне қитығып қалып еді, жазушының орынды айтылған сөзіне риза болды. «Осы тоғанды бөгеген мен едім деп айтсам қайтер еді»,— деп бір ойлады да, құр мақтанғандай болармын деп тартынды.

Ет желінген соң жиналғандар бір мезет әнге кезек берген. Қонақтар асығып отырса да, ауылдың алты ауызын тыңдауды орынды көрді.

Домбыраны баяу шертіп, қоңыр даусын соза ән салған Олжабайдан соң кезек Қадырға келді.

Ол зиялы қонақтардың алдында ән салмаймын деп тартына алмады. Қарт дауыс қырнап аз отырды да, халық әнін баяулата бастап кетті.

Жабыны жауға мінбе жалды екен деп,
Жаманды еске тұтпа малды екен деп.
Баласын қазан аттың бақпай қойма,
Қан түсіп аяғына қалды екен деп...

Қарт осылайша екі-үш ән айтып шықты. Ән сөзін көрінеу бұрмалап, шығарма өлеңге де басып жіберген. «Бұл дәурен сіздің бастан өтер әлі, кәрілік баршаңызға жетер әлі»,— деп тұспалдады.

«Қойшы мінген топыраш торы ма десем, қартайса да бабындағы қазанат тарланым екен ғой!» -деді жазушы ішінен.

* * *

Қонақтар кештете аттанды. Бөлімше басқарушысы үйді жықтырып, машинаға тиеді де, орталыққа тартты. Атынан айырылып қалған Қадыр бригадирдің машинасына отырды.

Қарт ептеп қызу еді. Уыз қымыз тұла бойын балбыратып, буын-буынын алып түсті де, көптен басыңқы көңілі тасыған судай күрт көтеріліп сала берді. «Сіз өзі ғалым әдебиетшінің әкесі болып шықтыңыз-ау! Бәсе, мұрт қойысыңыз нәш екен»,— деп қолпаштады қонақ.

Қарт шешілді. Ескі тоғанға байланысты біраз сырдың тірі куәсі екендігін айтып өтті. Жазушы: «Бұл жолы асығыспын, Алматыға келгенде міндетті түрде маған соғыңыз» деп өтінді.

Әрі қымыз желігі бар, әрі жазушының ілтипатына ілінген қарт айрықша көңілді еді. Бірақ қасындағы бригадир жігіттің қабағы келіспеген. Өйткені оны шөп шабудың баяу қарқыны қинап жүрген. Бір сыдырғы жалпақ шабындық емес, тау-тауды жүлгелей, өзек-өзекті қуалай шапқан соң шалғысы түскір сынғыш келеді. Енді соны ауданға дейін шапқылап барып қалайда тауып әкелмесе бола ма.

Олжабай белгілі жазушыны сыйлағандықтан барған тоғанға. Әйтпесе осындай қызу науқанда түйсігі бар адамның сейілдеуге мұршасы келе ме.

Олжабай аксилаторды баса түсті. «Мына шалды үйіне жеткізіп тастап, қосалқы бөлшекке орталыққа тартайын. Жыламаған балаға емшек қайда, қылқылдап сұрамасаң, тап бір мен өз қажетіме жарататындай бәлденеді-ау»,— деп, әлдекімдерді жазғыра күңкілдеді ол.

Қарт өзінше ыңылдап әнге басқан.

— Балам-ау, жау қуып келе ме? Жайырақ жүрсеңші...

«Балам» дегені жарасының аузын алып түскендей болды да, Олжабай шырт ете қалды:

— Ақсақал, жөн сөйлеңізші осы. Жанның бәрі саған бала бола бере ме?

— Шешең Жанғаным менімен жақын бөле еді. Әрі сыйлас тату құрбы едік. Бауыры суық қара жерде тойымдық бар ма. Балаларының қызығын көре алмай сәл ертерек кетті ғой бұл пәниден!..

Қадыр көңілі бұзылып, көзіне жас алды. Сараң жас тамшылары кәріліктен буалдыр тартқан көздеріне жұмсақ нұр ұялатқандай болып еді.

Ол енді шешіле сөйледі. Бір кездері колхозға бастық болғанын, осы мына ескі тоғанды өз қолымен салдырғанын айтып, Олжабайдың құлақ құрышын қандырды.

— Сен, жігітім, мені бір өлмелі шал екен деп ойлап қалма. Өзің де көрдің шет жағасын. Заманында біз де жорға мініп, сұлу құшып дегендей, дүниенің қызығын көргенбіз! Енді, міне, қартайып бастан бақ, астыдан ат кетіп, сендерге тәуелді боп...

Шал артықтау сөйлеп кеткен соң, Олжабай қарсы дау айтқан:

— Кезінде сіз де талайға қиянат жасап, жесірдің арын, кедейдің малын шашқанның дәл өзісіз!-деді.

— Оны қайдан білесің?

— Бірдеңе білген соң айтамын да. Қысқартыңыз! Тыңдамаймын сөзіңізді,— деді Олжабай.

Шал қиыс тартқан. Әдетінде жоқ мінезге басып бригадир жігітпен мықтап байланысты.

— Сен мені кім дейсің, ей? Байқа! Аш көзіңді!.. Көрген шығарсың жаман шалды! Атақты жазушының өзін табындырған жоқпын ба? Біздің Ертай дегендер жанып тұрған жалын ғой, оған қарағанда сен кімсің?!

— Иә, мен кіммін?!—деді Олжабай машинаны кілт тежеп.

Шал маңдайын терезеге соғып алды да, Олжабайға жаңағыдан бетер шүйлікті.

— Сен бір жүрген итаршысың. Осыдан шөп бермей байқашы!

— Тағы да!— деп тістенді Олжабай.

— Тексіз ит! Жау танымас жаман неме!

Машина кілт тоқтады да, кабинаның есігі сарт етіп ашылды.

— Түс! Өй, алжыған!..

Қадыр артықтау кеткенін кеш ұққан. Бір сойқанның боларын біліп, кабинадан бұлғалақтап зорға шықты.

— Балам, мен ептеп қызып қалдым,— деді жерге түскен соң. Оның сөзін Олжабай тыңдаған жоқ, машина қозғалып кетті де, шал жол жиегінде қарақшыдай ербиіп қала берді.

* * *

Қадыр ертеңінде де, келесі күні де іштей. қиналып жүрді. Қатарынан екі күн жатып қалды.

Кемпірі де кешеден бері құлақ құрышын жеп қойды. Көк бас сонаша ызыңдап құлағынан сөз кетірмейді.

Ертеңгілік шай үстінде Бибігүл тағы да сөзге басқан.

— Бригадирмен тәжікелесу несін алған екен. Елдің шалын көрмей ме? Бес уақтылы намазын құр жібермейді. Ал бұл болса қартайғанда бастықтарға жағынып...

Қадыр кемпірдің сөзіне дау айтқан жоқ. Не десін. Бір есептен Бибігүлдің де реніші орынды. Кәрілік те адамның пешенесіне. жазған табиғат сыйы. Дүниенің қызығын көре алмай, арманда қыршын кеткендер аз ба? Кешегі соғыста өліп қалса қайтер еді. Бибігүл айтқандай тәубеге келіп, біреулерге жасаған қиянатың мен зорлығыңды көрге бірге ала кетпей құдайға құлшылық етіп, жуып-шайған да дұрыс-ау. Неге екенін қайдам, намаз оқуға мойны жар бермейді. Өйткені ол дүниенің ұжмағына аса сене қоймайды. Өлдің-қалдың, саудыраған бір қу сүйексің.

Бірақ қанша дегенмен де тәубаға келіп, ұзынды-қысқалы тірлікте адамдарға жасаған қиянатыңды, өзегің өртенің есіңе түсіріп, жіберген қателігің мен өкім зорлық істеріңді аз да болса жуып-шайып, өзіңді келмес сапарға дайындаған да жөн-ау.

Мен өледі екенмін деп кәрі малша жалмаңдап ішіп-жей бергеннен не шығады. Қорқыттың ажал күйін сар-

натып уайымға берілгенде бір жасың екі болмайды. Адам боп жер басқан соң түбі бір өлмей қайда барарсың. Жүрегі де сыр беріп қоятын боп жүр. Кейде басы айналып, көзі қарауытады.

Кәрі қойдың жасындай ғұмыры қалған осынау екінді шағында Қадырды әрі ойлап, бері ойлағанда қинайтын бір-ақ нәрсе. Ол пенденің пендеге жасаған қиянаты. Зұлымдықпен күреспей, -әділетсіздікпен тіреспей бас амандап, бұқпантайлап өмір сүру ездің еншісі. Адам боп дүниеге келген соң тәуекелдің жел қайығын өр толқынға қарсы жүздіріп қиындықпен күресе білу де ерлік. Өмірдің аумалы-төкпелі сан сапалақ жолында бақыт үшін басыңды қатерге тігіп, махаббаттың таусылмас қызығына бола ақкөз құштарлықпен алға ұмтылғанда біреулерге қолың бата тиетіні де болады екен. Мұндай қателік Қадырдың да басынан өткен...

...Сол жылғы қыстың жұмсағы-ай. Ара-тұра боран соғып шытқыл, аяз бет шымшығанымен қыстың шуақты күндері ұзаққа созылып еді.

Қадыр дағдылы әдетінше бүгін де ерте тұрған. Ерте тұрмай бола ма, бөгет салуды қар кеткенше қалайда аяқтап шығу керек. Қолда күш болса, тәйірі, бейнет деген сөз бе? Техника тапшы МТС-тан көмекке, келген жалғыз «жылан бауыр» бұзылып қалды да, өгіз арбаға қол артуға тура келді. Тоң қопарып, тоғанның иығына құм, тас төгу — жігіттің жігіті шыдайтын жұмыс. Бірақ оған сақдай сай тұрған атпал азаматтарды қайдан табарсың? Соғыс болса мынау, шұнақ аяздай бетқаратпай қағынып тұрғаны.

Қадыр жатаған жер үйге беттеп келе жатып бүгінгі істелетін жұмысты ойша пысықтап еді. «Тоң қопаруға динамит қажет. Ауданмен рация арқылы сөйлесу керек екен. Әлгі «Үлгілі» қой фермасынан келетін жұмыскерлер де кешігіп жатыр. Оларға қозғау салмаса тағы болмайды».

Үйдегілер тұрып жатыр екен. Үй иесі - отыздын ішіндегі жесір әйел. Семьясы шағын болған соң Қадыр қоржын үйдің бір жағына бөгет салысуға салт басы келген жұмыскерлерді жатқызған. Жұмыскерлерге тамақ істеу міндеті болмағанымен, ертеңгілік асты бұлар Жанғанымның қолынан ішеді.

— Ұйқың қанды ма?— деді Қадыр қазандықтың астына қи қалап жатқан келіншекке.

Жанғаным еркекше киініп алған еді, алдына түскен тоқ бұрымын серпе тастап:

— Сөзіңе болайын-ау, ұйқым қанбаса бүгінгі жұмыстан босатайын деп пе едің?— деді.

Қадыр іркіліп қалды. «Сөзіңе болайын-ау» дегенде Жанғаным әлденені тұспалдағанын іші сезе қойған. Жұмыскерлерді осы үйге жатқызарда ол бұған кейістік білдіріп: «Бұл қай басынғаның?! Менің басымдағы жесірлік тауқыметі аздай-ақ тамам еркекті үйіме кіргізіп... Басқа қолайлы үй таппадың ба?»—деген еді.

Қадыр оған дәлелді сылтау айтып: «Осы күні күй таңдап жататын жағдай жоқ. Аз күн паналай тұрсын. Біздің үйге бәрі сыймайды. Тоған біткен соң өзіңмен-өзің боласың ғой» — деген еді.

Есті келіншек Қадырмен одан әрі сөз таластырмаған. Ақ құба өңіне жылылық ұялатып тұрған тана көздеріне жас алып: «Сенің Тұрарды ұмыта қоятын қисының жоқ еді ғой!» — деген.

Тұрар — Жанғанымның қыздай қосылған күйеуі болатын. Соғыс басталысымен майданға аттанып еді, артынан көп кешікпей «қара қағаз» келді де, Жанғаным жесірліктің тауқыметін ерте арқалады. Қыз күнінен өлең-жырға аузы епті еді, ауыр бейнет пен жесірлік қабаттасып соғыс тақсіретін арқалаған ол осы күндері тым адуын. Тілі мірдің оғындай, өлеңші келіншектен былайғы жұрт қаймығып жүреді.

Жанғаным күйеуі жағынан Қадырға қадірлес заман-

дас болса, туыстық жағынан екеуі бір-біріне жақын бөлле. Былайғы жұрт бұларды ағалы-қарындасты деп түсінеді. Екеуінің өздері ғана білетін ортақ сырлары да бар еді. Қадыр кезінде Жанғанымға ғашық болып, сөз салған. Енді, міне, арада алты-жеті жыл өткенде заман қыспағы бұларды тағы да бір жерге тоқайластырды. Осы күндері Қадыр әрі-сәрі күйде жүр. Жанғанымға деген бұрынғы көңіліне желік бітіп, оны басқалардан қызғанатын сияқты.

— Әлгі сый қонағың қайда?— деді Қадыр.

— Сый қонақ, сыпа қонақ деп бөліп жаратын ештеңесі жоқ, қонаққа жарыттың ғой! Үйім толып қалды...

— Тоған біткен соң құтыласың бұлардан да. Әлгі шолақ тұрды ма?

— Тұрған шығар,—деп Жанғаным даусын жұмсарта тіл қатты.

— Тап бір нағашысының үйіне келгендей өзі сезбейді-ей! Су маманысыз да тоған байлауға құдіретіміз жетеді,— деп Қадыр әдейі анау естісін дегендей даусын қатты шығарды.

— Соншама неге таусылдың? Аянып жүрген жоқ қой. Соғыста көнтөзия алған көрінеді, түнімен ұйқтай алмай ауырып шықты байғұс,— деп Жанғаным оған ара түскенде, Қадыр шырты етті...

— Қасында болып па едің?!

— Қасында болмасам да бір үйде тұрған соң қабағына қараймын да. Оған несіне таусылдың? Өзімен сөйлес, еншілеп алды деймісің. Еншілеп алады деп қорықсаң, басқа үйге жатқыз.

Артықтау кеткенін аңдады да, Қадыр келген шаруасына көшті.

— Сен бүгін жұмысқа бармай-ақ қой,— деді сұлу мұртын бір сипап қойып.

— Неге?!

— Жұмыскердің наны азайды. Бибігүл жалғыз үлге-

ре алатын емес, бірер күн диірмен тартып, қолғабыс бер.

— Е, солай жөніңе көшсеңші, елді кекетіп-мұқатпай, - деді Жанғаным қабағын серпе.

Осы мезетте қоржын үйдің оң қапталындағы төргі бөлменің есігін серпе ашып, су маманы шықты. Жас мөлшері отыздың ішіндегі ұзын бойлы, ақ сұр жігіттің сол қолы шынтақ түбінен жоқ еді. Аудандық жер бөлімі майданнан жараланып келген бетте оны осында тоған бөгеуге жіберген еді. Алып бара жатқан білімі де жоқ сияқты. Бірақ құрылыстан ептеп хабары бар екен. Былай істендер, былай етіндер деп бұйыруға жоқ біртоға жігіттің жуастығын басына ма, Қадыр оны кейінгі кездері қырына алып жүр. Бітуге жақындап қалған тоғанның әбүйірін сол алып кететіндей-ақ ілік шалып жүргізбейді. Әйтеуір, екеуінде келісім жоқ. Керіске бармаса да бір-бірін оқты көздерімен атып, жұмыс үстінде қиғаш келіп қала береді. Көтерімді Байназар көбінесе үндемей құтылады.

Қадыр оған қашанғы әдетінше мұртын едірейтіп түксие, суық қарады.

Байназардың ақ сұр жүзі күлдей екен. Әлі де құлан таза айығып кетпеген шолақ қолының мұқылы көрер көзге аяушылық тудырса да, Қадыр сынбады.

— Иә, жігітім, жақсы жатып, жай тұрдың ба?!

Байназар бригадирдің кекесінді сөзіне жауап қатпады.

— Сен өзі... сатқын емеспісің?!

Байназардың шегір көздері бағжаң етіп, шарасынан шығып кетті.

— Не дейсің?

— Осындай жан алып, жан берген қауырт науқанда қалай ұйқың келеді деймін? Не бетіңмен ұйқтайсың? Осыдан тоған көктемге дейін бітпеді бар ғой, бар кінә саған ауады. Көк тиын пайдаң жоқ, сенделіп жүресіңде қоясың! Су маманы деген атың бар, динамит қойып тоң

қопарып беруге қабілетің жетпесе, несіне жүрсің мұнда?

— Ағасы-ау, аянып жүр деймісің.

— Аянбасаң былай... ауданға барып, қажетті анау-мынау іздемейсің бе? Қопарылыс жасау үшін дәрі әкелмейсің бе? Тесіктер дайын болды.

— Мына қақаған суықта үсіп өл дейсің бе? Ең құрыса он екі мүшем де сау емес.

— Олай болса бүгіннен бастап табаныңды жалтырат! Сенсіз де тоғанды бөгей аламыз!

— Ағасы, кішкене тоса тұрайық, ауданнан көмек келіп қалар.

Қадыр күйіп кетті.

— Өй, сен өзі не деген жайбасар жігітсің? Жыламаған балаға емшек бере ме? Рациямен күн сайын сөйлесіп тұр дегенім қайда ауданмен?!

Сол күні бригадирдің қабағынан сұс кетпеді. Жұрттың апшысын қуырып айқайға бергісіз зілді дауыспен ықтырып біткен.

Ұзындығы екі жүз метрден аса бөгетке қыс түсіп тоң қалыңдаған соң, тас қалап, құм төгіп топырақ төсеу қиындап кетті. Бөгет басындағы жұрт жұмысқа кіріскен. Бірі қолмен, бірі зембілмен тас пен құмды тоғанның иығына көтере төгіп жатыр. Бөгет күн сайын биіктей түсті.

Арада жарты ай өткенде ауданнан тас қопаратын дәрі жеткізілді. Осы кезде Байназар жұмысқа шұғыл кірісті.

— Ал, жігітім,— деді оған Қадыр,— былай жеткілікті болатын болсын да, аяйсың ба құрғырды. Тау төңкерілмес...

Байназар мақұлдап басын изеген. Ол бір түрлі абыржулы еді.

Шолақ қолының мұқылы шоршып тулап, күпәйкесінің бос жеңін түрткілей берген.

Арада бір сағаттай уақыт өткенде қопарылыс болды.

Бәрі Қадырдың көз алдында өткен. Жарылыс өткеннен кейін Байназар екеуі сол тұсқа іле жүгіріп барды. Бұлар жар жиігінен төменде бір-біріне әлдене деп айтып тұрғанда жігі ашылған тоң опырылып ләп берді. Қадырға опырылған тоңның ұшығы ғана тиді. Қасында тұрған Байназар жалт бергенде, сүрініп кетті де, киіз үйдің аумағындай тоң алпамсадай жігітті әп-сәттің арасында басып қалды.

Байназардың қазасы алыста тырбанып тоған бөгеп жатқан аз ауылға оңай салмақ болған жоқ. Рациямен ауданға хабарлап, жақындарын шақыртқан. Жастай жетім қалып балалар үйінде тәрбиеленген оның жақындары жоқ екен.

Азаматтың қазасын бөле-жара арқалаған аз ауылдың адамдары Байназарды ақ жауып, арулап жерледі.

Онсыз да өлімнен ауыздары күйіп, майдандағы боздақтарымыз аман оралса екен деп, тілеп жүрген әйелдер жағы үнсіз тығылып жылағандары болмаса, жаман ырымға бастап дауыс шығарған жоқ. Жалғыз Жанғаным ғана азаматтың қазасына қабырғасы сөгіле егілген. Ән салғанда өрленіп, биіктеп кететін ашық дауысымен жоқтау айтқанда жыламаған жан жоқ. «Өлгендер аз ба соғыста, қыршын бір кеттің бауырым! Жігіттің жанпоз нары едің, көтерген жүктің ауырын», - деп сұңқылдаса, енді бір кезекте «Бірін қоймай бір алдың, екісін қоймай екі алдың. Азаматтарым, қорғаным, сиреп бір қалды-ау қатарың!»-деп жылады. Оның мұнша егіліп, саналы қайратпен зар төккенін әркім әр неге жорыған. «Қайтсын-ай, күйеуін ұмыта алмай жүр екен-ау!»-деп мүсіркесе, енді біреулер: «Есті әйел ғой, арыстай азамат өлгенде дауыс шығармау да — қатыгездік, Жанғанымның бұл жыласының еш сөкеттігі жоқ»,— десті.

Жалғыз-ақ Қадыр басқа бір сырдың ұшығына жеткендей болып еді.

Тоғанды бөгеу дәл мерзімінде сәтімен аяқталған. Марттың орта кезінде күн күрт жылынып, қар ағыл-те-

гіл кете бастады. Тоған. суға толып арнасынан асардай шүпілдеп тұрды. Ауыр, бейнеттің қайырлы іспен өтеліп, ғажайып бөгет салынғанына таңырқасқан ауыл адамдарының қуанышында шек болмады.

Облыстан келген мемлекеттік комиссия тоған құрылысын мінсіз деп тапқан. Осындай еңбек зейнетіне жеңіс тойы ұласып, ұлан жаз бір толастаған жоқ. Сол бір қуанышты күндер дәл қазіргідей Қадырдың көз алдында. Той өлеңсіз өтсін бе, ойын-тойдың гүлі — боса-болмаса Қадыр мен Жанғаным. Бұлар кезектесіп ән салғанда дүйім жұрт екеуінің ауыздарына қарап қалатын. Олар қызды-қыздымен айтысып та кететін.

Дегенде тоған бастық, тоған бастық,
Бірігіп тоған бойлап қоғамдастық.
Құзырың бір тайпа елге жүргенімен
Сөз таппай қапелімде қалдың сасып,—

десе Жанғаным, Қадыр қолма-қол жауап қайтара салады:

Дегенде қара қарға, қара қарға
Ұшады қара қарға жардан жарға,
Жастық шақ енді бізге қайта оралмас,
Көз жазып сұңқарыңнан қапы қалма...

Қадырдан жеңіле қоятын Жанғаным ба, манағыдан бетер үдеп кетеді:

Ендеше сыйлы күнім, сыйлы күнім,
Мақан да бір қызықты қиды күнім.
Кісі бар үй артында, байқап сөйле,
Салмасын бір сойқанды Бибігүлің.

Екеуінің айтысы осылайша жалғасып кете барады. Жанғаным бұған тоқтам айтып қанша ой салса да, Қадыр алған бетінен қайтпайды. Бір кездері қолынан қапияда ұшырып алған ақ құсына деген іңкәрлігі оқыс тұтанып, махаббатқа ұласқан. Жанғанымға құлай берілген. Жұрт назарында жүрген азаматпын-ау, қыздай ал-

ған келіншегім бар-ау, балам бар-ау деп каперіне де алмады. Бар есіл-дертін махаббаттың құдіретті аңсау-арманы билеп алған ой, неден болсын тайынар емес еді. Мұның арты неге апарып соғатынын, сүйіп алған жары мен баласының көз жасына қалатынын еш ойламады. Тек бар ықыласы Жанғанымға ауып, соны армансыз құшып сүйсе, ендігі ғұмырында сонымен бірге болса - одан басқаның керегі жоқ бұған.

Ғашықтық дертіне шалдығып, есірік күйге түскен Қадырды алған бетінен қайтару Жанғанымға да оңайға түспеген. Жігіттің өз басына қызыққанымен, оның жүгі ауыр екенін біледі. Сондықтан да ол ұзын арқан, кең тұсауға салып, Қадырды бойына дарытпады.

Алайда құмартқан көңіл дегеніне жетпей қойсын ба, Қадыр бір күні түн ішінде Жанғаным үйінің есігін қақты.

— Апыр-ау, бұл қай басынғаның! — деген іштегі әйел даусы.

— Ашсаңшы!. Саған айтар сөзім бар,— деді Қадыр дегбірін таусып.

Аңсарына жеткенше дәйек таппай, бойын құмарлық жалыны өртеген ол сол жолы Жанғанымды қанша құшып, ыстық құшағына алса да уата алмаған.

Жылдар бойы көкірегінде қордаланып әбден асқынған қайғы шері қапелімде жесір келіншекті безгекше буып ала жөнелген. Сұм соғыстың Тұрардай асыл жарынан айырғанын, деген жиырма бес жасында жесір қалып, жас ғұмырын. жастық құшақтап жұбатқанын, одан ауыр бейнеттің теперішін көріп келе жатқанын айтып көзінен қат-қат жас төкті.

— Мені бір жетісіп жүр деймісің!.. Әшейін... дүйім жұрттың қуанышын көре алмаған көкірегі бітеу демесін деп ән салған боламын да... Қайбір ән дейсің... күйікті сыртқа шығарудың амалы емес пе!.. Сұм тағдырдың менен аяғаны жоқ...

— Қой! Сабыр ет... Жесір қалған жалғыз сен емес қой,— деп жұбатты Қадыр оны.

— Құдай маған Байназарды да көп көрді ғой,— деп өксіді Жанғаным.— Ішімде екі айлық баласы қалды...

Қапелімде қара аспан қақ жарылып кеткендей болып, келіншектің тосын сөзіне есеңгіреп қалған Қадыр:

— Апыр-ау, сен оны сүйеді екенсің-ау?!—деген.

Тағдыр тәлкегіне ұшырап, бағы байланған Жанғанымды өткінші махаббатымен уата алмасына, бақытты ете алмасына көзі жеткен Қадыр қайтқан судай саба-сына тез түскен.

* * *

Шал екі күн үйде жатқанда бүткіл ғұмырын көз алдынан өткергендей болып еді. Адам үнемі ойға түсе бермейді. Ой деген де түпсіз шыңырау құдық сияқты, бір түсіп кетсең оңайлықпен шыға алмайсың. Кәрі адамға, бір есептен, өткенін ойлап қиялдау да көңілге демеу сияқты. Бірақ өткенді еске түсіргенде тоқыраған кәрінің тірлігі оңалып кете ме. Кәрілік деген дауасыз дерт қырандай қырағы көзді, ауыздағы сөзді, бойдағы қуатты алып қоймай, беделінді де қожыратады екен. Беделсіз адам қанша біліп айттым десе де сөзін басқаларға өткізе ала ма. Көкіректе бәрі сайрап тұрады: бірақ амал қанша, сөзіңді ұғып, сені түсінетін бір жан жоқ. Кемпір — ұрысқақ, бала — сырдаң.

Бала демекші, әлгі Ертай биыл да келе алмайтын болды-ау. Япыр-ау, жүрдек ғасырдың адамдары асығып-аптыққанда көшке ере алмай жұртта қалам дей ме екен? Дүние бір қызыл түлкі, қанша қусаң жеткізе ме?

Кезінде Қадыр да сол қызыл түлкінің соңына сұр жебедей түскен еді-ау. Бірақ қартайса да дүниені тәрік қып, жиған-тергенін жұртқа үлестіріп жатқан бұл жоқ. Қайта-дүние шіркін қартайғанда ыстық көріне ме деймін. Рас, адам жас кезінде барды баламай, жоқты санамай асыра шашып, мырза да атанады. Қадырдың астындағы атын досына түсіп берген де кезі болған. Бергеннен бедел

тапса Қадыр табар еді. Бірақ дүние шіркін сатулы екен. Қанша беріп ағайынның көңілінен шықтым-ау десек де, туыстығы құлқынға тәуелді шіркіндер бар болсаң көре алмай, жоқ болсаң бере алмай діңкенді құртады. Көпті көріп көндіккен көне жүрек сосын да салқын тартып тұрады екен.

Ендігі жерде беріп мырза болғанша, бермей қатты болған көп қайырлы дейсің де. жиған-тергенімді өзіме бұйыртсын деп қолыңдағыдан тыртысып айырылмайды екенсің. Қартайғанда дәулет жиып ел алдына шығамын деп жүрген бұл жоқ. Бауыр етің балаң өл-өлгенше пайдам тие берсін деген ұзын есеп те бар. Туған соң өлім хақ. Өлгенде де артың көңірсіп жатпаған соң көмейі кең пенде кабіріңе бір уыс топырақ салғанды да міндетсінеді. «Өлі — тірінің азығы» деп бекер айтылған ба?

Енді, міне, қолдағы бірер малдың шөбіне бола қартайғанда кім көрінгеннен сөз естіп... Осы Бибігүл айтқандай бар малды сатып, Алматыға тартып кетсек пе екен. Енді қартайғанда салығымызды біреуге салғанша, балаға да салмақ боп көрейік те. Оларды құдайдан несіне тіледік.

Шал қиялмен өзі сан барып жүрген Алматыны шарлап кетіп еді. Анда-санда бір барғанда ауылға қайтуға асығатын, енді сол Алматыға біржолата көшсе қайтпеді?..

Шал әрі ойлап, бері ойлап көшудің есебін таппаған. «Апырау, бүткіл саналы ғұмырым осы өңірде өтті. Енді келіп қартайғанда баланың соңынан еріп сонау Алматыға шығып кетеді екенмін, сондағы мақсатым не?».. Онсыз да ауылдан кетіп жатқандар аз ба? Сырттан кемпірі дауыстаған:

— Шал-ау, шықсаңшы далаға! Кісі келді...

Кісісі Олжабай екен. Аңадағыдан кейін жүздесіп тұрғаны осы. Бригадир мұның қолын -немкеттілеу ұстап, салқын амандасты да:

— Әлгі тасты әкелдім, не істеуші едіңіз?— деді.

— Оны біржолата қабірдің басына түсірсе қайтеді,— деді Қадыр Олжабайдың бетіне жалтақтай қарап.

— Мейлі, жүріңіз онда,— Олжабай шалды бастап пішеншілер қосының сыртында тұрған машинасына жүрді.

Олар біразға дейін үнсіз келе жатты. Аанадағы қолайсыздық беттеріне шіркеу болып, екеуінің арасын бөліп тастаған ба.

Қадыр өзін кінәлімін деп ойлады. Бірақ баласындай Олжабайға үлкен басын кішірейтіп кешірім сұрауды орынсыз көрген.

Әкесіндей адамның көңілін қалдырып ұят жасағанын іштей мойындап келе ме, Олжабайдың жүзі бұрынғыдай емес, сынық еді. Бұған тура қарай алмай бүгежектей берген.

Қадыр енді еркінсіп, одан әрнені бір сұрап отырды.

— Мына құлпытасты қоятын адам туысқаныңыз ба еді?— деп сұрады сөз кезегінде Олжабай.

— Туысқаным емес, жолдас еді, марқұмға қарыздар едім... Басына тас қойып, сол қарызымды аз да болса өтесем деген ниет те әншейін...

— Сізден басқа туыс-туғаны жоқ па сонда?

— Туған дейсің, әшейін айтарға ғой... Тірлікте сыйласпаған туыстан не пайда? Туыстың да әуселесін көріп жүрміз-ау. Дүние үшін жүз шайысып, жақындығын ақшаға бұлдаған бауырдан, қысылғанда ат сауырын беретін жан аяспас дос артық...

— Сонда бұл адам төс түйістірген досыңыз болды ғой!

— Жоқ, олай деп айта алмаймын...

Қадыр ойланып қалды. Ол енді рульдегі жігітті көз қиығымен бағып, оған сынай қараған. «Бұл адам менен гөрі саған жақын деп айтып салсам қайтеді? Мінезі тік, о жар неме ер-тоқымын баурына алып тулап жүрсе... Қой, құтырғаннан құтылған, жай жүрейін, біреудің бітеу жарасының аузына тиіп қайтемін».

Қадыр әңгіме арнасын басқаға бұрып, енді:

— Шырағым,— деді өзімсінген ажарда,— мен атымнан айрылып қалдым. Басқа мінгіш те жоқ іздейтін. Осы күні жылқыдан да қасиет кетті ғой. Аялап, сылап-сипап мінбеген соң хайуан да болса жан иесі емес пе. Әлгі қыдырымпаз қойшының аты кім еді, содан алып берген бөлімше басқарушысы. Арқасы жауыр екен. Желқомдап мініп жүргем...

Олжабай үндемеді. Ол машинасын ескі бейіттерге бұрды да:

— Қайда тоқтаймыз?— деді.

— Анау қызыл кірпіш түсірілген тұсқа,— деп нұсқады шал.

— Кірпішті қайдан алғансыз?— деп сұрады Олжабай.

— Әлгі қора салып жатқан құрылысшылар тастап кетіп еді, болса да басына құлпытас қойған соң, бесікше тұрғызғаным жөн емес пе...

Келесі күні шал бейіт басына алагеуімде келді. Ыстық көтерілмей тұрғанда бесікшені жобалап тастамақшы болып жұмысқа қызу кіріскен. Салқын лай ұстағандікі ме, жауырын тұсы шаншып, қолы қақсады. Соғыста зақымданған ескі жарақаты оны осындай ауыр жұмысқа қол тигізгенде, мазалап қояды. Оның үстіне ауылдан аулақта, бейітте, жапа-жалғыз жүрген соң да көңіліне болмашы қорқыныш еніп, бесікшені бітіргенше асықты.

Қиялы сан саққа жүгіріп, әр қилы ойға берілген. «Жетпістен астық, енді жүз жасаймын ба, ажал да жақын-ау осы»,— деп күбірледі ол. Ол кейінгі кездері елім туралы жиі ойлайтын болып жүр. «Тіршілікте қадіріңді білмеген ағайын өлген соң не қылады, әл-қуатымның барында бейіт салдырайын»,— деп қанша тырмысса да

реті келмей-ақ жүр. Бұның бұл шешімін ешкім де қолдаған жоқ. Ең ақыры кемпірі де: «Қой әрі! Жаман ырым бастап... бейіт салғаны несі?!»—деп ыршып түскен. Әрі ойлап, бері ойлап келгенде бейіт салудың есебін таппаған ол: «Осы біз жаңа заманның жаршысы болдық. Одан майданда от кешіп, фашистермен шайқастық. Бейбіт өмірде шаруашылықтың бір жағына айқайшы боп, тоған салдырдық. Ел үшін бір күн тыным көргеміз жоқ. Далаға тастамас. Өлген соң тірілерге де бір міндетімізді арта кетейік те. Артым құр емес қой. Балаларым бар»,— деп түйген.

Қадыр елегізіп жол жаққа қарай берген.

Шал түндегі көрген түсін есіне түсірді. Баяғыдай тоғанға бөгет тұрғызып жатыр екен дейді. Байназарға әкірендеп: «Тоң аудар» деп бұйырады бұл. Ол азар да безер болады: «Қарашы әне, тоңның жігі ашылып тұр, құласа астында қалып қоямын ғой!»— деп жалынады. «Жанының тәттісін қарай көр! Ендеше мені жібер»,— дей Қадыр терең шұңқырға өзі секіріп түседі.

Осы мезетте төбесінен жартастай төнген биік жарлауыт бұған қарай лап береді де: «Өлдім-ау!»—деп жан даусы шыққан бұның қолынан Байназар жұлқып тартып, шұңқырдың жиегіне бір-ақ шығарады. «Сен болмағанда бітіп едім»,— дейді Қадыр гидротехниктің арқасынан қағып.

Сөйтіп жатып оянып кеткен. Содан қайтып көзі ілікпеді де, Қадыр өзіне үйреншікті «арқар соқпаққа» түсіп алып, өткен күндерін оймен шарлады. Әлгіндегі көрген түсі әлдеқашан ұмыт болуға айналған қаралы қазаны есіне салып, Байназардың ажалына себепші болғанына өкінді.

«Сонда мені не қара басты! Дәл қасымда иығына иығым тиіп қатар тұрған оны тастай беріп неге қаштым екен! Қолынан жұлқа жөнелсем, бәлкім, аман қалатын еді ғой»...

Тағы да сол өкініш қинады. Шіркін-ау десеңші, жа-

ны тәтті қорқақтан жарға бұққан жері болса екен! Соғыста бұл не сұмдық көрмеді дейсің. Жаңбырша жауған оқтың астында жүріп те майдандас серіктеріне қол ұшын беріп, талай рет ажалдан арашалап қалған еді ғой...

Сол жолғы қырғын шайқас кеше ғана болғандай әлі күнге көз алдында. Ұрысқа көтерілген бұлардың ротасы күші басым дұшпанға төтеп бере алмай қорғаныс шебіне қайта шегінуге мәжбүр болған-ды.

Окоптарға бекініп шеп құрған жауынгерлер дұшпанға оқ боратты. Атыс ұяларына жан кіріп, пулемет оқтары неміс жаяу әскерлерін кейін серпіп тастады да, аздап толас болды.

Қадыр рота шебінің оң қапталындағы шеткі окопка бекінген еді. Қапырық ыстық тынысын тарылтып, шөл қысқан соң құтыдағы сумен аздап таңдайын жібітті де, осы жаңа қоян-қолтық ұрыс болған алдыңғы жаққа көз жіберді. Кенет Қадыр осылай қарай сүйретіле жылжып келе жатқан жаралы жауынгерді көрді. Екі қолымен жер тіреп алға тырмысқан жауынгердің бұл қалпында бекініс шебіне жуық маңда жете алатын түрі жоқ еді.

Немістер қарсы шабуылға шықпағанымен атысты тоқтатпады. Оқтын-оқтын оқ нөсерін төгіп-төгіп жібереді де, тына қалады. Артынша қыбырлағанды құтқармайтын мергендерге кезек тиеді.

Қадыр жаралы жауынгерден көз айырмай, әр қозғалысын қалт жібермей бақты да жатты. Біреуге ұқсата-тын сияқты, бірақ есіне түспей қойды. Кім де болса қол ұшын бергісі-ақ келген.

Жандәрмен алға жылжыған жаралы солдатты Қадыр бері қарай таянғанда барып таныды да, өз-өзінен қатты дауыстап:

— Есентай!.. Әнші жігіт қой анау!— деді.

Жүріс-тұрысы мен сөйлеген сөзі шапшаң, киіктің асығындай қағылез Есентай қол басындай ғана домбырасын үнемі өзімен бірге ала жүретін. Домбырасын безілдете

тартып, желдірме өлеңге басып жібергенде жауынгер серіктері:

— Ой, жарайсың, Есентайым!—деп, оған ризашылықтарын білдіретін. Осындайлық әншілік өнерімен, жұғымды мінезімен жауынгерлердің сүйіктісіне айналған Есентай әсіресе Қадырға үйір еді. Қоян-қолтық ұрысқа кіргенде болмаса екеуі бір-бірінен көз жазбайтын. Окопты да қатар қазып, тамақты да бір ыдыстан ішуді әдетке айналдырған еді.

Қадыр енді көп ойланып жатпады.

Шұғыл шешімге келді де, жаралы жауынгерге қарай оққа қарсы еңбектей жөнелген. Ұрыс даласында қансырап қалған жолдасын құтқарсам деген құлшынысы оны қапелімде көзсіз ерлікке итермелеген еді. Сол жолы Қадырға да оқ тиді. Оның есесіне қанды көйлек серігі Есентайды жау оғынан аман алып қалып еді.

Неміс мергені бір оқпен мерт етсе не болғаны?! Жаралы жолдасы үшін басын қатерге тігіп өлемін-ау деп ойламағаны ғой мүлде. Сондай көзсіз ерлік жасап, жаңбырша жауып тұрған оқтың астынан жолдасын алып шыққанда, опырылып құлап келе жатқан тоңды көре тұра қасында тұрған Байназарды ұмытып жалт беріп бас амалдағаны қалай? Майдан даласында оқ пен оттың арасында жүріп жасаған ерлікті қайталауы керек еді ғой сонда... Онда, бәлкім, Байназар тірі қалар ма еді, әлде қайтер еді?!

«Ол марқұмды жек көрдім ғой сонда мен... Бітуге тақалған тоғанның абыройын сол иемденіп кететіндей іш тарлық жасадым. Бітер істі Байназардан қызғандым... Жанғанымды да қызғандым одан»,— деп ойлады.

Шалға бесікше қалау қиын жұмыс емес еді. Құлпытас орнатуға келгенде ептеп қиналды. Ортасына ақ мәрмәр салып, қомақты етіп құйылған құлпытасты жалғыз өзі зорға көтерген.

Күн ысып барады. Торсыққа құйып алып шыққан қымыздан ішіп шөл басқан. Кенет оң қапталдағы айдау

жолдан көтерілген шаңды көрді. Бригадирдің машинасы екен.

«Бұрылып соғатын шығар» деді іштей.

Кейінгі кездері Олжабай бұрынғы мінезінен тыйылған тәрізді. Қарттың жоғалып кеткен атын тауып әкеп берді. Қажетті сайман мен су құятын бәкті бейіт басына жеткізіп берген де сол.

Мінезі кіді, дөкір жігіттің аяқ астынан сынып, жуаси қалуының себебін Қадыр оның естілігіне сайған. «Есі бар жігіт есірік болмаса керек» деп, іштей оған риза боп жүр.

Олжабай машинасын бері бұрды. Қабинадан түскен соң:

— Бақуатсыз ба, ақсақал? Бір міндеттен құтылған екенсіз, бітіріпсіз ғой,— деді.

Бригадирдің жылы сөзі шалдың көңіліңе қонып қалды. Ол енді риза пішінде Олжабайға іш тарта сүйсіне қарап еді. Шалдың қырағы кәрі көзі жігіт жүзіндегі болмашы мұң табын аңдады. Үнемі жүзін суыққа салып сұстанып жүретін Олжабайдың ақ сұр өңінде болымсыз уайымның табы бардай екен. Мұңсыздық адамды топастандырып, әрі ойсыз етіп жіберетінін білетін ол, дәмелі атын бәйгеге қосқан атбегідей Олжабайдың тосын өзгерісінен жақсы нышан таныды.

Шал қателеспеген. Расында да, осы кейінгі кездері бригадир жігіт өзгеше ой шырмауында жүр. Жетпістегі шалды жеті атасынан бері жауласып келе жатқан қас жауындай көріп, оның жағасына жармасуы жігіт басына лайық емес еді. Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды, жұрт бірдеңені сезіп, біліп айтады ғой. Некесіз әкеден тусам да, әкенің аты — әке. Ақыры солай болса бұл сөздің анығына жетіп тынайын деген шешімге келген. Оның шұғыл өзгеруінің себебі осы еді.

Жүзі жұмсақ көрінгенімен сырға берік ұстамды шалдың бұған шындықты айтып салмасын біліп, ол Қадырды алыстан орағытқан. Сол себепті де күрт жуасып

бұрынғы мінезінен сап тыйылған. Ол шал көңілін аулаған боп құлпытастағы жазуға үңілді. Ақ мәрмәрға айқын етіп жазылған: «Біләлұлы Байназар жиырма жеті жасында 1945 жылы опат болды. Руы — Шеркес. Тас қойған ағасы Қадыр» деген сөздерді дауыстап оқып шықты да:

— Өте жақсы жазған екен,— деді.

Қадыр ауыр күрсініп, қатулана сөйлеп кетті.

— Тірілердің өлгендерге тигізетін шапағаты осы да... Қайдам, балалардың не істейтінін? Әлі күнге солар деп жүрміз ғой. Өлгенде басымызға жөндеп белгі қойса жарады да.

— Неге қоймасын,— деді Олжабай, бір түрлі жасып,— әттең, өзіміздің әкеміз жоқ...

Ырқынан тыс аузынан шығып кеткен сөзге жауап бола ма дегендей Қадырға қарап еді, шалдың көзімен жер шұқып тұқырая қалған кейпінен сезік аңдады да:

— Ақсақал, неге үндемейсіз,— деді.

— Жай...— деді ол, өзіне бір тықырдың таянғанын сезе қойып.

— Сіз айтасыз, мен айттырам,— деді Олжабай қатуланып.

Ол бұл қалпында Қадырды сөйлемес еркіне қоятын түрі жоқ еді.

— Нені?!— деді Қадыр.

— Білмей отырғандай!.. Осы менің әкем кім?

Шал қапелімде не айтарын білмей қалды. Екеуі көпке дейін үндеспеді. Еңсені қара түндей басқан ауыр үнсіздік еді.

Қадыр мына жігіттің тосын сауалына өтірік жауап берудің есебін таппаған. Өтірік айтқан күнде де Олжабайдың бұлтартпасын сезіп отыр. «Суға кеткен тал қармайды» дегендей жалтарып көрген.

— Әкең кім болушы еді. Қоржық емес пе?

— Жоқ, ол өгей әкем! Мен дейтін болсаңыз туған әкемнің кім екенін, Отанын сатқан опасыз болса да ай-

тыңызшы! Сіз бәрін білесіз, сіздің білетініңізге баяғыда көзім жеткен.

— Ойпырмай, қинадың-ау!

— Қиналатын түк те жоқ.

— Өкпелеп қаласың ғой.

— Өкпелемек тұрмақ өліп кетсем де әкемнің кім екенін айтып беріңізші, жәкетай!—деді Олжабай жалынышты үнде.

— Шешең... марқұм Жанғанымның аруағын күңірендетін болдық қой.

— Өлгендер естімейді.

— Жүрегіңе жара саламын-ау!

— Онсыз да оңып жүрген жүрек жоқ.

Шал алыстан орағытып, тұспалдап сөйледі.

Екі заманның куәсі болғанын, одан майданда от кешкен күндерін айтып өткен. Мына ескі тоғанды салдырып, осы маңайдағы ауылдарды ақ бидайға қарық қылғанын сыр қып шертті.

— Шырағым,— деді ол сөз арасында,— сен өз мекеңінде отырсың. Қешегі біздер, әкең тер төккен тоғанның иесі — сен. Шаңырағын сыйламаған ұлдан не қайыр?! Жанымызды қинап оқытып жеткізіп едік, ұл кетті жайына, қыз кетті байына... Лайым, қара шаңырақтан құт, қара орманнан береке, қара тоғаннан су кетпесін де. Кіндік қаның тамған туған ауылыңның әр түп көдесі мен ербиген әр тасына ендігі жерде қамқоршы сендерсіңдер. Айтпас еркіме қоймадың... Кәрі қойдың жасындай ғұмырым қалғанда ұрпақ алдында шындықты жасырып, қара бет болар жайым жоқ. Сенің туған әкең — Байназар,— деп тоқтаған.

Олжабай малдас құрған бойда қос жұдырығымен маңдайын сүйеген қалпы үнсіз отырып қалып еді.

Кекіредей ащы шындық бәйтеректей тұлғалы азаматты бұрынғыдан бетер тұралатып, тамыры қырқылған ағаштай күйге түсірген. Өзіне беймәлім жұмбақ сыр үш

ұйқтаса түсіне кірмейтін тосын жай боларын, мұнын, жан дүниесін ойрандап кетерін қайдан білсін.

Өмірде әр адамның тағдырына байланысты шындық осылай бет пердесін аша берсе, онда онсыз да уайымшыл пенденің мұңы ауырламаса жеңілдемейтінін Олжабай кеш ұғып еді. Енді шегінер жер жоқ, айтылған сөз — атылған оқ.

Бір әбүйірі сол — мына дәл қасында отырған өңкиген ақ сұр шалдың бұған түк жазығы жоқ, мұның алдында шал байғұс-судан таза, сүттен ақ екен.

Қадыр қаралы қазаны тосыннан естігендей есеңгіреп қалған Олжабайдың қаны қашқан сұп-сұр жүзіне көз қиығын тастады да:

«Ай, ақымақ басым-ай, бекер-ақ айттым-ау!»— деді іштей.

Күн тиген қымыздай өзегін ашытқан өкініш уыты жайын кетірген Қадыр құлпытастағы жазуға назар тоқтатып: «Бір міндеттен құтылдым-ау, әйтеуір»,— деп өзін алдаусыратқан болған. Бірақ біткен іске көңілі көншіп, арқасын кеңге салудың орнына құлағына әлдеқайдан азалы сарын жеткендей, құлазыған шалды өмірден түңілгендей торығу сезімі билеп кетіп еді.

Екі иығынан зіл басқан тәрізді денесі ауыр тартып, әлдебір суық қол жүрегін мытып-мытып жібергендей жайы кетіп, басы айналды.

— Тартшы қолымнан,— деді ол Олжабайға қарай еңсеріле беріп,— кетейік енді... кетейік...

Қадыр еңкіш тартқан ұзын бойын шаққа билеп, машинаға қарай жүре түсті де, кілт тоқтап, тоған жаққа күн сала қарады. Қарады да, құтты бір шалық-шалғандай:

— Қордің бе әне! Қордің бе, Олжабай?!— деді өзеурей сөйлеп,— Қаратоғанды айналып аққулар ұшып жүрау деймін. Біраздан бері көрінбей кетіп еді...

Шал көзіне аққу сияқтанып шалынған ақ шүйке бұлттардың үзігі еді.

Қалампыр самбырлаған дауыстан оянып кетті. Күн сәулесі бөлмеге шуағын төккен. Бойға сіңген науқастың. Шөлдеген екен. Таңдайы кеберсіп, құрғақсыған ер-
нін тілімен жалады.

Дәті берік шыдамдылығынан ба, келіні мен баласын
көп мазалай бермейді. Ауруханаға да жатқан. Ішпеген
дәрісі жоқ. Бірақ бойға сіңіп алған дерт күн санап ас-
қына түспесе, бәсеңситін түрі жоқ.

Ол бойын меңдеген науқасқа әбден көндігіп алғандай
еді.

Аздап ес жиғанда ептеп ойланды. Сонда ол жетпіс
жасаған ғұмырының көбісін дүние жиямын деп табаны-
нан таусылып танаурап жүгірумен өткізгенін, бір дүние-
ні қайтсем екеу етем деп күндіз күлкі, түнде ұйқыдан
айрылғанын есіне алар еді.

Енді міне өмір бойы тірнектеп жиған дүниеден безі-
ніп, шыбын жанына сая таппай қиналады. Қиналып жа-
тып өзін сиқырлап аңсарын билеген боқ дүниеден ау-

лақтап, еңсесін езіп жаншыған ауыр жүктен аз күн бол-
са да ада-күде құтылғандай, алдамшы жеңілдікті сезін-
гендей болады.

Бірақ бұл сезімі ұзаққа бармайды. Дүниеден күдер
үзіп қанша ойламайын десе де, келіні мен баласының
күнделікті күйбең тіршілігіне өзінше араласып, ақылын

айтып жатады. Ол шіркіндер бұның айтқан ақылын ала
қойса жақсы-ау! «Нең бар бізде. Тыныш қана жатсаң-
шы»,— деуден тайынар ма?

Қалампыр баласы мен келінінің сөзіне еріксіз құлақ
тосты.

— Өлгелі жатқан шешең анау. Екеуміз бірдей жел-

пілдеп пайда қуып жүргенде, олай-бұлай боп кетсе қайтпексің?

«Әй, Рахман-ай, нысапсыз боп барасың-ау»,— деп, сырқат ана торыға күбірледі.

Ақтаста жұртқа белгілі ішкіш Рахмаң, арызқой Рахман дегендер бар. Қалампырдың баласы жылпың Рахман деп аталады.

Рахман алғашқы жылдары автодүкенге сатушы болған. Кейінгі кездері аудандық тұтынушылар одағында қойманың кілтін ұстады. Соңғы үш-төрт жылда аудан орталығындағы гастрonomның меңгерушілігін атқарып жүр. Келіншегі Мейіз де өзімен бірге істейді.

— Ақылгөйсімей жөнге көш,— деді Рахман зілдене дауыстап. Мұндай көп шай қолға түсе бермейді. Осы шай сатылып болмайынша, есінде болсын, саған маза жоқ. Өтпейтін зат емес. Тездет!

Мейіз тағы да бірдеңе деп қарсылық білдіріп еді, Рахман оған қатты зекіді:

— Былшылдама дедім ғой саған!

— Сенің жұмыстан қолың тимейді. Мен үйде жоқта әлгі Ахат келсе...

— Ахат келсе, үй орнында!—деп, Рахман дүңк ете қалды.

Ахат Қалампырдың апасынан туады. Қалада тұратын. Кейінгі он бес жылдың бедерінде ауылға ат ізін салмай, жат-бауыр болып кеткен-ді. Сырқат ана сол жиенін «апамның жұрағаты ғой, көзімнің тірісінде бір көрейін» деп, Мейізге өз атынан арнайы хат жазғызып шақыртқан еді.

«Мен болсам бір дем әрі, бір дем берідемін. Апырай, осылардың жортуылы бітпей-ақ қойды-ау»,— деп, келіні мен баласын жазғырды.

Оның бұл реніші орынды еді. Өйткені Рахмандар-көптен саудагерлікпен айналысатын. Қалампыр күрсінді. Қапелімде кеудесі қысылып, тынысы тарылды да, шеке-сінен суық тер шықты. Ол біразға дейін өз-өзіне келе

алмады. Жүрегі түйіртпектеніп ырғағынан жаңыла берген.

Бөлмеге бас сұққан келінін ымдап қасына шақырды да:

— Шөлдедім,— деді.

Мейіз жылдамдатып шай жасады.

Қалампырдың бұған қояр кінәсі жоқ. Түн баласында аузына дамыл-дамыл сусын тосып, қасында болады. Қысылса дәрігер шақыртатын да осы. Басына жастық қойып, аузына сусын тосатын да осы. Үйдегі бар жұмыс болсын-болмасын Мейіздің мойнында.

Келіні екі-ақ құрсақ көтерген. Үлкені ер бала, кооператив институтында оқиды. Он жасар Ғазиза қолдарында.

— Апа, мен бүгін үйде болмаймын. Сіздің қасыңызда Ғазиза қалады,— деді Мейіз.

— Тағы да сол әлгі жүгіріс пе?— Сырқат ана ауыр қиналыспен күңірене тіл қатты.— Осы үйде аққудың сүтінен басқаның бәрі де бар. Енді не жетпейді сендерге!?

— Менде не жазық бар, апа-ау? Ақылыңызды ана балаңызға айтыңыз,— деп, Мейіз ақталған болды.

Қалампыр балаша кемсеңдеді.

— Жаратқан тәңір-ау, өлер шағымда осылардың жаманшылығын көрсете көрмеші маған!

Тұла бойы тұңғышы Рахманы мал тапқыш пысық жігіт атанып, ел аузына іліге бастағанда байғұс анада ес қалмаған. Тіл мен көзден сақтай көр деп баласының табысқой болғанына ішінен шүкіршілік етіп құдайға тәубе қылатын. Баласы үйге бұрау ұстай келсе де, сол әкелгенін көрші-қолаңға айтып мақтануға бейім тұратын. Келе-келе Рахман көлденең олжаға құныға түсті. «Апа, мына бір азын-аулақ шайды базарға шығарып сата салшы. Өне бір кілемді қажетсінген біреуге өткізіңізші»,— деп қиылған соң Рахманның көңілін қимай базарға шығатын да, пұлын тым тұздықтатып қымбатқа

сатуға жүрегі дауаламай қуыстанып, аларманның алдында абдырап қалатын.

«Қарағым, енді жер ортасы көк төбедең асқанда желбеңдеп саудагер болу маған жараспайды,— деген ол Рахманға. От басында балаларыңды уатып, сендер тапқан табысқа қорықшы болып отырсам да жетер».

Шешесі бір айтса айтқанынан қайтпайтынын білетін Рахман анасын қайтып мазаламаған. Енді ол алыпсатарлыққа келіншегін икемдеді.

«Босада мен сауда орнында істеп жүрмін. Қолға түспейтін пұлды затты артықтау бағаға сатқанда тұрған не бар? Қайта былайғы жұрт іздеген нәрсесін тауып бергенің үшін саған алғыс айтпай ма,— деп үгіттеген Мейізді.

Мейіз күйеуінің бұл үгітіне бірден илікпеген. Қадалған жерінен қан алмай қоймайтын бір бет Рахман келіншегінің қыр соңынан қалмады.

Дүние жиып, мал табуға барынша құныға түскен Рахманның бет алысын байқаған Қалампыр баласына тоқтам салуға тырысып:

— Ел өлетін аштық жоқ. Бұдан да жаманымызда тойға барғанбыз, қарағым. Мен дейтін болсаң дүниеге тым етпеттей берме. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан безіп қатын-баланың тынышын алып тым мазасыз боп барасың,— деген.

Ана мен бала көп жауаптасып, көп ырғасқан.

— Бұл бетіңнен қайтпасаң, сенің қолыңда бір күн де тұрмаймын. Жан дегенде жалғыз туысың Ахаттың астынан машинасын аударып мініп, тіріде масқара жасағаның анау. Қой дегесін кой! Әкеңді дүние өлтірген жоқ. Қайт, райдан!—деп, Қалампыр Рахманға салмақ салған.

— Табыс тапқаным үшін кінәласаңыз өзіңіз біліңіз. Мен ешкімнің де ештемесін алдап алмаймын, тартып алмаймын,— деген Рахман алдан ақталғанысып.

Қалампыр баласына сөзін еткізе алмасын біліп іш-

тен тынған. Алғанға болмаса, біреуге беруге жоқ Рахманның көзін дүниеқоңыздықтың арам шелі басып кеткеніне көзі жеткен Қалампыр онымен соңғы жауаптасудан кейін басқа ауданда тұратын қызы Айсұлуға тартып кеткен.

Қызы мен күйеу баласы «Неге келдіңіз?»—деп сұрамады. Рахманға деген өкпе араздығын тіс жарып бұл да оларға айпаған.

Арада екі-үш жыл өткенде өз шаңырағына қайтып оралған. Ондағысы — жалғыз шешесін шыдатпай қуып жіберді дегізіп, келінім мен баламды өсекке қалдырмайын дегені еді. Әрі науқасының бет алысынан қорыққан.

Өлімге қанша бой ұсынғанымен жаны құрғыр тәтті емес пе. Бір күн де болса жарық дүниеге не жетсін. Біреудің ажалы оттан, біреудің ажалы судан, Рахманның әкесі соғыста мерт болды. Ал өзі болса, міне, жетпістен асқан шағында ақ өліммен көз жұмғалы жатыр.

Деген жиырма мен отыздың арасында екі баламен жесір қалып жар қызығын да көре алмадым-ау, үстіме бір бүтін көйлек кимей аш-жалаңаш жүріп, бейнетке белшемнен батып, колхоздың жұмысын істедім-ау деп еш өкінбес еді.

Өкінбейтіні — маңдайына жазылған бейнет пен сордың кермек дәмін тата жүріп, ар намысын аяқ асты етпейтін, қыздырманың қызыл тіліне азбапты.

...Соғыстың басталғанына екі жыл болған. Бұл — сиыр фермасында сауыншы. Майдандағы күйеуінен хат келмей, қос үрей боп күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылып, қабағы ашылмай жүрген.

Бір жаман түс көріп жатып оянып кеткен. Ол таңғы сауынға асығып, шаршысын жүре байлап, сиыр сауылатын қоршауға қарай асыға адымдаған.

Көрші ауылға таяна бергенде, сүзеген бұқаны көзі шалып қалды. Алакөз адам сүзетін болғандықтан бақташылар шынжырмен байлап ұстайтын.

Сол сүзеген бұқа байлаудан босанып кетіп ақ таңнан бүлік шығарған. Өзі де үлкен, сойқан іздеп шатынаған ала көздері қанталап тұратын.

Сауыншылар шу ете қалған. Алакөз есепші балаға тап берді. Ол бәкерді айнала қашты. Адам сүзіп әккіленген бұқа жолындағының олайғысын олай, бұлайғысын былай жайпап құлатып, есепші баланың адымын жаздырмай, албастыдай төніп бір-ақ бүктеді.

Сөйткенше болған жоқ, бір әйел бұқаға төніп барды да, қолындағы шелегімен бұқаны басқа-көзге ұрғылай бастады. Әлгі әйел — Ахаттың шешесі Қарлығаш еді.

Ұрса өршеленіп кететін бұқа енді есепші баланы тастай беріп, Қарлығашқа ұмтылды.

Қалампыр да кеп жеткен. Қолына түскен қысқа сапты айырмен бұқаны ұрғыштап еді, көзіне қан толып елірген дүлей Қарлығашты екі мүйізінің арасына жапсырып умаждай берді. Тамам әйел шелекпен ұрғыштап жатса да, шыбын шаққан құрлы көретін емес. Шарасы таусылған Қалампыр жан ұшырып жүріп бұқаның өкпе тұсына айырды қадап кеп алған. Бұқа өкіріп жіберді де, Қарлығашты тастай беріп, тұра жөнелді.

Содан кеудесінде шықпаған жаны жатқан Қарлығашты ферма меңгерушісі ауданға арбамен шұғыл жеткізген.

Қалампырға екі үйлі жанды асырау оңайға түспеген. Сауыннан соң сәл қолы босаса диірмен тартып, нан пісіреді. Үнемі орта құрсақ күйде тоя тамақ ішпеген соң бала деген жылауық келеді екен. Қомағай, ашқарақ Рахманның өзі-ақ сәл қарны ашса болды қараша үйді басына көтеріп, бажылдап, жылайды да отырады. Іші тар қызғаншақ бала Ахат пен қарындасының ішкен-жегенін көре алмай, шешесіне:— Ахатты неге жақсы көресің?— деп бұртияды.

— Құлыным-ау, бұлар сенің бөтенің бе, туысқан емессіңдер ме?— дейді Қалампыр.

— Өз үйлеріне неге кетпейді?— деді Рахман.

— Шешесі жоқ қой, ауданда ауруханада жатыр.

— Иә, саған! Алысқа, облысқа әкетті дегенің қайда?

— Тек! Олай деме!— дейді Қалампыр Рахманды бауырына тартып. Алысқа кеткен жоқ. Таяуда келеді әпкем. Сендерге көп базарлық әкеледі. Әпкем келгенше бір-біріңді жылатпай тату жүріңдер, айналайын!

Рахман шешесіне бұртиып:

— Тұмарға кәмпит бердің ғой?— дейді.

— Қашан?—деп жалтарады Қалампыр.

— Ол маған мақтанып көрсетті ғой.

— Кәмпит емес, құрт шығар?

—Иә, саған! Кәмпиттің дәл өзі...

— Ай, ақымақ балам-ай!—дейді Қалампыр күрсініп.— Сендерді асыраймын деп, мен не көріп, не естімей жүр дейсің...

Қалампырдың мазасын алып жүрген адамның кім екенін балалар біле қоймайды, әрине. Ол ауданнан осы ауылға жиі келетін участковой Шоқпан еді.

Қалампыр балаларға талқан үлестіріп отырған. «Кімді айтса сол келеді» деген. Бетінің қорасан дағы бар, қызыл күрең жүзді, тоқаш мұрын Шоқпан кіріп келген.

Қалампыр төрге құрақ көрпе жайып, қонаққа жастық тастады. Қос жастыққа шынтақтай жатқан участковой маңғазданып, еріне тіл қатты:

— Шаршап келдім, жылдамдатып шай қойып жіберші... Сенің қолыңнаң да дәм татпағалы көп болды... Қолхоз сүт жоспарын орындай алмай жатқанда, фермадағы кейбір сұғанақ қатындар сүт ұрлайтын көрінеді..., Үй-үйді жағалап жүр едім. Әлгі шұбар қатынның аты кім еді?

— Томпақай ма?

—Иә. Сол қатынның үйінен екі тегене сүт таптым. «Жалғыз мені көресіңдер ме?»— деп шап-шап етеді. Сені де айтты піремер ғып...

Жымысқы ұры көздері салқын тартып, шарасынан шығардай шатынай қалды да:

— Мына боқмұрындар кім? Өз балаларың ба?— деді бұған әуестікпен таңырқай қараған Рахман мен Ахатқа түксіе суық қарап.

— Әне бір сарысы Қарлығаш апайдың тентегі. Мына тұрған бұзық — осы үйдің азаматы Рахман деген...

Шоқпанның ұры көздерінің ызбарынан ығысқан балалар сыртқа шығып кеткен.

— Әуе ашық, күн жылыда колхоздың асыл бұқасын арам өлтіріп... Соған тексеріспен келіп едім. Запперме де, сауыншылар да жаласы сенен болды дейді. Енді ол қисынсыз ғой. Сені ұстап беріп, мені бір ақымақ деймісің,— деп, Шоқпан бала күнінде үсіктен саусақтары саудырап түсіп қалған шолақ қолымен Қалампырдың арқасынан қағып-қағып қойды.

Қолапайсыз тоқаш мұрны жыбырлай түсіп:

Пой-пой-ой! Баяғы ұзын шашың әлі сиремепті-ау,—деп, келіншектің арқасына қолын апара беріп еді. Қалампыр қағып жіберді..

— Оңай жерден май шелпекті тапқан екенсің! Шайыңды іш те, жөніңе кет. Арыстай қатынның ауруханада өлгелі жатқаны анау, бұқаң не айтып отырған!?

— Қысқарт-ей тіліңді, жаман қатын!— деді Шоқпан едіреңдеп.— Қойшыны құдай ұрарда шопанға таяғы тие-ер деп, сені бір түлен түртіп жүр екен...

Арада он шақты күн өткенде екі үйлі жан емшегіне қарап отырған қара ала сиыр ауырып арам өлді. Көршілерден алған шайлық сүт кімнің аузына жұғын болады. Қалампырдың баптап ұйытқан қатығын тоя ішіп жаман үйренген балалар қара көжеге қамалып қалды да, қыңқылдап жылауды шығарды.

Дүниені жалмап жұтардай боп ұшынып тұрған алапат соғыс та басылар емес. Ахаттың шешесі Қарлығаш облыс орталығындағы ауруханада ұзақ жатқан. Шоқпан да Қалампырдың қыр соңынан қалмай қойған. Қолхоз малын қастандықпен өлтірді деп, келген сайын бұны тергеуге алады.

Шоқпан ауылда болған күні Қалампырдың ішкені — ірің, жегені — желім. Ферма бастықтың рұқсатымен алып тұратын көк сүттің өзіне қолы жете алмай қалады.

Бір айналдырса, шыр айналдырадының кері болып, көп кешікпей күйеуінен «қара қағаз» келді. Қалампыр қайғының қара түнегіне қамалды. Жығылғанға жұдырық боп апасы қайтпас сапарға бет түзеді де, Қалампырға екі үйлі жанды асырау оңайға түспеген.

Үстіне бір бүтін көйлек кимей, осылар ішсінші, осылар кисінші деп көрер қызығынан да бой тартып, ғұмырының біразын жесірлікпен өткізген жоқ па ! Бар тәтті дәмдіні Рахманның аузына тосып, қолына түскен тәуір кездемені соның иығына жапсыратын. Сөйткен Рахманы өз қолы өз аузына жеткен соң бұның айтқанын тыңдады ма?

Жасауды Қалампыр да жиған, аз да болса қызығын көрген. Бірақ тап мына Рахман сияқты дүниенің соңына шам алып түспегені елге де, өзіне де аян.

Баласына бұл иман әпермедің демейді. Ендігі қалған аз ғұмырында шешесінің де ақылымен санасса қайтетін еді...

Енді, міне өзегін жарып шыққан Рахманының үйінде жатып өз шаңырағын жатырқайды.

«Әлгі Ахат неге кешікті. Телегірамасы кеше жеткен болса, енді неге келмейді?!»

Орнынан тәлтіректей түрегеліп, терезенің алдына барып тұрды. Сыртқа телміре ұзақ қараған.

2

Шатырлы үй биік дуалмен қоршалған екен. Көк сырлы қақпаның сыртында тұрыңқырап қалтан Ахат дыбыстап еді, іштен қос овчарка өршелене арсылдады.

Үйден ешкім шыға қоймады. Ахат енді қақпаны қатты-қатты қақты.

Әлден уақытта барып:

— Оу, бұл кім-ей!?— деген еркек дауысы естіледі.

— Мен, мен ғой...

— Менін. кім?— деді әлгі адам қақпаны бірден ашпай, дуал саңылауынан сығалап.

— Ахатпын...

Еңгезердей етжеңді еркек қақпаны жайлап ашты да, майлы бетіне үйлеспей тұрған шытынаған ала көздерімен бағжия қарап:

— Қош келіпсіз!— деді жасанды дауысқа салып.

— Келгеннің қадірін білсең келдік қой,—деді Ахат сабырмен,— Нағашы апам қалай, тәуір ме?

— Нағашы апаңызды жөнелткенбіз,— деді Рахман.

— Қой!?— деді Ахат тіксініп.

— Қой түгілі ешкі де жоқ. Шешем жылдан аса төсек тартып жатқанда бір келуге жарамадың-ау.

Ахат Рахманның өтірік айтып тұрғанын ұқты да, қайтып үндемеді.

«Біреуге кінә артып сынап-мінеп сөйлейтін қашанғы әдеті еді Рахманның. Сол әдетін тастамапты-ау» деп ойлаған Ахат нағашы апасын көргенше асықты.

Ол Қалампырды осыдан бір жыл бұрын көрген еді. Онда қызының қолында болатын. Ептеп сырқаттанып жүрмін деген соң өзімен бірге ала кетіп, қаладағы білікті дәрігерлерге көрсетіп, дәрі алып берген. «Осында біздің қолымызда болыңыз, сізді біз ауырламаймыз»,— деп жік-жаппар болған.

«Жетпіске келдік, енді жүз жасар деймісің. Сендердің алдарыңда кетсем арманым жоқ. Енді өлер шағымда «ұлы тұрғанда бөтен босағадан шығыпты» дегізбей өз шаңырағыма тұрақтасам деймін»,—деп Ахатқа ақыл салған.

Сонда Ахат: «Бір есептен мұныңыз да жөн. Өгей емес өз балаңыз»,— деп нағашы апасының шешімін құптаған. «Халімді біліп кетіп тұр. Сырқатымның сабағы салмақты»,— деген Қалампыр шеше.

— О не дегеніңіз. Міндетті түрде.

Бірақ бұл келіп тұрамын деген уәдесінде тұра алмады. Оған себеп - Рахманмен араларында болған өкпе-араздығы еді.

Біраз жыл өтіп кеткенімен, Ахат сол ренішті әлі күнге ұмыта алмай жүр. Рахманды есіне алса-ақ болды, сүйегі сырқырап қоя береді. Бұлардың қарасын көрмеймін деп он төрт жыл бойында туған аулына да ат ізін салмаған-ды.

Нағашы апаң хал үстінде деген хат қолына тиген соң, дәті шыдамай, жұмыс орнынан үш-төрт күнге рұқсат алып, келген беті осы.

Не болыпты, құлын-тайдай тебісіп бірге өскен едік қой. Рахман да қателігін мойындар. Ол иліксе, менің шалқайғаным орынсыз деп, өзін мәмілеге шақырғандай болып, осы жолы бөлесімен тіл табысуға пейілденіп-ақ келген еді. Бірақ ол ойынан сәтте айныды.

Биік дуалмен қоршалған еңселі үйдің табалдырығынан аттамай, Ахатты қапелімде жатырқау сезімі билеген.

Мол денесін еркін меңгере алмай, су құйған местей шайқалақтаған Рахман да, бір кездері өзіне пана болған нағашы апасының үйі де Ахатқа бір түрлі бөтен сияқтанды.

Алдынан шыққан ақ құба келіншекті көргенде, ол қуанып кетті.

Келіншек бұған қолын ұсынды да, тез тартып ала қойды. Ахат оның саусақтарының ұшын ғана ұстап үлгерді. «Расымен-ақ, осы тұрған Мейіз-бе?» деген таңданыспен келіншекке таңырқай қараған Ахат өз көзіне сене алмады.

Бір кездегі етжеңді, толықша келген ақ құба сұлу келіншек өңі оңған шүберектей бозарып жүдеп кетіпті. Нұрлы қара көздерінің оты бәсеңсіп, сұлу кескініне жарасып тұратын тақаппарлықтың нышаны бұл тұрғанда өңінен байқалмайды.

Ахаттың сыншыл назары енді Рахманға тоқтады. «От

басына тынышсыздау еді, сірә бұл сабаз мінезге мінез жамап алған-ау».

Ерлі-зайыпты екеуінің ықыластарына көңілі көншімей бөтен үйге келгендей-ақ бұларды жатырқаған сезімде қоңылтақсыған Ахат енді нағашы апасын іздеді.

Қалампыр ояу жатқан. «Келдің бе, құлыншағым!» деуі-ақ мұң екен, қасаңсып кеткен көкірегін өксік қысып, Ахаттың екі иығы селкілдеп қоя берді. Сырқат ананың көкірегіне бетін басып, балаша шағынып, қоймай жылады.

Мауқын басқан соң сыртқа қайта шықты да, суық сумен жуынды.

Осылардың қызылды-жасылды дүниесіне сұқтанбай-ақ қояйын деп, өзін қанша тежегенімен болар емес. Көзі құрғыры көрінген нәрсеге бір түсіп, жанарын тұта берген.

«Үй салды деп еді, қатырған екен. Ас бөлмесінің өзі кішігірім үйге бергісіз ғой.

Енді ол бұрыш-бұрышын өрнектеп келтірген аумақты гаражға назар тоқтатты. Гараждың есігі, ашық тұр. Жаңа маркалы ақ сұр «Волганың» моторына үңілген Рахман әлдебір тетікті кілтпен бұрап жатқан. Кенет ол қалтасын қарманып бірдеңе іздеді де, екінші гараждың есігінің құлпын ашты. Жасыл «Жигулидің» жүк салғышынан іздегенін таба алмаған ол енді үшінші есікке қарай беттеді.

Жартылай ашылған есіктен үш аяқты «Урал» мотоциклінің шекесі жарқ ете қалды.

Ахат басын шайқады. «Маған көрсетіп жүрген қыры-ау» дегенше болған жоқ. Рахман иегін көтеріп кекесінмен үн қатты:

— Сенің әлгі теміріңнің көзі құрыған...

Рахманның кермек сөзі жарасының аузын алып түскендей болды да, Ахат өткен күндерге ой жүгіртті.

Нағашы апасына қояр кінәсі жоқ. Өзегі басқа деп өгейсітпей, екі баласынан кем көрмей өсірген қарындасы екеуін.

Қос келінді бір күнде түсіріп, Рахман мен Ахаттың үйлену тойларын бірге жасаған. Той өтіп, жұрт аяғы басылған соң: «Үйің бөлек болғанмен іргенді алыстатпа»,— деп, еншісін беріп, Ахатты отау шығарған.

Бөлек үй шыққаннан кейін бұлар бір көшенің бойында көрші тұрды.

Шаруаға ықтиятты Рахман жолында жатқан қисық шегені де іле кететін еді.

Ол бұлардың үйіне келген сайын бірдеңелерін сұрап әкететін. Қеліншегі Зәйкүл іш тартып, Рахманның сұғанақтығын жақтырмайтын. «Ала берсін, өзімсінеді ғой»,— дейтін Ахат.

Келіншегі төркіндеп кетті де, Ахат тамақты Рахманның үйінен ішіп жүрді.

Қалампыр шешей бірде: —Жаңа поштадан барып пенсиямды алғанда мына бір әдемі қағаздарды әлгі пошташы келіншек бергені... Кілем ұтасың дей ме,— деп, қалтасынан лотерея билеттерін алып көрсеткен.

— Кілем емес, машина ұтасыз,— десті бұлар.

— Ендеше соларыңды сендер-ақ ұтыңдаршы,— деп, ол бұларға лотерея билеттерін үлестіріп берген.

— Келініңіз бен балаңызға екі-үшеуден беріп, маған көзге шыққан сүйелдей қылып жалғыз-ақ қағаз ұстатқаныңыз қалай?— деп, Ахат нағашы апасына өп-өтірік өкпелеген.

Сол Қалампыр тәтесі берген жалғыз лотереямен Ахат «Волга» ұтқан.

«Ақкөңіл аңқау бөлеңмен таласпа, игілігіне мінсін!»—деп, баласына тоқтам айтқан.

Бірақ іші тар, қызғаншақ Рахман шешесінің бұл сөзін құлағына ілмеді. Бөлесінің бет алысын байқап қалған Ахат: «Екеумізге осы машина жетеді. Кезек міне-йік»,— деп ойы үгіттеп көрген.

Ол Ахаттың бұл үгітіне илікпеді. «Волганы» қалайда қолына түсірудің амалын іздестіріп, Ахатпен жауындай ұстасып, сотқа арыз түсірді.

Сот ақ шашты егде адам еді. «Қарағым Ахат, мына бөлеңнің бет алысы жаман екен. Сол «Волганы» ұтпасаң да көштен қалмас едің ғой. «Бастан келген пәледен, бастан құлақ садаға» деген. Құтылшы, жарқыным, мынадан!»—деп, Рахманға қараған.

Ахат табан астында оқыс шешімге келіп: «Керегі машина болса сен-ақ мінші! Ертең-ақ тозып қалатын төрт дөңгелекке мені айырбастауға шімірікпегеніңді ұмыта алмасың!»—деп, «Волганың» кілтін Рахманның алдына лақтырып жіберген.— Темірді әлі-ақ тот басады. Өмірде тозбайтын, тот шалмайтын бір-ақ нәрсе бар: ол адамның адамгершілігі. Мен бұл машинаны отыз-ақ тиынға ұтқан едім. Бірақ саған қымбатқа түсті... Сен бар ар-ожданыңды, ұятыңды осы машинаның жолына салдың. Тіпті, жаныңды да қиып жіберуге аз-ақ қалдың... Бермеймін десем машинаны менен тартып ала алмайтын едің. Бірақ, не қылайын, соншама құлдыраған саған жаным ашыды»—деп, тесіле сөйлеген.

Екінің бірінің қолына түсе бермейтін «Волга» көздің құрты, көңілдің дертіне айналып, бұлардың арасын ашып жіберген-ді.

Сол машина дауынан кейін Ахат жаңадан бой көтерген Кенді қаласына көшіп кеткен.

Енді, міне, арада он төрт жыл өткенде бұлар бір-бірімен қайта жүздесіп отыр. Кінәлі кім? Бұл бетінде Рахманның ондай сауалға бас ауыртып, өз қателігін мойындайтын түрі жоқ сияқты. Керісінше сол бір қолайсыз шырғалаңға себепші болдың дегендей: «Сенің әлгі теміріңнің көзі құрыған»,— дейді беті бүлк етпестен.

Мейіз шайды енесі жатқан бөлмеге жасады.

Қалампыр шүңірейіп ішіне еніп кеткен нұрсыз көзін жиенінен айырмай, балаша кемсеңдеді.

— Әлгі Рахман қайда жүр?— деді келініне бұрылып.

— Тығыз бір шаруамен совхозға барып қайтам деп...— деді Мейіз назарын төмендетіп.

— Соның-ақ тығыз шаруасы таусылмайды екен!

Ахатқа мал әкеп соймаушы ма еді?— деді сырқат ана Мейізге жаман көзімен қарап.

— Ертең де күн бар, асықпайтын шығар.

— Жұмыстан үш-төрт күнге сұранып шыққанмын. Сіздің жағдайыңызды біліп, көңіліңізді сұрағалы келдім,— деді Ахат.

Қалампыр тағы да босаңсыды.

— Екі баламнан кем көрмей өсіріп едім! Жиен наза-ры жаман деуші еді, маған кінә артып өкпелемесең болды да.

— Олай деменіз, нағашы апа. Мен сізге де, сіздің балаңызға да қарыздармын. Панасыз қалғанда қамқорлығыңызға алған өзіңіз емессіз бе?

— Қарағым-ай, саған біз қарыздар болып қалдық қой!— деді-Қалампыр.

— Не жөнінде!?— деді Ахат аңқаусып.

— Әлгі бір ұтысқа шыққан машинасы түскір..

— Өткен істі жаңғыртып керегі не, апау-ау,— деді Ахат қабағын шытынып.

— Қазіргінің жақсы аты лөккебай боп тұр емес пе. Бөлең بازیналық жасап астыңдағы жақсы атыңды біраз мінген шығар. Сол بازیнашылығының қарымын қайтарам десе, қарсы болма. Екі жеңіл машинесі бар, біреуін беретін шығар. Берсе, мініп кет осы жолы...

Ахат басын шайқады.

— Машина алуға өзімнің де шамам бар.

— Дүниесі түскір дәнекер. Алыс-беріс жасасып тұрмаған сан туыстың арасы ашылып кетеді, қарағым. Бермесе қақсама, берсе тастама.

— Өзім де осы жолы бұлардан алғалы келдім,— деп күлді Ахат.

— Біздің саған беретінімізді түс көріп білдің бе?— деп жымиды Мейіз.

— Рахманнан қыста да қар сұрап ала алмайсың,— деп сыбырлай сөйледі Ахат.— Сендерден алмай-ақ жәй кеткенімнің өзі олжа маған.

— Е-е, бізді бір төрт құбыласы сай деп білесіңдер ғой...

— Өзің мүлде бай жанды боп кетіпсің-ау!— деп, сөзін әзілге сүйеді.

— Қосылғанымызға жиырма үш жыл болған екен... Енді оны жамандағанда маған біреу ішік кигізер деймісің!— Мейіз самауырды көтеріп, ауыз бөлмеге шығарды.

Қалампыр Ахаттың жеңінен тартып:

— Бұл байғұста не кінә бар... Анау-мынау еркектің илеуіне көне қоятын әйел емес еді. Біздің Рахман мұны да қайыстай жұмсартып өз дегеніне көндіріп алған жоқ па... Сенен басқа ешкімге де тісімнен шығарып отырған жоқпын. Қоресің әлі, естірсің... Түбінде бұлар осы бетінен қайтпады бар ма, бір пәлеге жолығады...— деді.

Қалампыр іргеден орамалға түюлі түйіншекті алып, Ахатқа ұсынды.

— Мұны қайтемін?— деді Ахат тіксініп қап.

— Пенсиямның ақшасы ғой... Осы ақшаға жеткенінше масаты шапан сатып алып қой.

— Ол шапанды қайтесіз?

— Ана жаққа кетсем керек қой...

— Осы үйден шапандық масаты табылатын шығар.

— Сауда-саттықтан жиылған дүниені Суқаным сүймеуші еді,— деп Қалампыр қабағын шытынды.

Ахат нағашы апасының ойын түсінді де, тілегіңізді орындаймын дегенді аңдатып, басын изеді.

Енді ол сұқ саусағымен алтын тістерін көрсетті.

— Осы тістерді дәрігерге жұлдыртшы. Рахман мен Мейізге айта-айта жалықтым. Пендеміз ғой... «Алтын көрсе періште жолдан таяр» деген. Баяғыда жылқы пермесінде бие сауып жүргенде құлын теуіп, күрек тістерімді опырып кеткен... Балам мен келінім үгіттеп қоймаған соң күнәден басқаның артықтығы жоқ қой деп салдыра салып едім...

Ахат: «Онда тұрған не бар. Әуре боп қайтесіз»,— деп айтуға оқталды да, сырқат ананың көңілін аулап:

— Жасанды тісті қайта алу да дәрігерлерге пісте шаққандай оңай,— деді.

— Оңай болғаны жақсы,— деп, Қалампыр Ахатқа мейірлене қарады.— Тіршілігімде өзінді бір көрсем деп едім... Құдай ол тілегімді де берді... Іштен шыққан шұбар жылан ғой... Рахманымды да қимаймын. Әй, бірақ... дүниеге тым жақын. Баяғыда Рахманның әкесіне алғаш қосылған кезімізде үстімізге жамылатын жөні түзу көрпеміз де жоқ еді. Өзің де шет жағасын көрдің. Соғыс жылдарындағы ауыртпалық оңай болды ма? Қарлығаш апайды бұқа сүзіп... одан әпкем марқұм қайтыс болып... бар бейнет бір менің басыма түсіп... көрешекті көрдік қой. Есінде шығар, әлгі Шоқпанның сені сүт ұрладың деп атпен қуып сабағаны.

...Күздің маужыраған қоңыр кешінде ауыл шетінде сиыр сауылып жатқан. Ахат пен Рахман Қалампыр тәтесіне көмектесіп, енесіне табысқан бұзаудың басын ұстайды. Сиыр фермасының меңгерушісінен басқа бүгін ауылда бөтен ешкім жоқ еді, жүзі жылы, мінезі жұмсақ ферма бастығы орынсыз жерде дауыс көтере қоймайтын. Үлкен, кішінің қас қабағына қарап, сауыншыларды өз еркіне жібереді. Қызыл табан боп жүрген әйелдердің шелегіне үңіліп, іш тарлық жасау оның әдетінде жоқ еді.

Орта шелек сүтті мықшыңдай көтерген Ахат үйге жетіп қалғанда ту сыртынан шыққан өктем дауысқа жалт қараған.

Шоқпан екен. Жайшылықтың өзінде ойбайға аттан қосып, түймедейді түйедей қылатын айқайшыл жазған «ұры» ұстаған соң аянсын ба, даурығып ауылды басына көтерген.

Ахат не істерін білмей шелекті қос қолдай ұстаған қалпы қалшия қарап қатты да қалды.

Ат үстінен ентелей төнген Шоқпан қамшысының сабымен бала Ахатты нұқып:

— Әй, иттің... Қай баласың?— деді қатты зекіп,— Мына сүтті саған берген кім?

— Тәтем,— деді Ахат кемсеңдеп.

— Әй, тәтең кім ол?

— Анау әлгі...

Өзін-өзі ұстай алмай ашуға басқан Шоқпан

— Қой орнына, шелекті!—деп ақырып жіберді де, Ахатты қамшымен арқасынан шып еткізді.

Осы мезетте Қалампыр тәтесінің даусы саңқ ете қалған.

— Әй, шолақ, тиме балаға! Әскер семьясына қамшы үйретін сен кім едің сонша?

— Сен бе әскер семьясы!?—деді Шоқпан дізгінді шалқалай тартып. Қып-қызыл соғыстың жүріп жатқаны анау. Сен қатын шелек-шелек сүт ұрлайсың, ә? Қалқоздың бәлен мың теңгелік асыл бұқасын біредитілік жасап айыр сұғып өлтіргенің анау! Көрсетейін саған сүт ұрлағанды! Екі көзіңді төрт қылып түрмеде шірітейін!-

— Сен бе түрмеде шірітетін? Жесір-жетімге қоразша қоқиланғаннан басқа немді бітіріп жүрсің сен шолақ?

— Не дейді-ей мына қатын? Тарт, тілінді!—деп ақырды Шоқпан.

— Кәне, осыдан қолыңды тигізіп байқашы?—деп, Қалампыр тәтесі қайнаған ашумен Шоқпанның жолын кес-кестей берген.

Ахат сүтті тастай қашқан. Зыр жүгірген бойда есік алдына кеп тоқтап, артына бұрылғанда, Шоқпан Қалампыр тәтесін ат баурына алып тықсырып жүр екен.

Орта шелек сүт әлгінде өзі қойған жерде тұр еді. Іші қабысқан ала төбет бұлкектеп барды да-, шелектегі сүтке бас қойды. Сұғанақ ит шелектегі сүтті емес, тап бір бұның қолын жалап алғандай болды да, Ахаттың денесі шіміркенді. Жайшылықта біреу зекісе жылап жіберетін оның көзінен бұл жолы жас шықпады. Шелектегі сүттің қара төбетке бұйырғанына іші ашып, кеберсіген таңдайына айранның қышқылтым дәмі келіп еді.

Сүттен де бұрын Қалампыр тәтесіне қамшы үйірген

Шоқпанның омыраусоқ өктемдігі жанына қатты батқан...

— Нағашы апа, баяғы Шоқпан қайда, тірі ме?— деді Ахат қалың ойдан серпіліп.

— Кейін дүкен күзеткен. Араққа үйірлеу еді бейшара, ішіп жүріп далада қалып... өлді ғой ақыры...

Қалампыр Ахаттың қолынан қысып-қысып қойды. Кекті науқас жабысқалы дүние сөзін айтудан тиылып, көңілін сұрағандарға ғана жауап қататын.

Ол өзін жайсыз сезінді. Жүрегі әлсіреп, тынысы тарылған соң ірге жағынан дәрі алып, қасыққа тамызып ішті де, көзін жұмып тыныс алды.

Демалсын деп ойлаған Ахат жылыстай беріп еді, Қалампыр саусағымен ымдап қасына шақырды.

— Отыр,— деді бұйырып.— Мен енді өзіңмен қашанғы сөйлесер дейсің... Бүгін бе, ертең бе деп жатырмын ғой... Жағдайларың жақсы ғой, әйтеуір?

— Жақсымыз,— деді Ахат басын изеп.— Өзіңіз келіп кеткеннен кейін қаланың орталығынан бес бөлмелі пәтер алғанбыз. Мен тас қалаушымын боса-болмаса. Зәйкүл сылақшы. Малымыз жоқ болғанымен жалақымыз жаман емес. Ішіп-жемнен артылғанын ептеп кассіге сала-

-мыз...

— Дұрыс-ақ... Адал еңбек, маңдай термен тапқан дүниенің қайыры болады, қарағым. Сенің бір қызық, әдетің бар-тын...

— Ол қандай әдет?— деді Ахат сырқат анаға таяна отырып.

— Біреудің үйінен өліп бара жатсаң да тамақ ішпейтінсің бала күніңде. «Мә, ала ғой» деп қолыңа нан ұстатса, сол орнында тастап кететінсің...

— Оны не себептен айттыңыз?

— Оны айтқаным... Сол әдетіңнен әлі жаңылмаған тәріздісің. Біздің Рахман біреудің қолындағысын жұлып әкеткісі кеп тұратын.

— Есіңізде ме?— деді Ахат Қалампырдың сөзін бө-

ліп,— Рахман соғыс жылдары балалардың қолына түсе бермейтін қаламұшты қалада дүкенде істейтін әпкесінен көп қып әкеп сәмкесіне пәшкесімен салып жүретін.

— Балаларға қаламұш сатқаны үшін Рахманды сарайға да қамағанмын...

— Қамағансыз. Сонда Рахман саудагерлікке бала жасынан үйір болғаны ма?— деді Ахат.

— 'Жас кезінде неге әуестенсең, соны өскенде әдетке айналдырасың. Сен де әке болдың. Балаларыңды осы бастан жақсы әдетке баулы. Жасқы әдет — оздырады, жаман әдет — тоздырады кісіні, қарағым...

Ахат сырқат ананың сөзін қоштап басын изеді.

- Мені қойшы...— Қалампыр басын көтеріп тіктеліп отырды.— Боларым болды, бояуым тозды... Ауырсам тәңірдің ісі... Өлмейтін пенде жоқ,— деді ол қатуланып,— Рахман бөлең тым тойымсыз... Ынсап жоқ онда!.. Дүниенің боғына бола беттің арын бес төгіп, ұяттан күнде өлгенше өмір сүрмегеннің өзі артық.

— Қатты кетпеңіз, нағашы апа. Бес саусақ бірдей емес қой. Қемшілік бәрімізде де бар. Мінсіз адам жоқ,— деп Ахат нағашы апасын сабырға шақырды.

— Сен де сау сиырдың боғы емессің!— Қалампыр ширыға түсті.— Іші қуыс жылтыраған темірге бола өкпелеп ағайын-жекжаттан безіп қалаға көштің. Содан бері сенің ауылға келгеніңді көрмек түгілі естісем не дейсің? Қемі он үш-он төрт жыл жайымен болған шығар ел қарасын көрмегеніңе... Туыс-туғанға балаларыңды жат бауыр ғып жібердің сен де... Жақынын танымаған жатқа жанаспайды...

Қалампыр ана тағы да сөйлей түспекші еді, бірақ оған шікетті жүрегі сыр беріп қойды да, қысылып қалармын деп сақтанып сөзден тиылды.

Ахатты қолынан тас қып алып қозғалтпады. «Нағашы апам жақсы айтты-ау,—деп, ойлады Ахат,— Жа-

қынын танымаған жатқа жанаса ма расында?— Айтты-айтпады балаларымыз туыстарға жат бауыр. Жақындарың кім? Ағаларыңның атын аташы десе мүдіреді. Керісінше кинода ойнаған артистерді жатқа соғады. Атақты футболистер мен спорт «жұлдыздарын» төсекте ұйқысырағанда да айтып жатады...

«Нағашы апам айтқандай, туыстық сезімнен жүрдай, әкесі мен шешесінен басқа ешкімге де жан тартып жанаспаған бала өскенде қарақан басын күйттеген өзімшіл, өзгенің қайғысына ортақтаспайтын мейірімсіз боп шықпасына кім кепіл?! Кінә балалардан емес, бізден... Өз тапқанымыз өзімізге жетеді дейміз де, жекжат жұртың торқалы той, топырақты өліміне шақырса жоқты сылтау етіп бармаймыз. Шығын шығып кетеді деп тартыншақтаймыз. Өзіміз осындай бақай есеп ойлаған соң, баламыз туыс-туғанға жат болмағанда қайтеді?»

Сырттан Мейіз кірді де, Ахаттың ойын бөліп жіберді.

— Рахман келді, ас үйде отыр. Шақырып жатыр сені,— деді Мейіз қолындағы сусын құйылған құмыраны енесіне беріп жатып.

Ахат тысқа шықты. Бөтен адамның иісін алған итер қосарлана үріп қоя берді.

Поездардың қозғалысы жиілепті. Ауыр составтар жер төсін дүбірлете еолқылдатып әрлі-берлі өтіп жатыр. Станция кезекшілерінің репродуктордан естілген тығыз бұйрықтары түнгі ауаны жаңғырықтыра шалынады құлаққа.

Жұлдызы самсаған айсыз түн жусаған жылқыдай мүлгіп тұр.

Салқын лепке бой сергіткен Ахат ас бөлмеге кіруге жүрексінгендей сезімде есік алдында тұрды да қойды. Рахманның бағана «сенің әлгі теміріңнің көзі құрыған» дегені көкейінен кетер емрс.

— Оу, келсеңші! Кірсеңші...

Ахат біреу еріксіз итермелегендей боп есіктен имене енді. Төрге озып, биік орындыққа жайғасты.

Шылымды үстін-үстін қомағайлана сорып, ой жетегінде кеткен Рахман біразға дейін жақ ашпады.

— Солай де, Ахатекесі,— деді ол әлден уақытта.— Біздің жағдай осы... Шешей науқас...— Ол армян конягіне қол созды.

Ахат басын шайқады.

— Маған бола ашпай-ақ қой...

— Неге?

— Көңілім соқпайды араққа.

Шатынаған ала көздерімен қонағына сүзіле қараған Рахман:

— Сонымен мұнда келген шаруанды айта отыр,— деді.

— Нағашы апамның жай-күйін сұрағалы... Басқа бұйымтайым жоқ.

— Енді неменеге тымырая қалдың?—деді ол.— Менімен стақан соғыстырсаң хандығыңнан таямысың?

— Қырыққа дейін ептеп іштім, енді бұл арақ маған өкпелей қоймас,—деді Ахат ішкі қыжылын зорға тежеп.— Бұл шаруаны ада-күде қойғанмын.

— Қойғаның жақсы болған екен, сенен басқалар арақтан таяқ жеп сүрініп-жығылып жүр деген!.. Сонымен бұйымтайым жоқ десеңші. Біраз болатын шығарсың мұнда?

— Жұмыстамын ғой, қайтуым керек.

— Жұмысың не еді, жоғарылап прораб, немесе трестің бастығына көтерілген шығарсың?

Ахат кекесінмен жымыды.

— Шот қаққан сатушыдан жоғары тұрмыз ғой, әйтеуір! Өзіміз аласа болсақ та, салатын үйлеріміз зәулім.

— Онда бізге екі этажды үй салып бере ғой.

— Екі этажды үйден басқа мұқтаждарың түгелденіп болған ғой, сірә?—деп Ахат та беріспеді.

— Ішің күйсе тұз жала! Біздің барлығымызды көре алмайсың ғой.

— Дұрыс айтасың,— деді Ахат.— Осы қазір бұлар қалай байып кеткен деп қызғанғаннан өртеніп кеткелі шаққа шыдап отырмын...

— Бүйтіп бізді көре алмайтының бар, неге келдің?

— Нағашы апам үшін!— Әйтпесе дәл сенің қарада бой, қарда ізіңді көретін адам емессің!

Бұлардың тәжікесі шынға айналып бара жатқан соң:

— Бәлен жылда бір кездескенде бұларың қалай? Естіген елден ұят емес пе?— деп Мейіз басалқы айтып көріп еді, Рахман үдеп кетті.

— Жетім қалғаныңда бізді сағалап едің! Есіңді жиган соң құдайыңды ұмытайын деген екенсің, ә?

Ахат сабыр сақтады. Үй иесінің ашытқы сөзін тыңдай беруге шыдамы жетпеді де, сыртқа шығып кетті.

Жұлдызы самсаған түнгі аспанға -байырқалап көз тоқтатқан оның есіне бала күнгі ерсі әдеті түскен.

...Ол жылдары Ахат небәрі сегізде ғана болатын. Көк шыбықты ат қып мініп, аядай ауылдың ар жақ шетіне бір шығып, бер жақ шетіне бір шығып ойын қызығына берілгенде — дүние бұған соншалықты кең, әрі қызықты көрінетін. Көк зеңгір аспаннан шақырая төнген алтын кірпік алау күн де, ауылды кемерлей ағатын арналы өзен де, алыстан бой созған үлкен-кішілі таулар да, ең ақыры көк сүт беріи асыраған ақ күшігіне дейін бұның тым әлжуаз, кішкене тұрпатына сұқтана қарайтын тәрізді еді.

Сондай сотте ол еш алаңы жоқ кіршіксіз таза көңілмен барша тіршілік атаулыны көкірегіне сыйғызардай астамсып өзін дүниедегі ең бір күшті адамдай сезінетін. Бірақ сол астамсыған көңілі болмашыдан жұқарып шыға келетін еді. Қалай күн батып, жұлдыз атаулы аспан төрінде самсап шыға келді дегенше, бала Ахат үйге кі-

ріп алады да, етпетінен түсіп жатады да қояды. Ол сол жатқанда үнсіз жылап жататын. Бұқа сүзіп ауруханаға түсіп қалған шешесін ойлағанда көкірегі қарс айырылып кеткендей болады.

Бала көңілі күдікшіл. Күн батысымен далаға шықпайтыны аққан жұлдыздан қорқады. Оның ұғымында жұлдыз дегендер адамдардың өлгенін басқаларға жеткізетін хабаршы есепті. Жаманат хабаршысы жұлдыздар ағып түскен сайын жер бетінде бір адам өледі екен дегенді ол үлкендердің аузынаң естіген.

Алайда қатал тағдыр бұның тілегін бермеген. Анасы мәңгіге көз жұмды да, қарындасы екеуі Қалампыр тәтесін паналаған.

«Жас өсіп, жарлы байымай ма, Қалампыр тәтемді паналасам, туған жиенімін. Енді соны Рахман несіне айта береді».

Иттер үруін тоқтатқан. Оның есесіне үй иелерінің қатты жауаптасқан сөздері естіліп тұр.

«Бұлар мен үшін ұрсысып жатыр-ау»,— деп ойлаған Ахат қалт тұрып тың тыңдады.

Рахмайның даусы өктем шығады.

— Жиырма сомың не-ей сенің?! Жиырма үш сомнан бір де кемітпе дегенім қайда?!

— Бір таныстар кездесіп қап,— деді Мейіз.

— Танысыңмен қоса құры иттің!.. Осы сенің-ақ босаландығыңнан көрдім-ау!..

Рахман үдеп кетті. Бұлардың ұрыс-керісін тыңдап тұруға шыдамы жетпеген Ахат жылыстай берген.

«Ит басына іркіт төгілген молшылық мынау, үйлері толы дүние, қос машинаны қосарлап мінеді. Сөйте тұрып тағы да алыпсатарлықпен айналысады».

«Дүниені кім жек көреді?— дейді ішкі ойы,— Ақшаң жеткілікті болса сен де «Жигули» алған болар едің ғой, жігітім».

«Бүйткен машинасы бар болсын-ай!—деп Ахат іш-

тей торыға күрсінді,— Өмірдің мәнін тек қана дүние жиып, ақшаны көп қып табумен шектесек, онда бәріміз де бәсекенің құлақ кесті құлына айналып кетпейміз бе?»

3

Дағарадай кең бөлмеде жалғыз жатқандікі ме, елегізіп ұйқысы қашты да, әрнені бір ойлады. Қаланың шуына құлағы үйреніп, еті өліп кеткен ол тым-тырыс түнгі тыныштықты жатырқағандай жалғызсыраған.

«Зәйкүл кезекті демалысқа шығайық деп қыңқылдап жүр еді. Сірә биылғы демалысты осында өткізетін шығармыз. Нағашы апамның көз алдында болғанымыз жөн ғой. Балаларыңды туыс-туғанға жат бауыр ғып жібердің дегенінің қисыны бар».

Ахат соғыстан оралмаған әкесін көз алдына айқын елестете алмайды. Ал шешесінің кескін-кейпі саңасында өшпестей боп жатталып қалған.

Қалампырдың түр-тұрпаты марқұм шешесінен айнымайды ғой. Нағашы апасын көргенде өз анасын көргендей боп кәдімгідей марқайып шыға келеді емес пе. Сөйткен анаға өлер шағында ілтипат көрсетпесе бола ма.

Осы ойға мықтап бекінген ол, бірер күн аялдай тұрайын, нағашы апамның жағдайы оңалмаса демалыс алу қашпас деп түйді.

Ахат тұрды да, Қалампыр тәтесі жатқан бөлменің есігін жайлап ашты. Сырқаттың қасында отырған Меңіздің шаршаңқы жүдеу өңіне сұраулы кескінде аңтарылып:

— Жайшылық па?— деді.

— Апам осы жаңа қысылып...— деді Меңіз сыбырлап.

— Бағана бір әзірде сыртта машина дүрілдеген сияқтанды,— деді Ахат сырқаттың жүзіне үңіле қарай түсіп.

— Рахман ғой...

— Ұйқтап дем алмаушы ма еді. Жемін түнде аулайтын жапалақ болғаны ма?

Күйеуіне деген наразылығы ма, болмаса Ахаттың орынсыз оғаш сөзіне білдірген қарсылығы ма:

— Оның жапалақ екенін жаңа біліп жүрмісің?— деді Мейіз. Ахат қызарып кетті. Келіншекке бірдеңе деп әзілдеген болып еді, онысы жаңағыдан бетер одағай болып шықты.

— Апам тынышталды. Оятып алармыз,— деп Мейіз орнынан тұрды.

Ахат төсегіне келіп жатқан. Кішкенедең соң Мейіз кірді. Кішірек сырлы тостағанға құйып әкелген қымызды Ахатқа ұсынды да, тізе бүкті.

— Дем алмайсың ба?—деді Ахат қымыздан босаған тостағанды Мейізге қайтып беріп жатып.

— Дем алу қайда қашар дейсің. Өзіңді көрген соң әрне еске түсіп...

Ахат оның қажыған жүдеу өңіне сұраулы кескінде аңтарылды.

— Шіркін, жастық шаққа ештеңе жетпейтін көрінеді ғой!— деді Мейіз көзіне келген жасын зорға тежеп.— Мектепте оқыған күндеріміз қандай қызықты еді!... Сол бір алаңсыз жастық шағымды ойлаймын да, неге ғана өзгеріп кеттім. Өмірге адам болып келіп, тұлкіге айналып кеткенім қалай деп пұшайман боламын.

— Тұлкіге айналып кеткенің қалай!?—деді Ахат оның сөзін ерсі көріп.

— Дүние жиямыз, табыс табамыз деп біреулерді арбасақ, алдасақ... Басқаның жылтыраған бірдеңесін қайткенде қолға түсірсек екен деп өтірік күліп, сиқырланып сайқалдансақ, тұлкі болмағанда неміз қалды?.. Егер маған өмірді қайта бастауға тура келсе, Зәйкүл екеуің сияқты құрылысшы болар едім.

— Құрылысшы болуға күйеуің көнсе жақсы ғой?— деп күлді Ахат.

— Сендер тас санасандар, менің байым құм санайды,— деді Мейіз мұңайып.

— Сондай шалымдылығын басынан-ақ білгенсің-ау, ә? Қыз күнінде тарпаңдау едің, Рахманға бірден құлап түстің ғой, әйтеуір.

— Мені Рахманға итермелеген өзің емес пе ең? Оның берген хатын кітабымның арасына салғыштап шала бүлінген кім екен?— деп күлді Мейіз.

— Қайта сен Рахманға қосылғаның үшін маған қарыздарсың. Мен тәрізді күйкілеу біреуге тигенінде осы халге жететін бе едің?

— Құрысыншы бүйткен тұрмыс!— Мейіздің ақ құба жүдеу өңі қуқыл тартып кетті.— Сендер не білесіндер? Рахман ауру ғой...

— Қойшы!— деп Ахат оқыс дауыстап жіберді.— Қайдағы жоқты айтады екенсің. Өмірінде бір рет ауырмаған адамды ауру дегенің құлаққа енбейді ғой, жарқynom!

Мейіз Ахатқа жаман көзімен қарады.

— Түк білмегенсуін?..

Ахат иығын қиқаң еткізді.

— Білгенде қайтпекпін!?

— Ал мен қайтуім керек сонда?— деді Мейіз Ахатқа сұраулы кескінде аңтарылып.

Мейіз Рахманның ысқырық-ызбарына бірден көндігіп кете алмай, талай түндерді ұйқысыз өткізіп, кегін көз жасынан да алған. Жұбайлық өмірдің ыстық, суығы басыла Рахман бөлекше жат мінез шығарған еді. Біреу үй салып жатыр екен, жаңадан машина алғалы жүр екен деп естісе, одан маза кетеді. Деміне демі араласып бір көрпе астында жатқан жарын да ұмытқандай, қайтсем пайданы көбірек тапсам екен деп дөңбекшіп ұйқтай алмайды.

Саудагерлікке ебі жоқ Мейізге бұйырып:

— Өне бір бұйымды қажетсінген біреулерге өткіз,— дейтін ала көздері шатынап.

Мейіз де қасарысып көнбей бағады. Қадалған жерінен қан алмай қоймайтын Рахман ақыры айтқанын істетеді бұған. Бір-бірімен қиғаш келе берген соң да көңілдің қошы болмайды екен. Кейінгі кездері Мейізді дел-салдық, немқұрайдылық билеп алған тәрізді. Істеген ісі өнбей,- ілгері баспағандай болды, самсаған ұры көздер бұған тұс-тұстан сұқтанып: «Саудагер қатынның сәнденуін қарай гөр»,— деп табалағандай болады да, ол үйге жеткенше асығады.

Үйде ол әлгі бір қолайсыз сезімнен айыға алмай әуреге түседі. Маңдай термен табылған ақ адал еңбектің зейнеті болмаған соң ба, дүние-мүлікке аса тұшына қоймайды. Ас та төк мол жасау оған арамнан жиылғандай көрінеді. Оның үстіне, бір қараға ұрынып жүреміз бе деген күдікті үрей де көкірегін жайлап алған.

— Рахманға қосылғалы жиырма үш жыл болған екен. Нансаң алаңсыз ұйқтаған бір күнім болған жоқ,— деп, Мейіз мұңая үн катты.— Жетпеген дүниені септестірсем деп әуреленсең арман не! Барлықтың азабын тарттырып қойған тағдырыма не дейін!?

Ахат оны үнсіз құптап бас изеді. Рахман -сияқты мазасыз еркектің тілін тауып, онымен бір шаңырақ астында түтін түтету Мейізге оңай еместігін, осы бір сырға берік көмпіс әйелдің ішінде көп нәрсе жатқанын сөз сарынынан ұққан Ахат, оны бір түрлі аяп кетті.

— «Шәй, шәй» деп жаттыңдар ғой бағана, сол не?

— Таяуда Рахман завмаг боп істейтін орталық гас-трономға он бес жәшік үнді шәйі түскен.

— Иә, түссін...

— Соның жеті жәшігін сатылды деп Рахман үйге тығып алған.

— Ойбай-ау, бұл барып тұрған қылмыс емес пе!?— деп Ахат шоқ басқандай ыршып түсті.

— Қылмыс болса қайт дейсің?— деді Мейіз қабағын шытынып.— Рахман одан да айыл жиятын түрі жоқ.

— Мыналарың сұмдық екен,— деді Ахат пұшайман

болып.— Істі болып кетіп жүрмесе жарады ғой сенің қомағай күйеуің?

— Саған мен бекерге айтты деймісің. Бір сұмдыққа ұшыраймыз әлі...

— Апырай, бұл Рахман деген не деген жүрек жұтқан еді?! Машина анау қос-қостан. Сендерге мен дұшпан емеспін ғой. Тығулы жатқанының нешеу екенін қайдам, ілулі тұрған кілемдеріңнің өзі жиырмадан асады екен. Шет елдік гарнитурдің үш түрін бірден алыпсыңдар. Әр бөлме сайын қымбат жасау. Өздерің саудада істейсіңдер.

— Айтуын айтып бағамын-ау, бірақ Рахманға сөз өте ме?

— Онымен былай... ашық сөйлессем қайтеді?— деді Ахат торыққан кескінде.

— Сөйлескенде одан не өндіресің? Сенен зорғыны да тыңдап жүрген ол жоқ,— деді де, Мейіз есікке жылыстады.

4

Ертеңгілік шай үстінде Рахман қонағына пейіл бергенсіп көңілді отырды. Ахаттың алдына шай жемін тосып, кесесін әперіп бәйек болады.

Ойға алған шаруасын тындырып көңілі жайланғанда Рахманның жалған көлгірлікке басатын мінезіне сыралғы Ахат оған шешілмеді. «Тамақ жесін қарашы. Ауыл торыған аш. қасқырдай түнімен жортуылда болды деп бұны кім айтады? Қабағында біттей де кірбің жоқ».

Рахман өткен түнде көп шаруа тындырған. Совхозда тұратын саудагер әйелге апарып тастаған екі жәшік шайдың ақшасын алып қайтқан. Одан бір жәшік шайды тағы да бір сыбайласына тастап кеткен.

Көлденең табысқа масайрап пейілін кеңге салған ол:

— Асықпай біраз жат. Кешке мал сойып беремін,— деді Ахатқа жылы ұшырап.— Мен жұмысқа кеттім.

Рахман жұмыс істейтін орталық гастроном онша алыс болмағанымен, ол дүкенге көбінесіне жеңіл машинасымен баратын. Бауырынан жараған сәйгүліктей лыпып тұрған «Волга» асфальт жолға шықты да, ұшырта жөнелді.

Әдетте кешеді кездескен таныстарын мінгізе кететіні де бар-тын. Кейбір мекеме бастықтарын үзіліс кезінде әдейілеп барып үйлеріне жеткізіп тастайды. Мектептен көршілердің балаларын да мінгізіп алатын.

Рахман бүгін де сол әдетінен жаңылмады. Бала көтерген жас келіншек балабақшаға асыға басып барады екен. «Волгасына» отырғызып алды да, тездетіп апарып салды.

Ол жұмыс істейтін гастроном орталық көшенің бойында. Салынғанына кемі жиырма жыл болғанымен дүкен үйі былайғы көзге еңселі көрінеді. Сыртқы сылағы ақ болғандықтан аудан тұрғындары бұл гастрономды «Ақдүкен» деп кеткен.

Есігі көшеге қараған гастрономның сырт жағы биік дуалмен қоршалған. Дуалдың ішінде азық-түлік түсіретін қойма бар. Қоймаға жалғастырыла салынған кішкене бөлме Рахманның есеп-қисап жасайтын кабинеті, Сыртынан қарағанда жатағандау көрінетін шағын кабинеттің іші жұтынып тұр. Стол, орындықтары су жаңа. Бір қабырғада айналы күрең қызыл шифоньер. Есік жақ бұрышқа тоңазытқыш қойылған.

Жұмсақ креслоға жайғасқан Рахман телефонды алдына таяп алып, әркімдермен сөйлесе бастады.

Ол әдетте жүкті төрт-бес күнге жетерлік қып бір-ақ түсіріп алатын. Осы кеше ғана тұтынушылар одағының орталық қоймасынан ұзақты күнге азық-түлік тасыған.

— Иә, тыңдап тұрмын,— деді телефон трубкасын алып.— «Қазақстан» сигареті дейсің бе? Тезірек, барында алып кетпесең қалмай барады.

— Анадағы тапсырған жұмыс не болды?— деді ар жақтағы дауыс.

- Шай ма? Үнді шайы деген бізге сирек түседі. Ал шампан алам десең, оны табамыз.

- «Театральный» конфеті түсті деп еді ғой сендерге.- - деді әлгі танысы.

— Үш-төрт жәшік алып едік, ауыз шаюға да келмеді,— деді Рахман.

Телефон трубкасын тұғырына қондырды да, тоңазытқышты ашып, бастаулы шөлмектен армян коньягін қырлы стақанға орталап құйып, ішіп салды. Салқын шұжықтан қарбыта жеп алды да, сыртқа шықты.

Босаған жәшіктерді далаға шығарып жүрген үй сыпырушы әйелге «жеңешелеп» майда амандасты.

Содан соң дүкенге кіріп, сатушылардан не қажет екенін сұрады. Шағым кітапшаларды көріп, гастронимның тазалығын тексерді.

Сыртқа қайта шыққанда мұны милиция формасындағы ақ құба, ашаңдау жігіт күтіп тұрған.

— Сізде ептеген шаруам бар еді,— деді аға лейтенант ұяң күлімсіреп.— Кабинетіңізге барайық.

— Барсақ барайық,— деді Рахман уытты ала көзімен оған жақтырмай суық қарай.— Кейінгі кездері мені көбірек төңіректеп кеттің-ау, інішегім. Байқа! Мен деген қатқан сүйекпін. Тісіңе жұмсақ тие қоймаспын,— деп әзілдеген де болды.

— Айып етпеңіз, ағасы, қызмет бабы осылай болған соң енді қайтеміз,— деді аға лейтенант орындыққа жайғасып.— Аңадағы сіздерге түскен шайды білмекші едім...

— Комиссия құрып тұрып, ашық саудамен тұтынушыларға жеткенінше үш жүз грамнан үлестіргенбіз. Ішінде өзің де болған жоқсың ба?

— Болдық қой,— деп Таңат желкесін қасыды.— Соған біреулер күмздандыш. Айтпақшы, гастронимда «театральный» конфеті сатылған дей ме?

Рахман қызарып кетті.

— Бірер келі қалмады ма екен? Келініңіз қыңқылдап, тас конфет тауып бер деп...

— Сатушыларға түсіріп бергенмін. Мен ондай өтімді нәрсені қоймада сақтамаймын,— деді Рахман мына қарсы алдында отырған бозша жігіттің мысы басып бара жатса да сабыр сақтаған болып.

Таңат папкасынан төрт-бес «театральный» конфетін алды да, Рахманның алдына қойды.

— «Бермегенді беріп ұялт» деген.

Рахман қызарақтап:

— Ойнасақ та біраз жерге бардық қой деймін, інішек. Дүкенге жүк әкелуім керек еді,— деді астамсыған көкірегі сәтте басылып жуасыған әлпетте.

— Асықпаңыз... Мен де ерігіп жүрген жоқпын.— Таңат одан керекті фактураны сұрап алды да, асықпай қарап шықты.— Сіз «Тасбөгет» совхозында тұратын Сағызбала деген әйелді білмейсіз, ә?

— Тағы неменені көңірсіттің,— деді Рахман ызалана дауыстап.— Мені бұл Ақтаста білмейтіндер жоқ шығар.

— Дегенмен Сағызбала апай сізді жете таниды екен,— деді Таңат қуақы күлімсіреп.— Жәшіктеп үнді шайын, тас конфет берген адамды кім жек көреді.

Рахман креслосынан ұшып тұрды.

— Жала жаппа! Заң бәрімізге де бірдей. Мен де тиісті жерге шағына аламын.

— Жарайды. Сағызбаланы танымайды екенсіз делік. Сонда сіз өткен түні қайда болдыңыз?

— Үйіме қонақ келді. Соған совхоздан соятын мал әкелдім. Нанбасаң барып көр, қорада тұр,— деді Рахман өзіне бір тықырдың таянғанын іші сезе қалып.

Таңат болмашы езу тартты да, басын шайқады.

— Сіздіңше ОБХСС-тағылар ай қарап жүреді ғой?

Рахман аға лейтенантқа бағжия қарап қалды. Жүзінен ұяң жымыиыстың табы кетпейтін Таңатты бұл біраздан бері білетін еді.

Бір жолы бұлардың сауып отырған сиырының бұзауы көш арасында жоғалып кетті де, Рахман милиция

бастығына шағым түсірді. Қылмысты істерді іздестіру бөлімінде инспектор боп істейтін Таңат бұзаудың қалай жоғалғанын Рахманнан ежіктей сұраған. Жоғалған бұзауды тездетіп іздестіріп, таптыртып бере қоймадың деп шыдамсызданған Рахман Таңаттың үстінен шағым айтып: «Барып тұрған жайбасардық өзі екен»,— деп бастығына жамандаған. Рахман онымен кездескен сайын: «Оу, інішек бұзау қайда?»— деп бұны кекете күлетін еді.

Енді, міне, сол ашық ауыз аға лейтенант дәрежесіне жеткен, ОБХСС-тің аға инспекторы.

Рахман оны көзге ілмей «осының қолынан не келе қояр дейсің» деген астам көкірекпен Таңат қызмет бабымен бұдан әлдене жөнінде сұраса, жүре жауап беретін-ді.

Сол өзі теңдігіне алмайтын Таңаттың ойламаған жерде бұны тергеуге алуы Рахманның тыншу көңілін желді күнгі көл бетіндей астаң-кестең етті.

Тегінде Рахман суға кетіп бара жатқандай болсам құтқарып қалуға шамасы жетер-ау дегендерге жағына жүретін. Ондай қолы ұзындарды қайта-қайта қонаққа шақырғыштап жаны қалмайтын. Аудан көлеміндегі тәуір қызмет атқаратын беделді жігіттердің сеніміне ие болып алған оның облыста да жора-жолдастары бар.

Осындайлық демеушілері болғандықтан ол көлденең табыс табуға білек сыбана кірісіп, көз жұмбайға басып жіберетін. Асағысы келгенде көмейіме сүйек кетіп қалады-ау деп еш жасқанбайды. ОБХСС-тағылардан талай рет ескерту де алған.

— Інішек, мені айналдырғанда не шығарасың?— деп, ол аға лейтенантқа дөң айбат көрсетті.— Ертеңгі күні ұятқа қалып жүрме. Менің де жора-жолдастарым...

— Білем ғой.

— Білсең қайтесің мені айналдырып? Мемлекет мүлкі орнында.

— Мемлекет мүлкі орнында болмай, саудагерлердің қолында кетсе қайтпекпіз?—деді Таңат салқын пішінде.

— Саудагерлерің кім, жарқыным-ау!? Мен бе?

— Сіз емес, Сағызбаланы айтамын да.

— Сағызбала деген атты бірінші рет естіп тұрмын,— деді Рахман таңырқаған сыңай танытып,— Өзі еркек пе, әйел ме?

Таңат мырс етіп күліп жіберді. Рахманның өтірік аңқаусимын деп ерсілеу сөйлегені сасқандығы болар деп түйген ол енді негізгі мәселеге көшті.

— Гастрономға он жәшік «театральный» конфеті түсіпті,— деді Таңат алдында жатқан фактураны сұқ сау-сағымен нұсқап.— Дүкеншілерден сұрағанда, саттық деді. Қош делік... Енді сол конфеттің жәшіктерін көрсетіңізші маған.

- Ау, бауырым-ау, қайдағы конфеттің басын ауырытып отырсың? Ойнап отыр ма десем өзің шындап бара-сың ғой, түге — Рахман терезеден сыртқа үңілді де:— Із-дегенің жәшік болса жатыр ғой, әне үйіліп!—деді.

— Ол жерде бізге керекті жәшіктер көрінбейді,— деді Таңат.

— Шайдың да жәшіктері жоқ демексің ғой!— Рахман Таңатқа төне түсті.— Жүзің жылы болғанға адал жігіт пе десем... арам екенсің ғой!

Таңат орнынан ұшып тұрды да, столды жұдырығымен қойып қалды.

— Тіліңізді тартыңыз! Сіз ойлағандай ашық ауыз емес мұндағы ел. Бізде де көз бар. Сағызбаланың үйіндегі сатылған үнді шай жәшікте емес қапта тұр. Демек сіз, шайды қапқа қотарып алып, жәшіктерін әдейі тексеріп қалғандай болса, бізді алдау үшін көрнекті жерге үйіп қойғансыз. Ақ жүрек екендігіңізді білейік, осыдан үш күн бұрын сіздерде сатылған тас конфеттің жәшіктерін тауып бере қойыңызшы.

Рахман жоқты сылтауратып жалтарып көріп еді, Таңат оның аузын аштырмай тастады.

Ашуы алқымына кептеліп булыққан Рахман теле-фонға жармасты.

— Бұл мен ғой, Құреке, Рахманмын. Осында сіздердің... әлгі Таңат... әй, фамилиясы кім еді!?

— Әбеуов пе?

— Иә, сол Әбеуов...

Таңат Рахманның аудандық ішкі істер бөлімінің бастығының орынбасары Құрман Досановпен сөйлескенін біле қалды.

Осыдан он күн бұрын милиция бастығының атына поселке тұрғындарынан шағым түскен болатын. Шағымда орталық гастронормның меңгерушісі Рахман Ошақбаевтың дүкенге түскен азық-түлікті жасырын саудадан артық сататынын жазыпты.

Осы шағым түсісімен демалысқа кеткен бастығының орнында қалған Құрман Досанов бұл іспен шұғылдану үшін оперативтік топ құрып: «Рахман Ошақбаев деген әбден ерік алып дандайсып кеткен. Қылмысын бұлтартпастай дәлелдермен анықтау үшін барынша құпия, сақ қимылдаңдар»,— деп бұйрық берген.

Сонымен кейінгі бір жұмада Таңат бастаған оперативтік топ Рахманның алыпсатарлық жолға түскенін бүге-шігесіне дейін анықтап, оның сыбайластарын да тапқан.

Көптен саудагерлікпен айналысатын Сағызбала деген әйел де бұлардың құрығынан құтылмады.

Сағызбаланы бағана ақ таңнан Таңаттың өзі барып алып келген. Саудагер әйел осы милицияда жауапта отыр.

Бағана ертеңгілік майор Досанов Таңатпен оңаша сөйлескен. Екеуі ақылдаса келе «Рахманның үйіне тінту жүргізу керек»,— деп шешті.

«Сен әлгі конфеттің жәшігін анықтай түс. Мен сен келгенше прокурордан санкция алып, қағаздарды дайындап қояйын»,— деген.

Таңат өзінің қызбалыққа салынып, артықтау кетіп қалғанын біліп отыр. Енді бұны көзден таса қылмау керек деп түйді.

«Әбден құнығып алған ғой,— деді іштей Таңат.— Әйтпесе «театральный» конфетін саудагерге саттырар ма. Сабазыңның өзі де шылқа майға кенелген екен. Бір басында екі жеңіл машина бар. Қаладан особняк сатып алып, оған кооператив институтында оқитын баласын иелендірген. Совхоздарда тамыр-таныстарына бақтырып қойған малдарының өзі бірқыдыру. Жылқысы отыздан, ұсақ-түйектің өзі жүзден асады. Қассадағы ақшасында жік жоқ шығар.

Телефон трубкасын құндағына сылқ еткізіп тастай салды да, Рахман онсыз да шарасынан шығардай шатынаған ала көздерімен Таңатқа жеп жіберердей болып шүйліге тесіреді.

— Ара-м, арамсың сен!— Долырған ақ көз ашумен не істеп не қойғанын білмеген Рахман түтігіп кетті.— Сендерге мен көрсетермін әлі!

— Милиция кеңсесіне жүріңіз!— деді Таңат оған өктем сөйлеп.

— Менің уақытым жоқ! Шешем, шешем өлгелі жатыр!—деді ол өкіректеп.

Мас адамдай тәлтіректей басып далаға шықты. «Дәмімді ішіп, жабығымды тілген опасыздар өңшең!»— деді ол қалтасынан машинаның кілтін алып. Дәл осы сәт кімге кінә тағарын білместей халде еді: мына қасында тұрған ОБХСС-тің аға инспекторына ма, болмаса жаңа ғана телефонмен сөйлескен милиция бастығының орынбасарына ма, әлде оралымсыздық жасап ұсталып қалған Сағызбалаға ма?..

Жан дүниесін астаң-кестең еткен өкініштен есеңгіреп қалған ол, әлі де болса беріскісі келмей суға кеткен тал қармайдының керімен кірлі табанымен басқан ізін жасыруға әрекеттенді де, шұғыл ес жиды.

— Үйге барып келейін,— деді жалынышпен мүсәпірсіп.— Шешем хал үстінде жатыр еді..

— Жоқ, болмайды, жүріңіз менімен ілесіп!— деді Таңат сұп-сұр боп.

Рахман машина есігін сарт еткізіп жапты да, моторға от берді. Лыпып тұрған ақ сұр «Волга» ала қашты.

Үлкен жолмен жүрмей үй-үйдің арасымен төтелей тартқан. Жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап жылдамдата басып келе жатқан Ахат бұған қарсы ұшырасты.

Тежегішті кілт тежеп кабинадан басын шығарған Рахман:

— Апам қалай?— деді.

— Ептеп қысылып... Дәрігер келіп укол сап кетті. Өзінің бір ішіп жүретін дәрісі болады екен. Соны аптекадан алғалы келе жатырмын,— деді Ахат Рахманның өрт сөндіргендей түтігіп кеткен абыржулы жүзіне таңырқай қарап.

— Мен де, міне, апамның халін білгелі...— деп күмілжи тіл қатты Рахман.— Сен еді өзіміздің ғой... Бір жайсыз жағдай боп қалды.

— Не жағдай!?

— Әлгі бір шай жөнінде. Милициядағылар менің үстімнен қылмысты іс қозғапты,— деді Рахман жабырқап.— Осы бастан айтып қояйын. Алда-жалда жұмыс жаманға айналатын болса, «Волга» менікі дерсің. Осы есінде болсыншы...

Ахат не дерін білмей сасқалақтап:

— Машина құрысын! Өз басыңды арашалауды ойласаңшы,— деді Рахманның сұры қашқан абыржулы жүзіне аяушылықпен мүсіркей қарап.

5

Дәрігер келіп еккен соң сырқат ана есін жиды. «Өлді деген осы ғой, өлмегенде нем қалды»,— деп, ол қинала күбірледі.

Қасына келген Мейізге:

— Алмагүлге хабар жіберіңдер, бір келіп кетсінші,— деді. Енді оны өзіне көптен етене болып алған қорқынышты ойлар төңіректей бастады.

Еті қашқан әлсіз саусақтарымен алтын тістерін ырғады. Тістерінің түбі сырқырап көк еті ауырып кетсе де, қолын аузынан алмады. Шыдамдылық танытты. Жасанды тістерін жұлқылап біртіндеп босата бастаған.

Кенет құлағына келіні мен баласының жағымсыз сөздері шалынды.

— Енді қайттік!?—деді Рахман абыржып.

— Осы сұмдықтың боларын күні бұрын сезіп едім, сен ғой ештеңе де болмайды деп бет бақтырмаған!

— Бір амалын табайық та...

«Бұларға бір тықыр таянған екен» деп ойлауы мұң екен Қалампырдың тынысы тарылып қоя берді.

Сырқат ана есінен тануға аз-ақ қалса да, Рахман мен Мейіздің не деп сөйлескенін естіп жатты.

— Әлгі шай қайда?—деді сасқалақтап Рахман.

— Погребте.

— Ендеше ондатр бас киімдер мен кілемдерді де сонда жасыр. Погребтің үстіне төсек жайып, апамды сонда жатқызайық.

— Қой әрі?— Мейіздің үні қатқыл шықты.— Ертеңгі күні жұрт біліп қойса ағаш аттың басына іліп жүргізбей ме?

— Оттаған екенсің!— деп Рахман дүңк ете қалды.— Ана шайды тауып алса, сонда көреміз көрешекті,— деді де сырқат жатқан бөлмеге бет алды.

— Апа, ауыз бөлмеге, салқын жерге жатыңыз,— деді сасқалақтай.

— Жайшылық па? Неге абыржып жүрсіндер?— деді сырқат ана аяқ-қолының дірілін баса алмай.

Содан кейін-ақ науқастың жайы кете бастады. Шығар ауыздағы есігі кілетке қарама-қарсы бөлмеге жайғасқан соң да өз-өзіне келе алмаған. Босаған тістерінің түбі қанап аузына қан толып кете берді де, жүрегі айнып лоқсып-лоқсып жіберді. Бір сәтке демі біткендей көзі аларып шалқалап бара жатты.

Ахат келгенде, Рахман мен Мейіз науқастын аяқ жағында жылап отырған.

Тыстан самбырлап сөйлей енген кимешекті ақ сары кемпір:— Алтын сүйек қарағым-ай! Замандасым-ай!— деп, талықсып сұлық жатқан Қалампырға өз білгенін айтып дем салды да, науқастың бетін ақпен көлегейледі.

Осы кезде даладан ентіге жүгіріп келген көрші келіншек:

— Осында ОБХСС-тық адамдары келе жатыр,— деді әлдебір жайсыз істен хабар бергендей таңданысты кейіпте үй иелеріне бажырая қарап.

Жылап-сықтау үдей түсті. Неге екенін қайдам, Ахаттың көзінен жас шықпады.

Ғазиз ананы өлімге қимай дауыс қойған Мейіз де, балаша қорсылдап жылаған Рахман да тартысты трагедиялық пьесада ойнаған қабілетсіз актерлердей Ахатқа бір түрлі нанымсыз әсер етті.

Бұлардың бұл жыласы ана қазасын аза тұтудан да гөрі өздеріне таяп қалған зауалдан құтылудың есебін таппай дағдарған шарасыздықтан туған дәрменсіздіктей көрінген.

Ал бұл шақта Қалампыр ана тіршіліктің ырду-дырдуынан біржолата алыстап, мәңгі тыныштық мекеніне бет бұрған еді.

Әңгімелер

Ыстық жүрек

1

Жазира енесі жатқан бөлмеден жылап шықты.

Енесінің төсек тартып жатқанына да біраз болған. Аузына сусын тосып, төсегін жаңартып бергені болмаса, Зейнеп шешей мұны аса мазаламаған.

Алпыстан асса да әлі ширақ енесіне науқас оқыстан жабысқан. «Ұлтабарымның басы түйнейді, кесек тамақ ішсем-ақ жайым кетеді»,— деген ол бірде келін мен баласына.

Қайрат пен Жазирада үрей қалмады. Зейнеп шешейді қолды-аяққа тұрғызбай дәрігерге ала жөнелген.

Жазира енесін облыстағы үлкен дәрігерге өзі көрсетіп қайтты. «Ауруханада жатып емделесіз»,— дегеніне енесі көнген жоқ. «Алланың ақ бұйрығына қарсылығым жоқ. Қайрат екеуіңнің алдарыңда кетсем, арманым не? Асарымды асадым, жасарымды жасадым, өлсем, сүйегім өз босағамнан шықсын»,— деп отырып алды.

Апасының науқасы кекті екенін білген Қайрат: «Алматыда білімді дәрігер бар көрінеді»,— деп, Зейнеп шешейді суыт алып жүрген.

Ол жақтан енесі ширақ оралды. Ауруы салмақты екенін іштей сезсе де: «Қайратжаным мені үлкен дәрігерге апарды ғой, жазылмас еркіме қоймады ғой, шүкір, жаман емеспін»,— деді көңілін сұрай келген ауыл адамдарына.

Содан бері жеті, сегіз айдың жүзі болды. Кекті ауру Зейнеп шешейдің қуатын сарқып, күн сайын меңдеп барады, Қол-аяғы жеңіл, шып-ширақ еді, сырқат мең-

дегелі тамыры қырқылған ағаштай солып, құр сүлдері ғана қалды.

Зейнеп шешей баласы мен келінін мазаламайды. Түн баласында ыңырсып дауыс шығармайды, дәрігер шақыртындар деп те айтпайды. Қысылып жайы болмай қалғанда дәрігерді Жазираның өзі шақырып келеді, немесе Қайрат барып хабарлайды.

Кейінгі бір жетіде Зейнеп шешей мүлде төсек тартып жатып қалды. Бұрынғыдай емес, бұларды қасына жиі шақырып: «Кішкене отыра тұрындаршы, құлындарым!»-дейді. Содан келіні мен баласына алма-кезек қарап алып сөз бастайды: «Мен енді бұл дүниенің адамы емеспін...» деуі-ақ мұң екен: «Ондайды айтпашы, апа!» - деп, Қайрат шоқ басқандай ыршып түседі де, Жазира ене сөзінің соңын тоспай, сыртқа шыға жөнеледі.

Бүгін сырқаттың жайы болмай мазасы кетті. «Мен нашарлап қалсам, көрші шалды шақыртындар»,— деп, еді, Жазира жүгіріп барып, Кенже қартты ертіп келді.

Қарт енесінің бас жағына отырып алып, Жазираға түсініксіз бірдеңелерді айтып, сырқатқа дем салды.

Енесі көзін ашты. Шүңірейіп тартылып кеткен салқын көздеріп Кенжеге аударып, басын изеген, онысы амандасқаны еді.

— Тәуірмісің, бәйбіше? Жақсылық алладан болсын,— деді Кенже қарт.

Жазира енесінің басын көтеріп, аузына сусын тосы. Біраз жатқан соң:

— Бүгін қай күн?—деп сұрады.

— Сейсенбі ғой, бәйбіше,— деді Кенже қарт.

Жазира енесінің жүзінен көз айырмай қарады да отырды. Ол дәл қазір ұйқтап оянғандай тыншу күйде еді. Кенет ол жүзін Кенже қартқа бұрды да, «бері таян» деген ишара жасады. Қарт оның аузына құлағын тосты.

— Мына балаларға... ақылыңды... айтсайшы... бірде-не дейін десем... тыңдамайды...

— Не айтайын деп едің?

— Ажал таяу ғой...

Зейнеп шешей кемсеңдеп жылайын деп еді, құрғап қалған көзінен жас шықпады.

Кенже қарт түсіндім дегендей оған бас изеді де, Жазираға қарап;

— Уақыты таянғанда сырқаттың кейінгіге айтатын өсиеті болады. Қанша қимағандарыңмен қолдан келер дәрмен жоқ, қайта өсиет сөзін естіп қалыңдар,— деген.

Қарт шығып кеткен соң, енесі Жазираны қасына шақырды. Ол бұл жолы сау күніндей ширақ тіл қатты;

— Ризамын саған,— деді кемсеңдеп.— Қайратжаным жалғыз ғой, соған сүйеніш бол...

Зейнеп шешей одан әрі әбдіредегі киімдерін кімдерге үлестіру керектігін айтты. Сүйегіне түсетін қадірлес бәйбішелерді де атап шықты.

Жазира енесінің сөзін тыңдай беруге шыдамы жетпей, бөлмеден шыға жөнелген. Төгіліп кеткен көз жасына ие бола алмай, құмығып көп жылаған.

Есіне осы босағаны алғаш рет аттаған күндері түсіп еді.

Рас, осында келін боп түскенде біразға дейін көндіге алмады. Әке-шешесін ойлап жүдеп жүрді. Келе-келе үйреніп кетті, жар құшағы, сәбиге ана болу қуанышы ұсақ-түйек болмашы мұңды көкірегінен қуалап шыққан.

Бақытына қарай енесінің сөзі жылы, мінезі жұмсақ болды.

Қалада өскен Жазира үй шаруасына икемсіз, тік-бақайлау еді. Ол өмірінде қамыр илеп, пешке от жағып көрген емес. Ол түгілі өз көйлегін тігіп кие алмайтын олақ болатын. Ал мал саууға, тіпті де икемі жоқ еді.

Жазираны осындай ұсақ-түйек жұмысқа баулыған —

Зейнеп шешей. «Жазираш-ау, сиыр сауа салшы, пешке от сала салшы»,— деп, артық сөзге жоқ енесі тәжірибелі ұстаздай Жазираны өзіне бірден икемдеп алды да, аясынан шығармады.

Бұған от жағып, мал сауу, нан пісіру сияқты жұмыстар аса қиынға түскен жоқ. Үй болып, бас құрғаннан кейін мұнсыз тіршілік бола ма. Оны қызықтырған енесінің оң қолынан өнері төгілген ісмерлігі. Зейнеп шешейдің қолынан шыққан шым тұскиіз, оюлы сырмақ, құрақ көрпелер көз жауын алады.

Жазира жатпай-тұрмай енесінен сырмақ тігіп, киім пішуді үйрене бастаған. Бес жылдың ішінде ол үлкен бір еңбек мектебінен өткендей болып еді. Әрі оның үстіне Жазира енесінен құрт жиып, ірімшік. қайнатуды, ұлттық тағам әзірлеудің тәсілдерін үйренді.

Бала таптым дегені болмаса Айнаш пен Айнұрдың тәрбиесі енесінің мойнында болған.

Сөйткен енесін өлімге қалай қияды.

Ол көпке дейін көз жасын тыя алмады. Енесінен айрылып қалса өзіне қиын болатынын іші сезеді, әрі ішібауыры жидіп түскендей қайырымсыз сұм ажалға еш қайраны жоқтығын ойлап құсаланады.

Күн бүгін жексенбі. Қайрат оқушы балаларды ертіп тоғайдан қу ағаш жинауға кеткен. Осы үйде отқа тамыздық жеткілікті еді. «Қамсыз болмауымыз керек, апамның беті әрі қарамаса, бері қарайтын емес»,— деген ол Жазираға.

Жазира түк істеп жарытпады. Енесі жатқан бөлмеге қайтып кіруге батылы жетпей ауыз үйде айналсоқтап жүрді де қойды.

Күн кештете Қайрат келген. Апасы жатқан бөлмеге кіріп шыққан ол келіншегінің ұйқысы шала, шаршау жүзіне сынай қарап алды да:

— Не бітірдің?— деді.

— Не бітіруші едім, апам қысылып, күні бойы қасында болдым.

Әлгі жоқтауды жаттадың ба?

— Жоқ...

— Неге?

— Апама өлім тілегендей күні бұрын жаман ырымды бастап қайтеміз?— деді Жазира қабағын шытынып.

— Кім өлмейді дейсің... Қимағанмен бола ма? Енді апам бұл дүниенің адамы емес... Мені түсін сен... Апам жылайтын ана.

— Сен кеткелі көзімнен жас тыйылған жоқ. Апам қысылып қала ма деп зәрем қалмады,— деді Жазира балаша кемсеңдеп.

— Жоқтау айтып сұңқылдап отыр демеймін,— деді Қайрат келіншегіне бір түрлі аянышпен қарап.— Дегенмен, шешей олай-бұлай болып кетсе былай... дауыс шығарғанның несі әбес?

— Енді оны күн уағында көрерміз,— деді де, Жазира көзін орамалымен басып, сыртқа шыға жөнелді.

2

Зейнеп шешей күн сайын төмендей берген. Сөзден де тыйылып, барлық пен жоқтықтың арасында сұлқ жатады да қояды. Аузыла су тамызудан басқа қайраны жоқ Қайрат пен Жазира түн баласында ұйқы көрмей сырқатты кезектесіп күзетіп шығады.

Қайрат мектеп директорына өтініш жазып, бір айға кезектен тыс демалыс алған. Жазираның жүктемесі аздау еді: «Екеуіміз бірден жұмыстан қол үзбейік, сен сабағыңа бара бер»,— деп, Қайрат оған кеңшілік берген.

Қайрат көбінесе ауру анасының қасында болады.

Зейнеп шешей кейде көзін ашып, суалған нұрсыз жанарымен Қайратқа қадалып ұзақ қарайды. Бірдеңе айтқысы келетін болуы тиіс, ернін болымсыз жыбырлатып, кемсең-кемсең етеді де, талықсып кетеді.

Осы кеше түнге қарай сырқат есін жиып, бой жазғандай болды. Қалғып кеткен екен, «Қайрат!» — деген

дауыстан селк етіп көзін ашып алса, апасы тілге келіп, сөйлеп жатыр.

— Су... су, әй-рақат-ай, іш Қайрат, шөлдедің ғой...

Қайрат жалма-жан апасының аузына сусын тосты. Кешеден бері тамағынан ештеңе жүрмей қалған ол шаптаптан екі-үш ұрттады.

Қәдімгідей нәр барып қалып еді. Содан жарты сағат өткенде апасы тағы да тілге келген. Бұл жолы оның небары бір ауыз сөз айтуға ғана шамасы келді. Аса бір қиналыспен: «Нұрғайшаны жылатпа»... деді де, талықсығандай халде сұлық жатып қалды.

Қайрат апасының бұл сөзіне таң қалды. «Тіршілігінде сыйласпай, бір-бірімен ит пен мысықтай болған еді. Нұрғайшаны есіркеп... япырау, бұл не сыр?!».

Апасының тосын сөзі Қайратты балалық шағынан есінде қалған жұмбақ сырға жетеледі.

Ол жылдары Қайрат тым жас еді. Апасының ақ мамасын сүт шықсын-шықпасын марқа боп кеткен кепе қозыша түрткілеп, көкірегінен тұмсығын ертеңді-кеш бір айырмайтын. Апасы биттей көзінен таса болса сәби көкірегін сағыныш қысып көзінен жас кетпейді, одан айрылған аз ғана сәтінің өзі бұған тым ұзақ боп көрінетін.

Сөйткен апасынан мұны бір озбыр күш айырып алып кете жаздап еді-ау. Тым жас болғанымен сондағы қорыққаны есінде мәңгі қалып қойып еді. Бір жолы бұлардың үйіне бір «тәте» келді. Жүзі жылы сияқты еді, сөзі соншалықты дөрекі екен. Шашы беліне түскен ұзын бойлы әлгі «тәте» келе мұның апасына соқтықсын. Онымен де қоймай бұған тап берген, әй-шайға қаратпай қолынан тас қып ұстап алып жетектей жөнелген. Бөжекей тәтеден үрейі ұшқан бұл шыңғырып жіберді, бірақ әлгі тәте мұның жылағанын қаперіне де алмады. Қайратты жерден тік көтеріп алды да, қозы алып қашқан қасқырша тұра жөнелді.

Үрейі ұшқан Қайрат жан даусы шыға: Ойбай, апа!» -

деп шыңғырып жіберген. Одан арғы оқиғаны сәби санасы бұлдыр түстей қабылдаған. Жылай-жылай талықсып ұйқтап кеткен еді, ояна келсе апасының бауырында жатыр екен.

Содан былай қарай ол ұзын шашты тәтелерден қатты қорқып, бейтаныс әйелді көрсе, бетін баса қалатын еді. Осындай қос сүрей халден қашан есейіп ақыл тоқтатқанша айықпаған, Бірақ әлгі бір сұсты әйелді енді қайтып көрмесем екен деп ойлайтын.

Сөйтіп жүргенде әлгі әйел ойда жоқта тағы да сап ете қалған. Ол жылдары Қайрат төртінші класта оқитын. Мектептен қайтып келе жатқанда бойшаң келген бәденді қара торы келіншек артынан қуып кетіп:

— Қайрат-ай, кішкене тоқтай тұршы,— деді бұған

жылы ұшырап - Мә, кәмпит жей ғой, апасының баласы дәу жігіт болыпты-ау.

Бұған елжірей қараған бейтаныс әйелдің ашқарақ қомағай көздері тайқытын емес, енді сәл кідірсе өзін магниттей тартып ала қоятын түрі бар.

Кенет Қайраттың есіне соңау жылғы оқиға сап етті де, ол бойын тез жиып алды. Нәркес көз, бойшаң әйел табан астында ертегідегі жезтырнаққа ұқсап кетті де, Қайрат үйге қарай жүгіре жөнелді.

Апасы бұны есік алдында тосып алды:

— Құлыным-ау, сонша неге жүгірдің?- деді.

— Келе жатыр!—деді де, Қайрат үйге сұңгіп кетті.

Қайраттың соңын ала әлгі бөтен әйел де келді. Апасы байғұс тым жұмсақ қой:

— Жоғары шық, Нұрғайша,-деді де оны төрге бастады. Бейтаныс әйелдің асты-үстіне түсіп бәйек болды.

Бірақ анау арасының қонақжай ниетіне сынбады.

— Қарызымды алғалы келдім,-деді жұмбақтап.

— Мен сенен қашан қарыз сұрап едім, өзің емес пе, кіші қайным өлген соң, жылын тоспай байға тием деп шала бүлінген...

— Баланы тапқан сен емес, мен ғой!- деді бейтаныс әйел сұрланып.

— Балам дейтін болсаң бір жасқа толар толмасында өз қағынан жеріген құланша неге тастап кеттің?- деді апасы келіншекке кішірек көздерімен ата қарап.

— Бағып-қаққаныңды міндетсінсең ақысын төлейін. Сөзді қой да, өзіме бер! Әкеңнің құны болмаса,— деді де, ол апасының артында тұрған Қайратқа тап берді:

— Әй, шешек, бері шық! Жүгермек-ау, сені тапқан мына мен! Үш қайнаса сорпасы қосылмайтын мына қақпастан тудым деп жүрмісің?

Бала жаны бейтаныс ашушаң әйелдің «сенің шешеңмін» дегеніне түк сенбеген. Содан туған күнде де оған ере кететін бұл жоқ. Шынашақтай ғана кішкене апасын мына сырықтай ұзын, ашушаң әйел ұрып тастай ма деп қорыққан

Бірақ бұл жолы да жеңіс апасы екеуі жағында қалды. Оқ жыланша ширатылып шаптыққан бейтаныс әйел түк шығара алмаған соң жайына кетті.

Содан ол бес-алты жылға дейін қарасын көрсетпей зым-зия жоғалды. Қайрат аудан орталығында оныншы класта оқып жүргенде әлгі әйел тағы келді.

Қайрат оның бұрынғы адуын мінезінен қайтып, басылып қалғанын бірден аңдаған. Ол жылап отырып басынан өткеннің бәрін Қайратқа түгін қалдырмай айтты.

Күйеуі көкірек ауруынан мезгілсіз үзілген соң, жас қалған Нұрғайша үлкен қызметтегі бір егде адамға тұрмысқа шығады да, баласын жалғыз басты абысыны Зейнепке тастап кетеді. Кейінгі қосылған күйеуінен бір ұл, бір қыз тапқан екен, екеуі де жастай шетінеп, осы қазірде құр қол отырғанын, күйеуінің бұрынғы әйелінен қалған балалары ерте аяқтанып отау шығып кеткенін, олардың өгей шешелеріне шапағаты шамалы екенін жасырмаған.

— Мені қинамаңыз, өлмес күніңізді көре беріңіз. Апамды жалғыз тастап кете алмаймын. Мейлі одан ту-

масам да апамсыз менің күнім жоқ. Әрі-беріден соң мен сізді танымаймын, аулақ жүріңіз!—деген Қайрат қатқыл үнмен.

Нұрғайша бұған біраз киім-кешек әкелген екен, Қайрат бірін де алмады. «Шүйкедей болса да сол шешемнің тапқаны маған жетеді»,— деп берген ақшасын да өзіне қайыра берді.

— Мектеп бітіресің ғой, институтқа түсіп кетесің, күйеуімнің інілері әйдік,— деп те азғырған.

Қайрат оның азғырынды сөзіне илікпеді. Нұрғайша содан тосын әрекетке басқан. Заң орнына шағым беріп, Қайратқа қоқан-лоққы жасап, күштеп иліктірмекке тырысқан. Бірақ оның бұл әрекетінен түк шықпады. «Менің анам Зейнеп, бұл кісіні білмеймін»,— деп, Қайрат одан ат-тонын ала қашты.

Кейін институттағы оқуын аяқтап, өзі өскен ауылға мұғалім боп келгенде, Нұрғайша мұны тағы да іздеп келген.

Ол баяғы екпінінен мүлде айрылып қалған еді. Күйеуі қайтыс болыпты, өгей баланың қолында тұратын көрінеді. Үйде екі-үш күн болған соң апасы оған жағалы киім кигізіп риза қып аттандырды. «Келіп тұр, бұрынғы өкпе-араздықты ұмытайық»,— деген.

Содан бері ол мұнда ат ізін салған жоқ. Елтеп хат жазып тұрады.

Сөйткен Нұрғайшаны хал үстінде жатқан апасы неге есіркейді? Тумаса да туғандай болған баласына ақтық көз жұмар алдында айтқан өсиеті сол ғана ма? «Нұрғайшаны жылатпа»,— деді-ау...

Қайрат апасының аузына дамыл-дамыл су тамызып, тағы да тілге келмес пе екен деп, қыбыр-қимылын қалт жібермей бақылаумен болды.

Апасының қасында сарылып ұзақ отырғанда ол өткен күндерді есіне алып, балалық шағына ой жүгіртеді.

Қайрат көбінесе кісі үйінде жатып оқыды. Шешесі

мұның соңынан жиі-жиі келіп тұратын. Қалада институтта оқып жүргенде де салып ұрып жетіп келетін. «Апа-ау, несіне әуре болдыңыз, өзім де барып қайтатын едім ғой»,— десе, ол:

«Сағынып қалдым, құлыным сені!»— дейтін. Қашан институт бітіріп шыққанша апасы қарын-қарын майын, қап-қап құртын бұның аузына тосып, киер киімнен де кенде қылған жоқ.

Қайраттың көзінен жасы төгіліп-төгідіп кетті. Ойлап қараса, апасы бір бұл деп тыным көрмей, өмірінің көбін күйбеңдеумен өткізген екен. Келін әперіп, қолын жылы суға малдырдым деп те айта алмайды. Қашан кекті науқас меңдеп жатып қалғанша осылардың бүтіншісі боп, балаларын уатып, асын пісірумен болды ғой. Өсекшілдің сөзінен, сұғанақтың күншіл көзінен қорғаштап, бұлардың намысын жыртып қаншама қайығын бұзды.

Сөйткен анасын туралап келген ажалдан арашалап қалмағанымен соңғы сапарға дұрыстап шығарып салса...

Шешесі айықпас дертке ұшырағалы Қайраттың ойлайтыны осы. Бұрын-соңды басынан кешірмеген қаралы қазаның өзіне түсер салмағын терең сезініп, соған іштей дайындалып та жүр. Апасы да сақ адам ғой, ақіреті даяр. Шапан-шақпыты бір әбдіре. Қайрат қаражат жағынан қысылмайды. Жаназаға соятын мал да дайын. Бұны түптеп келгенде қинайтыны — апасы өлгенде оны ақірет сапарына жөнелтісетін туыс-туғанның аздығы. Зейнеп шешесінің ет жақын туысы жоқтың қасы. Қайрат та бір әке, шешеден жалғыз. Шүкір, әйтеуір, жора-жолдастары баршылық, бірақ жыласуға келгенде кісінің ет жақын туысына не жетсін.

«Апам өлгенде қайтер екенмін? Әлде талықсып... болмаса балаша бақырып жылай берем бе? Ал егер «көзімнен жас шықпаса ше? Онда тіріде масқара ғой! Ту-

мағандығын жасады-ау дейді ғой былайғы жұрт»,— деп те ойға шомады.

Осындай тығырықтан шығудың жолын өзінше қарастырып та көрген. Ойлап-ойлап келгенде, апасын соңғы сапарға ел айта жүретіндей етіп шығарып салуға ниет еткен еді.

Қайрат ойын бөлмекке сыртқа көз жіберді. Күзгі күн бұлыңғыр еді. Терезе алдындағы төрт-бес түп теректің селдіреп қалған сарғыш жапырақтары жел өтінде діріл қағады. Татар дәм, көрер қызығы таусылған жандай сонау ерте көктемде бүршік жарып, көгеріп өсіп бауыр басқан, ұшар басын күн сүйген маңғаз теректерді қия алмай зар еңіреп жылап тұрғандай көрінді де, Қайрат кереуетте көзін жұмып сұлық жатқан апасына жүзін бұрды.

Осы кезде ішке Жазира кірді. Бір буда газетті Қайратқа ұстата берді.

— Хат бар ма?— деді Қайрат салқын пішінде.

— Әлгі... хат жазып тұратын тәте бар еді ғоң, содан ғой деймін,— деп, Жазира газеттің арасындағы конвертті нұсқады.

Нұрғайша хатты Қайраттың атына жазыпты.

«Жаннан артық көретін Жеңеше, Қайрат, Жазира, кішкене қарғатайлар Айнаш пен Айнұр, денсаулықтың арқасында шапқылап жүріп жатқан боларсыңдар» деп бастапты да, одан әрі «Жеңешем сырқат деп естідім, көңілін сұрап барып қайтсам деп едім» деп емеурін білдіріпті.

Қайратқа табан астында сол кісіні шақыртып алсақ қайтеді деген ой келген. Жазирамен ақылдаспаққа ойысты да, ол ниетінен тағы да қайтып қалды,

«Нұрғайша менің туған шешем, апам мені асырап алған»,— деп келіншегіне еш уақытта айтқан емес. Ал Жазира өзі бұдан сұрап көрмеген. Сұрамақ тұрмақ: «Сенің көп мінезің апаңа тартқан»,— деп қоятынын қайтерсің.

Осы арада Қайратқа тағы бір ой сап етті: «Бәлкім, Жазира апам турасындағы шындықты білмейтін шығар, оған ашып айтсам қайтеді?»

Келіншегін ертіп ауыз бөлмеге шықты да:

— Осы сен Нұрғайшаның кім екенін білесің бе?— деді.

— Білем ғой,— деді ол ар жағын айтпай-ақ қой дегендей шаралы көзімен Қайратқа сынап қарап.

— Білсең, шақыртайық. Апам олай-пұлай боп кетсе көмегі тиер.

— Өзің біл,— деді Жазира.

Арада екі күн өткенде Зейнеп шешей жан тапсырды. Тым-тырыс жатқан қалпы о дүниеге аттанып жүре берген. Әп-сәттің арасында үйге толып -кеткен ауыл адамдары Қайрат пен Жазираға кезек-кезек көрісіп, қазалы шаңырақты азалы үнге толтырды.

Қайрат дауыс шығарып жылаған. «Су орнына шай берген апам-ай! Шай орнына май берген апам-ай, жаман күнде жар болған апам-ай, жақсы күнде сән болған апам-ай!»—деп өкірді.

Жазира да дауыс шығарып: «Ұрыспаушы едің-ау, қызыңдай еркелетіп ұстаған енем-ой!» -деп сыңсыды.

Жылап-сықтап болған соң, Кенже қарт көпшіліктің атынан көңіл айтқан.

— Анасы өлген қандай екен дегенде, дуалы ауыз біреу «Ағын суы тоқтамағанмен бірдей»,— депті ғой. Марқұмның алды бейіш, арты кеніш болсын. Құр езіліп жылай бермей аналарыңа жақсылап қызмет көрсетіп, соңғы сапарға ел айта жүретіндей етіп шығарып салыңдар, қарақтарым. Ендігі міндет осы,— деп тоқтаған.

Қайрат екі-үш жерге телеграмма бергізіп шешесін жөнелту қамына кіріскен. Ертеңінде ағайын-туыстың алды келе бастады. Аңырап жылап Нұрғайша да жеткен. Қайратқа көрісіп, көпке дейін құшағынан босатпай қойды. Қайдағы-жайдағыны айтып, дүйім жұртты жылатты.

Әйелдің қайғы ізі айғыздап кеткен солғын жүзінен көп сырды аңғаруға болатын еді.

Қайрат оны бұрынғыдай жатырқаған жоқ. Шашын ақ шалып, бетін әжім торлаған кейуана Нұрғайша бұның көз алдында көкірегіне нұр ұялап, жүзінен мейірім төгілген қамкөңіл анаға айналып жүре берген.

БОРАНДА

1

Сайлау киініп сыртқа шыққанда, ақ түтек боран құтырына соғып тұрған-ды. Ол ширақ адыммен қой қораға қарай жүрді. Қақпа алдына сәл кідірді де, ішке енді.

Кенет алдыңғы жақта тұрған қоңыр саулық қарлығиңқы үнмен маңырады. Іле еңселі кең қораның ішін даңғаза үн кернеп кетті. Өзін жазықты сезінгендей Сайлау шыдап тұра алмады, далаға шықты. Әлдекімдерге кегі кеткендей тістеніп алған. Көңілі ұйқы-тұйқы. Елсіз жапанда азықсыз қалған жолаушыдай шарасыз сезімде қораның сыртындағы маяға барды. Ендігі үміті мен тірегі осы үюлі аз ғана шөп.

Топтала жортқан үйірлі қасқырдай қарлы далада ойнақ салған тентек боранның құтырына соққанына да міне жетінші күн. Күн өткен сайын өршелене түседі, Бұл бетімен қолдағы азғана шөпті түгесіп кететін түрі бар. Ақпанның қақаған аязы әлі алда. Талай қыс құрсауынан амалдап шығып еді, биылғы қыстың бет алысы қатты. Тапқан абырой-атақтан жүрдай етпесе неғылсын?

Осы бір суық күдік шопан жанын аяздай қарып, көңілін түрткілеп мазалай берді. Қиын да, абыройлы еңбекпен айналысқанына да он жылдың шамасы болды. Бір совхоздың маңдай алды орденді шопаны.

Көптен қоныстас болып бауыр басып кеткен Мұқатай өткен жазда басқа бөлімшеге ауысқан-ды. Содан бері ол арқа сүйер тірегінен айрылып қалғандай қоңылтақсып жүр. Қысылған жерде ағасындай демеп жіберетін.

Жаңа көршісі Ақпанмен тіл табыса алмай-ақ қойды. Бұны жассына ма алдын орағыштай береді. Ақпан қой бағудың амал-тәсілін бір кісідей білетін тәрізді. Жер ыңғайын тез шамалап, оты қою құйқалы жайылымға отарын елден бұрын іліктіреді. Бірде Сайлау оған: «Жайылысқа үлкендік жүрмейді ғой, ағасы-ау! Алдымды орағыштай беретініңіз қалай?»— деген.

«Жер жағдайымен әлі таныс емеспін ғой»,— деп сылтауратқан ол.

Ол жел бұзған аққаладай омсырайып қалған маяны бір айналып шықты. Сол-ақ екен меселі түсіп, бөктеріншегін жоғалтқан жүргіншіден өкінішті сезімде ойына күдік алды. Ширыққан ызалы оймен Ақпанның қорасына беттеді.

Көрші шопан көмекшісі екеуі қой қораның алдында тұр екен. Сайлауды ес көріп:

— «Жайшылықта бәрі ат, жан қысылғанда арда қызыл ат» дегендей, жақсы келдің! Боранның бет алысы жаман. Енді бір жұма қойға шөпті қолдан берсек, қарақұстың ұясындай ғана аз шөптен не қалады? Не істейміз?!—деді Ақпан.

— Ауыл ағасысыз ғой, сіздің айтқаныңыз болсын.

— Жоқ сенің алдыңнан шықпаймын. Жасың кіші болғанымен, күн райын, жер жағдайын менен жақсы білесің.

— Отарды талдың ықтасынындағы қорыққа айдап көрейік, — деді ол нық сенімде.

— Онда боранның толастауын күтеміз ғой?

— Әрине...

Осы кезде бұлардың қасына Ақпанның келіншегі Төлжан келді.

Сайлау бір қырын тұрған оған барлай қарады. Бүйрек бетінің ұшы қызарып, кішкене пісте мұрны әнтек дірілдейді. Ұзын кірпіктерін аяз демі шарпыпты. Ойнақы қара көзі күлім қағып, жылылық отын шашады.

Бәз-баяғы қалпы. Аздап толысқаны болмаса, қыз күндегісінен өзгермеген.

Ол кезде екеуі де жас еді, албырт еді. Бірге өсті. Дос көңілдері жарасқан екеуі бертін келгенше бір үйдің баласындай тату болды. Сайлау тұйықтау, Төлжан болса сарт-сұрт еткен ашық мінезді. Уақыт жылыстап өтіп жатты. Төлжан бой жетіп, көз сұқтандыра бастаған. Міне, осы кезде балаң бозбала Сайлау да оған іштей ғашық болып, жүрек іңкәрлігін ашық айта алмай қиналады. Оны сырттай иемденіп жүрді. Тіпті басқалардан Төлжанды қызғанатын да еді. Алайда оған деген іңкәрлігін ашық білдіре алмаған. Хат жазбақ болады, жеме-жемге келгенде айтар сөз аузына түспейді. Достықтың, құрбылықтың татусыз ақ көңілін бөтен де жат сезіммен кірлеткісі жоқ, ақыры!

Бір күндері осы Ақпан бұлардың аулына келгіштеп, Төлжанды төңіректей бастады. Отты көзді, кесек бітімді бөтен жігіт қыз қызығатындай екен.

Сайлау бұлардың қарым-қатынасын кеш біліп қалды. Сол-ақ екен жүрегіндегі құпия сезім оқыс бас көтеріп, қызғанышы күрт тұтанды. Сырттай иемденіп сүйгеніне балаған Төлжанды бейтаныс бір жігіттің ойда жоқта иелене кеткені намысын келтірген. Енді оның жолын кес-кестеді.

— Қыз сүю саған әлі ерте! Он жерден қызғанып қорығаныңмен ол мендік!—деген Ақпан.

Бәрінен де бұрын осы бір сөзі өңменінен өтіп кетті. Ақыры не керек, бейтаныс жігіт 'үстем шықты да, Төлжанды алып қашты.

Сайлау жаман қорланған. Бірақ кімді кінәларын білмеді...

Арада көп жыл өтті. Уақыт алға озып, оның жүре-

гіндегі өкінішті сезімнің ізі көмескі тартты. Бұл да отау шығып, семьялы болды, жар сүйді. Енді міне, толқын түйістірген қайықтай-ақ арада он жыл өткенде дәм-түздары араласып, көрші отыр.

Сайлау жаңа көршісіне пейіл бере қоймады. Құрметтеп шақырып, ерулік беріп сыйлаған. Бірақ сонау бір жылғы ескі жараның аузы қайта ашылғандай-ақ Ақпанның омыраулаған өзімшіл ниетін ол бөтенге жорыды. «Қолыма қонғалы тұрған құсымды үркітіп бір кетіп еді, енді тағы еңбекпен тапқан абыройымды шайқап кетпесе жарады» деген күдікте жүр.

Арадағы үнсіздікті Төлжан серпілтті.

— Жүріңдер, құрт ысытып қойдым,— деді.

Сайлау жылыстай беріп еді, Ақпан оны қолтықтап алды.

— Төлжанның езген құрты бапты келуші еді, ішіп бір сынайықшы,— деді.

Олар ақ түтектің арасынан қарауыта көрініп тұрған шатырлы үйге беттеді...

Сайлау құрт ішіп іле сыртқа шыққанда, жел бәсеңдеп, боран толастап тұрған. Ол қуанып кетті. «Иә, сәт-ай!» - деді іштей. Сосын тез-тез адымдай жөнелді. Кенет есіне Ақпанның сөзі түсті. «Сенің алдыңнан шықпаймын, тәжірибең бар»,— деді-ау. «Ай, қуын қарашы! Ертеңгі күні оқыс бір жағдай болса, менен көрмек қой»— деп ойлады.

Ол үйге таяп қалғанда, Жұмакүл қарсы шықты. Сұңғақ бойлы, аққұбаша әдемі келіншек еркекше киініп алған. Сайлауды кеп бас салды.

— Күресің бар ма?!— дейді сылқ-сылқ күліп.

Сайлау жайсыз бір іс жасап қойғандай қызара күлімсіреді. Келіншегінің еспе желдей көңіл тоңын жібітіп жіберетін ақ жарқын мінезі жан дүниесін майда ғана қытықтап өткендей болды.

— Жұмакүл, қойды қорыққа айдаймыз! Кемел ағай-

ға барып айт, атын еріттесін,- деді, зор бір іске тәуе-
кол еткендей.

2

Күн ызғарлы. Жел сәл баяулап, жаяу борасың ша-
бап сырғиды. Көк жүзін торлаған қалың бұлт құрсауы
әлі жазылар емес. Жел қатайса-ақ бұрқырап кететін
түрі бар.

Мана маяға қашып, ауыл ортасынан зорға айдап
шыққан екі отар қойды аттылы-жаяулы ауылдың бар
адамы талды өзектің ықтасына қарай айдап барады.
Неше күн бойы оты қанбай аш құрсақ болып қалған
қойлар желге қарсы беттей алмай, құлақтарын қаққы-
лап, ұйлыға топырласып баяу жылжиды. Кішкене ніы-
мыр тұяқтарын қар бетіне нық қадап, алға қарай өзеу-
рей ұмтылады.

Алда келе жатқан Сайлаудың отары еді. Ол шауып
барып жер шолды да, талдың ығындағы былқылдаған
қорыққа ат басын тіреді. Іле Ақпан да отарын қорыққа
іліндірді.

Бұл шақта бұлт ыдырап, боран ала қаншықтап тұр-
ды. Сайлаудың арқа-басы кеңіп сала берді. Ат үстінен
қалың түскен қарды құрығының ұшымен еспелеп қат-
тылығын байқады, сосын күн райын баққыш сергек-
тікпен алыс көкжиекке түйіле қарап алды да, басын
шайқады.

— Ақсақал, сіз ауылға қайтыңыз. Арық-тұраққа шөп
беріп болған соң, кешікпеңіз. Күн райына сенім жоқ.
Алдап соғып қапы кетіп жүрмейік,- деді көмекшісіне.
Сосын атын тебініп қатарында жатқан Ақпанның ота-
рына қарай жүрді.

Екеуінің әңгімесі күн райынан әріге бармады. Қа-
тал қыстың құрсауы бұларды бір-біріне жақындата түс-
кендей ме. Көкейдегі ортақ мақсат, ортақ мүдде көңіл
күрбеңін ұмыттырып жіберген.

— Жел аумап тұр. Кек сақтаған адамдай күн қаба-

ғы да түнеріңкі. Боранның қайта басталуы ғажап емес. Тек сақ болайық. Боран күшейсе біздің панамыз тал,— деді Сайлау.

Ол іле кейін қайтты. Қойлар талдан алыстап, тепсеңге ойысқанын көрсе де, отардың алдын бөгемеді. Тұяқтарымен кесе қарды бұрқырата есіп құнжындап тебіндеп жатқан қойлардың ширақ қимылына қызыға қаран тұра берді. Тіршілік нәрі үшін күреске бел шеше араласқан кішкене өмір иелері алдынан өрт салсаң да елер емес.

Бір қауым уақыт өтті. Кенет жел күшейіп, аспан түнере қалды. Ұйтқи соққан қарлы боран әп-сәтте ақ түтекке ұласты.

Сайлау шапқылап отарының басы-аяғын түріп иіріп алмаққа атой сала қимылдап еді, қатты соққан жел өтінде қалған қойлар қайыру бермей, ықтауға бет алды.

Сайлау қапы кеткенін бірден сезді. Малдың аузына қараймын деп, отарын талдың ықтасынынан алыстатып алыпты. Енді не істемек?!

Ол жан ұшыра айғайлап, шауып жүріп, қойдың алдын бөгеді. Артынан жүздеген бишікпен шықпырта айдап келе жатқандай отар алға кимелеп келеді;

Оның тынысы тарылып кетті. Өкініш пен үрей қабаттаса есін алып заматта қорқынышты ой келді басына. Бір сәт жер шамасын бағдарлады. Талдан бірқыдыру ұзап кетіпті. Бірақ нағыз жел өтіне іліге қойған жоқ екен. Енді бір жүз қадам ілгерілесе, жалаңаш тепсеңге іліккен қойлар аяғы-аяғына тимей, ақ дүлейге сіңіп кете баратын. Осы халді аңдаған ол мойыл құрықшаны оңды-солды сілтеп, қойдың алдын бөгеп, орпынан жылжытпауға әрекет етіп көрді.

Ұйлыққан отар қарлы өзектің бетімен тосқындай алға кимелеп, ыққа қарай лықси жөнелді. Ол өрттің ығында қалғандай-ақ тынысы тарылын бар даусымен тұйшыға айқайлады.

Осы мезетте ақ дүлейдің арасынан қылаң етіп шыға келген бір аттылы соңындағы иттерін айтақтап, ыққан койды үркітіп қуып, кейін қарай серпіп тастады да, қойдың жел жағына шықты. Содан шапшаң қимылмен артындағы бір бума шөпті жерге тастай салды. Қойлар шөпке бас қойған кезде, саумалап ілгері қарай сүйрете жөнелді. Тіршіліктің бір шөкім нәріне бола отардың беті бері ауып, қарсы соққан боранды елеместен талдың ықтасынына таман бірте-бірте жақындай берді.

Сайлау да жан-дәрмен құрықшасын оңды-солды сілтеп, қойларды айдап жүр.

Ол қапелімде ақ дүлейдің арасынан сүйрегендей етіп зор қатерден алып шыққан аттылының кім екенін аңғара алмаған.

Әлден уақытта Жұмакүлдер көмекке жетті.

Талдың ығы саябыр екен. Ықтасынға іліккен қойлар қар тебе бастады.

Сайлау үлкен бір қатерден аман қалғанын сезінген сайын жан дүниесін қуаныш кернеп, жүрегі өрекіп кетіп еді. Сол сәт ол қарсы алдында ат үстінде тұрған Ақпанды көрді. Беті қарауыта шаңытып кетіпті. Сайлау атын тебіне оған таяп келді. Қапелімде аузына әсерлі сөз түспей, үлкен көздері мейірім отын шаша, оған соншалықты ризашылықпен мейірлене қарады.

— Ақа-ау, өз отарың қайда жатыр?!—деді өзгеше қамқор ниетпен.

— Көмекшімді қалдырдым! Талдың ығында. Сен қоймен ырғып бара жатқансын, жан-дәрменмен жеткенім ғой,— деді Ақпан саңқылдаған ашық үнмен.

— Оныңызға рахмет!—деді ол. Сол сәт ол көңіл көкжиегінің кеңейіп, күдікті ой мен секемшіл сезіктен арылған жан дүниесінің ашық күндей жарқырап кеткеліпін сезінді.

Жетінші класты бітірген жылым еді. Завферма ағай айыр ұстауға шамаң жетеді деп мені пішеншілерге қосып жіберді. Көршілес қой фермасының шөпшілерімен қатар жалпақ шабындыққа таласа-тармаса шалғы салып, жұмысты қыздырып жатқанбыз.

Балалардың ішіндегі ең жасы мен болғандықтан, көбінесе сүйреткіге жегілген өгіздерді жетелеймін. Анда барып кел, мұнда барып келдің айналасында шапқылап жүремін. Мені көбінесе Нөсераға қасына ертіп алады. Ол машинамен шөп шабады. Қос өгіздің алдына Құлагерді көсем жегіп, ұзын бишікті шартылдатқанда. Нөсерағаның машинасы суырылып алға шыға береді. Сондай сәтте оның қара сұр жүзіне нұр ұялап, көздері өзгеше жайнап кетер еді. Еңкіштеу бойын тіктеп, шөп машинаның өршігіне нығыздала отырған ол менің көзіме қылыш ұстап жауға шапқан қас батырдай көрінетін. Мұндайда жаусата шабылған шөпке жұрт сүйсінсе, Нөсераға Құлагерге риза болып отыратын.

Нөсербай теректей бойшаң, шомбал қара жігіт. Оның бір басына тағылған екі-үш есімі болатын. Жеңгелері біртоға тұйық мінезіне бола Үндемес қайным деп тақымдаса, құрдастары дүлей деп қажыртатын. Ал біз, балалар Нөсераға деп атаушы едік. Оны мен айрықша іш тартатынымын, өйткені ол менің жақын ағам.

Түске тармаса аспанға бұлт үйірілді де, найзағай ойнап күн күркіреді. Іле жаңбыр жауып, шөп атаулының кекілі суланып шыға келді.

«Дамыл қара келді ғой, бүгін жұмыс болмас», - деді Нөсераға өгіздерді доғарып жатып.

«Дамыл қара» дегені — жауып өткен қара бұлт. Шөп су болса шалғыға түспейді. Жаңбырға шыланған шөпті дегдімей шөмелеге салуға және болмайды. Сол себепті де пішеншілер жауын бұлттын «дамыл қара» деп атайтын.

Соңғы күндері жаңбыр жиілеп тұр. Жаңбыр жауды дегенше, Нөсераға көрші ауылдың пішеншілеріне тайып береді. Көбінесе қасына мені ертіп алады. Байқаймын, ол көрші ауылдың шөмелеші қыздарына қырындайтын сияқты. Онда да «Жығылсаң нардан жығыл» дегендей, завферманың қызына... Есімі - болғанымен бастықтың қызы болған соң ба, Сауық маған ә дегенде тым тәкаппарлау көрінген. Өзі былайша өңсіз де емес, бірақ аса алып бара жатқан сұлу да дей алмаймын. Жау қабақтау, бүйрек бет, қара торы қыздың қос бұрымдап өрген қолаң шашы тірсегін соғып, көрер көзді еріксіз тұқтандырғандай еді. Көздері де сондай тартымды: ішімдегіні тап деп қылымси, кісіге тік қарайды. Нөсерағаның назары түскен қыз болған соң ба, мен Сауықты жер бетіндегі бой жеткендердің шолпаны деп білдім. Нөсерағаның не болса да ішінде. Бірде маған Нөсераға: «Әмеш, ана завферманың қызын қалай көресің? Ағаңа жар болуға жарай ма?-деді. «Күшті!»-деп салдым мен.

Нөсераға жымың-жымың етті. Екеуара құпия әңгімеден соң ол мені көрсе жымыңдай беретінді шығарды. Ол Құлагерге ер салды. Құлагер- мүйізі доғаша иілген, пұшық мұрын, тұрықтылау үлкен сары өгіз. Ал енді бар ма, Құлагердің күштілігіне, әсіресе жүйріктігіне шәгіңіз болмасын. Төрт аяғы тайпалған жорғадай майпаң жүрісті, мөңкіп шапқанда атқа жеткізбейтіндей ұшқыр Құлагердің иесі, бейнелі тілмен айтқанда бапкері Нөсербай еді.

Нөсерағаның жүйрік өгізі турасында, біз, балалар, неше қилы аңызды ертегідей өрбітіп әкетуші едік. Сондағы біз айтатын аңыздың сарыны былай боп келеді. Бірде Нөсераға Құлагермен аң аулап жүрсе, алдынан тайыншадай көкшулан шыға келеді ғой. Қасқыр қашпайды, өгізді адам маған не істейді дегендей желе жортып қыр асып кетеді. Нөсераға өгізге қамшы-

ны басып қалып, қасқырды бастырмалатып қуып берді де, жетіп-ақ барады ғой. Бірақ қолында сойылы жоқ бопты, әйтпесе «тас қапқырды» соғып алатын екен.

Енді бірде Нөсербай көрші ауылдың жігіттерімен бәстесіп атпен Құлагерді жарыстырмай ма, сонда Нөсерағаның Құлагері аттылыдан оқ бойы, алда келген екен дейді... Нөсерағаның Құлагеріне байланысты осы сарындас аңызды біз, балалар, ертеңнен қара кешке дейін айтсақ бір жалықпаймыз.

Нөсераға мені артына мінгестіріп алды да, жөнep берді.

Жұмыстан қолдары босап, арқаларын кеңге салған пішенші кыздар Нөсераға екеумізді қоршап алды.

— Ағасы, сіздің мына өгізіңіз жүйрік дейді ғой, — деді кыздардың бірі.

— Жүйріктігіне дау жоқ, — деп жымың етті Нөсераға.

— Құр дақпырт та, іші қампиған екен, — деді үкі.көз, сары қыз Құлагерді бүйірден нұқып.

Осы кезде сөзге Сауық араласты.

— Әй, кыздар, сендер түк біліп тұрған жоқсыңдар. Менің көрген түсім рас болса, дәл мына пұшық мұрын. сары өгіз бар ма, атқа жеткізбейді.

Манадан бері сөзге араласпай шеткері тұрған бригадир Өсербай есімді жігіт Сауықтың сөзіне шырт етіп ашулана қалды.

— Е, сонда Нөсербайдан басқамыз өгіз емес, тасбақа мініп жүр екенбіз ғой?! — деді ол инеліктей ұзын бойын шыбықша иіп.

— Кел, бәстесейік! — деді Нөсераға, — ең тәуір деген өгіздеріңді шығар, оқ бойы алда келмеді бар ғой, дәл көз алдында қорқыратып бауыздап тастаймын Құлагерді!

— Пау деген! Кішкене шегерсең қайтеді? — деді Өсербай имек танауын шүйіре Нөсербайға төне түсіп.

— Айтқаным — айтқан, кәне, шығар өгізіңді! — деді Нөсераға қатуланып.

Өсербай қауіптенейін деді ғой деймін, жарысқа таңдап үш өгіз қосты. Біздің жақтан жалғыз Құлагер ғана. Межелі жерге бұлкекпен барып, қайтарда жарысып келу керек.

Нөсераға мені Құлагерге мінгізіп жатып:

— Басын ірікпе, мөңкіп шапқанда ерден ауып кетіп жүрме! Алда-жалда басқа балалар сені басып озатындай болса, Құлагерге сонда ғана қамшы бас,—деді қолыма бишікті екі бүктеп ұстатып.

Белгіленген жерге май бұлкілмен бардық та, жарысып бердік. Құлагер салғаннан суырылып алға шықты. Жәй жүргенде жүрісі майда болғанымен, шапқанда үсті жайсыз екен. Ердің алдыңғы қасынан тас қып ұстап алдым. Маған солай көрінді ме, әйтеуір, Құлагер құстай ұшты. Ойлы жерден орғытып, қырлы жерден қарғып алға ұмтылған Құлагер ұшыртып келеді. Шабысының қаттылығы соншалық — қарсы алдымнан жел тұрып, көзімнен жас парлады. Артыма бұрылып қарауға мұрша жоқ, әйтеуір, алдыма түскен қара болмаған соң Құлагерге қамшы ұрмадым. Әбден жарысқа қосылып әккіленген жануар мен мұрындық тежегенде ғана шабысын баяулатты. Шоқ талдың көлеңкесінде отырған пішеншілерден өтіп барып қайта бұрылдым.

Нөсераға жүгіріп, алдымнан шықты.

— Әлгілер қайда? - деді жымың-жымың етіп. Сонда ғана артыма қайырылдым, мүлде қара үздіріп кеткен екенмін, Құлагер солығын баса бере, көрші ауылдың бәйгішілері де қырдан бері асып түсті.

Өсербайдың манағы екпіні жоқ. Имек танауы қусырылып, уытсыз көздері шарасынан шыға шатынап кеткен.

— Өсербай сен қателестің,— деді Сауық сылқ-сылқ күліп,— сирағың ұзын, өзің жарысқанда болатын еді...

Көрші ауылдың пішенші қыздары Құлагерді қоршап алды. Ересен жүйрік «шаң мүйіз» сары өгізге ентелеп келгенімен назары Нөсербайда.

Нөсераға -тым көңілді-ақ. Өгізі бәйгеден келіп, бәсі балды болғанға мейірленіп күлім қағады. Ол көбінесе Сауыққа ұрлана қарап, қыздан көзін айырмады. Сауық та оған қарай бейімделіп, жігітке ықыласты көз тастайды.

...Сол күні біз жұмысқа шыққан жоқпыз. «Дамыл-қара» қайта-қайта күн көзін бүркей берді де, шөптің шығы кеуіп үлгермеді.

Пішеншілер екі үй. Нөсербайдың үйінен басқа, Науша шалдікі бар. Біздің штаттан тыс бригадиріміз сол кісі. Үлкен-кішіге зілі жоқ, майда тілді қарт босқа жатқанша қораның қара қиын аударайық деп пішеншілерді жақын маңдағы қыстаққа бастап кетті де, Нөсераға екеуіміз үйде қалып қойдық. Ол басым ауырды деп сылтауратқан. Нөсерағаның басы емес, жүрегі ауыратын тәрізді. Әлдебір ән әуенін ыңылдап, қарағайдан ойып жасаған қысқа мойын домбыраны шерткілей түседі. Нөсераға домбыраны бір сыдырғы тәуір тартады. Құлаққа жағымды қоңыр даусы да бар.

— Құлагерге арнап ән шығардым,— дейді. «Құлагер айналайын жануарым, мен саған өл-өлгенше табынамын»... Соңғы екі жолы есімде қалмапты. Ол сол күні қатты толқулы еді. Көз алдында қырын түсірмеген Құлагерден қалай айналмасын.

— Шіркін, біздің Құлагер-ай, мүйіздінің қара тілі ғой! Есінде болсын, түйенің жүйрігін - желмая, аттың жел жетпесін - тұлпар, өгіздің жүйрігін - қара тіл дейді. Ал Өмеш, - деді маған ғана айтар сырын өзгеден қызғанғандай даусын баса сөйлеп,— бұйырса Құлагерді таяуда бір үлкен сынға саламыз.

Менің жүрегім тулап қоя берді. Нөсераға Сауықпен сөз байласқан ғой шамасы.

Бұл түні Нөсераға көрші ауылдың пішеншілер қосына өзі ғана жалғыз кетті. Ертеңінде ол көңілді жүрді. Шабындықтан қайтқан соң Нөсераға Құлагерге жететін қос дөңгелек арбаны майлап шықты. Ел орынға

отыра жолға шықты. Бет алысымыз — көрші ауылдың пішеншілер қосы.

Аспан бұлттан айыққан. Жұлдыздар жымың қағады. Нөсераға екеуміздің жолымызға ақ тілеу айтып, құттықтап тұрған сияқты. Түнгі даланың демі салқын еді. Иық басқан шөп атаулының кекілі ай жарығына шағылысып жылт-жылт етеді. Төңірек мүлгіп тұр. Тіршілік біткен түн бесігінде тербеліп алаңсыз ұйқыға кеткендей.

Нөсерағаның қандай ойда келе жатқанын қайдам, қиялым сан саққа жүгіріп, қилы-қилы ойға берілдім.

— Сауықты алып қашамыз ба?— дедім делбе ұстап отырған Нөсерағаға сүйкене түсіп.

— Көреміз ғой,- деді де ол Құлагерге қамшы басты. Неге екенін қайдам, біздің бүгін жолымыз болмайтын шығар деп күдіктендім.

«Егерки Сауық уәдесінде тұрып, Нөсерағамен қол ұстасып кете барса, Өсербай бригадир жолымызға тосқауыл қойып шатақ шығармаса жарар-ау!» —деп және ойлаймын. Енді бір кезек Сауық туған үйін тастап әкешешесін, бауырларын қиып қалай кетер екен деп оны да өзімше мүсіркеймін.

Пішеншілер қосына «әудем» жер қалғанда Нөсераға Құлагердің басын ірікті. Қосқа жақындамай өзекке келіп тоқтадық та, ақыл қорыттық. Мен арбаның қасында өгіздің басына ие болып қалдым да, Нөсераға қосқа жеке тартты.

Тың тыңдап тұрмын. Сәлден соң құлағымға біреулердің үні шалынды. Қешікпей-ақ бір адамдай болып құшақтасып келе жатқан Нөсераға мен Сауықтың нобайы көрінді.

«Өй, алақай, жолымыз болатын болды ғой!»—деп қуанып кеттім. Қенет бұл қуанышым су сепкендей басылып қалды. Неге десеңдер, Сауық қашатын қыз сияқты көрінбеді маған. Ол тым жайбарақат еді.

— Болашақ қайның Өмеш деген осы болады. Қашан

жеңгелі болам деп мазалап жүр. Шешейден де бұрын інішекке өтірікші боп біттім... Ендігісін өзің біл,—деді Нөсераға қыздың білегінен қысып-қысып қойып.

— «Сағыныш түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа» деген. Бір айдың әрісі не, берісі не? Шөп шабу аяқталсын... Бәрібір мен сендікпін ғой, Нөсерекесі,-деді Сауық өтінгендей болып жігітіне ынтыға қарап:

— Мендік болсаң ер соңымнан! Осы қазір кетейік қол ұстасып,-деді Нөсераға қызға жабыса түсіп,-аясаңшы мен пақырды?! Сегісіз қалай таңым атып, күнім шығады?!

Бұл жолы Сауықтың үні тым жалынышты естілді.

— Айттым ғой, Нөсерекесі, бір айға шыда деп! Үй-күйі жоқ, әке-шешесіз жетім қыздай даладан қашып кеткенім... ерсілеу емес пе?! Ең құрыса шешемнің ризашылығын алайын.

Нөсераға тосылып. қалды. Сауықты алып қашсақ, деген үміт оты санамда бір өшіп, бір жанып шыдамым таусылып біткен мен батылданып:

— Тәте, біз сіз келеді деп тойға дайындалып жатырмыз ғой,—деп салдым.

Сауық күліп жіберді.

— Жігіт жолдастың сөзін қарай көр?!

— Енді қайтсін... Расында, шешейдің пісірген бауырсағы бір қаптан асып кетті,— Нөсераға қызға жалынышпен үздіге қарады.— Тәуекел етсең қайтеді! Ендігі жерде сені бір сағатқа да көзімнен таса қылатын жайым жоқ! Мінші арбаға! Ақ жолыңа мына айлы түн жұлдыздарын шашу ғып шашсын! Қасыңда мен тұрғанда неден қорқасың?..

Сөйткенше болған жоқ, пішеншілер қосынан дабырлаған дауыс шықты.

— Әй, тоқта! Қайда барасыңдар?!-деді біреу бізге қарай келе жатып.

«Қап, ұсталып қалатын болдық-ау!» - деп өкіндім мен.

Әлгі айқайлаған Өсербай екен.

Өсербай келген бетте Нөсерағаға соқтықты. Сауықта үн жоқ.

Пішеншілер өре түрегелген. Қостан атып-атып шыққан қыздар бері қарай салды. Аңдыздап жүгіріп келеді. Араларында мен қатарлы балалар да бар.

Қыздарды арқа тұтты ғой деймін, байқаусыз тұрған Нөсербайды әлгі неменің қағып жібергені. Нөсераға шыдамдылық танытты.

- Әй, қойсайшы! Ойының ба десем шындап барашың ғой өзің?

Нөсерағаның қол көтермегеніне дәс алған Өсербай;

— Ойнағанды көрсетермін саған! Қарай гөр, бұның пысығын! — деп өзеуреді. Қыздар «бір ашуыңызды беріңіз» деп жалынған сайын ол үдеп-үдеп салды.

Алпамсадай зор тұлғасына қарамастан Нөсербайдың инеліктей имиген ұзын тұра Өсербайдан ықтап, көрші ауылдың қыздарына таба болғаны намысымды келтірді. Бірақ қолымнан келер не қайран бар?! Қыз алып қашамыз деп жүргенде ауылға таяқ жеп қайтамыз-ау деген өкініш жүрегіме инеше қадалды.

Өсербайдың жуық арада ашуы басылатын түрі жоқ, көрші ауылдың арыстай бір жігітін қоянша бұқтырғанға мерейі өсіп қалған ол қадалып қоймады:

— Жіберіңдер деймін! Миын аузына түсірейін дүлей неменің... - Кенет манадан бері үнсіз тұрған Сауықтың даусы саңқ етті:

— Оны да шешесі тапқанда бір аяқ май ішкен шығар! Байқа, жігітім!

Өсербай тосылып қалды.

— Жүйрік өгізі болғанға қызығады екенсің ғой! ғашығың екен ғой!.. Білдім, білдім... Сен қыз дәу де болса осы дүлейге тиейін деп жүргеннен сауымысың?

— Ал кетемін! Осы қазір кетемін, ал!—деп қыз жұлынып Өсербайға төніп барды.

— Өмәй чикін! Кете қоюдың оңайын!..

Дәл сол сәттегі Сауықтың жан толқынысын тап басып айта алмаймын. Ұзын тұра Өсербайдың сөзіне қорланып көзсіз тәуекелге басты ма, болмаса Нөсербайды сүйген көңілден қайта алмай берген сертінен айнуды орынсыз көрді ме:

— Егер шынымен мен дейтін болсаң, ердім соңыңнан! Ат мінген жігіттердің де әуселесін байқадық қой, азар болса өгізбен алып қашарсың!..— деді Сауық Нөсербайға қарап.

Одан соңғы қарбаласты анық айтып бере алмаймын. Сауықты құрбылары жұлмалап арбадан түсірмекші болғанын, Өсербайдың Нөсерағаны тағы да ұрам деп ұмтылғанын, Нөсербайдың оны іштен бір теуіп мықшитып кеткенін ғана анық білемін.

Апай-топай қарбалас сәт сейіле бере, ес жиғанда, арбада үшеуіміз ғана отыр едік. Сауық мені тас қып құшақтап алған. Нөсераға Құлагерге қамшыны үсті-үстіне басып келеді.

Қуғыншылардан қара үзіп былай шыққан соң, Сауық мені баурына қысып, бетімнен сүйді. Мен осы сәт оның көзінен тамған ыстық жасын сездім. Бұл - арнасынан асып төгілген қуаныш жасы екеніне күмән жоқ еді.

Одан әрі не болғанын ашы ішектей созып жұбалтпай-ақ қояйын. Қелінді болған біздің ауыл дүрілдетіп той жасады. Жиырма алтыға келгенше үйленбей жүріп-жүріп, ойда жоқта завферманың қызын қағып түскен Нөсербайға салмақ салмай, ынтымақшыл ауыл адамдары той шығынын бөлісіп көтерді.

Жігіт жолдас болған менің де еңбегім еш кетпеді. Жеңгем қайындарына ат қоятын салтпен мені Жекежігіт деп атап кетті...

Осы -таяуда жолым түсіп Нөсерағаның үйіне бардым. Қөп жылдан бері жүз көріспей, аға-жеңгемді қатты сағынған едім. Жеңгем көпке дейін құшағынан босатпады. Елуден асып шау тартқан Нөсераға да бетім-

нен сүйіп, құшағына қысты. Ағай совхоздың қос орденді механизаторы көрінеді. Құлагер орнына «Қ-700» тракторын тізгіндеп ұстапты.

Нөсераға өткен-кеткенді айтып, түннің бір уағына дейін әңгіме шертті. «Жеке-жігіт-ау, ағаңнан мен де қалысқан жоқпын, байғазы бер»,— деп, Сауық «Ардақты ана» алтын жұлдызын көрсетті.

Ертеңгісін кеш тұрдым. Нөсераға жұмысына кетіпті. Жеңгемнің ықыласты құйған дәмді шайын қана ішкен соң тысқа шықтым. «Қонақ аз отырып, көп сынайды» дегендей, аға-жеңгемнің қора-қопсысын өзімше аралап көріп жүрмін. Елеусіздеу жерде екі дөңгелекті ескі арба тұр екен. Баяғы Құлагерге жететін арбадан көпке дейін көз айырмай қадалып қарап қалыппын...

КӨНЕНІҢ КӨЗІ

Шал жататын бөлменің жиһазы жұпыны. Төр қабырғаға ескіріп өңі түскен тұскиіз ілінген. Еденге жұлым-жұлымы шыққан қара ала сырмақ төселген. Бұрышта абажадай ескі әбдіре. Әбдіренің тұсында күміс кісе мен сары бас қамшы ілулі тұр.

Байтемір қарт үйреншікті әдетімен жұмсақ құс төсек үстінде жерде жататын еді. Бөлмеде қолға ұстайтын кішірек радио бар. Ол қазірде сол радионы сөйлете алмай әлек, радионың құлағын әрі, бері бұрап, өзіне керек толқынды ұстай алмаған соң:

— Уа, қайсың барсың? Біреуің бері келіп кетші! — деп дауыстады. Сірә, үйдегілер тысқа шығып кеткен ғой деймін, жауап болмады.

Ол радионы сөйлетпек боп тағы да айналдырып көрген. Сірә, батареяның күші азайған болар, амалы таусылған ол: «Әлгі Шалқардан» беретін концертті тыңдай алмайтын болдым-ау»,— деп өкінді.

Өрісі таусылған шідерлеулі аттай үйден айналсоқтап шықпайтын шалдың ермегі кәрі жолдас домбырасы мен осы радио. Немерелері бар, құдайға шүкір. Қарт үрім бұтақты. Төрт баласы - төрт үй, екі қызы тұрмыста. Балаларының бәрі оқыған. Ол ортаншы баласының қолында тұрады. «Жағыңыз түсіп Жамбылдың жасына жетпей өлмейсіз, сізді біз оңайлықпен құдайекеннің қарамағына бере қоймаймыз», - дейді балалары.

Қартқа кемпірінің өлімі үлкен соққы болып еді, қыздай қосылған қосағының орны бөлек екен. Кемпірі дүние салғалы қанат-құйрығынан айрылған кәрі бүркіттей пеш түбінде отырып қалды. Әкетіп бара жатқан ауруы да жоқ, сексеннен асқанымен ақыл-есі бүтін, жүріс-тұрысы ширақ. Бірақ ендігі жерде өріс таңдаған кәрі түйеше қақшаңдап тобырды көбейтіп топқа қосылғаннан не мұрат табады? Базарлы тіршіліктің ду-думанына кісі тоя ма. «Енді маған базарда не бар, дәулет жиятын кезден өтіп кеттік. Дұшпанның жаласы, достың табасы кәрі адамды бұрынғыдай мазаламайды. Құлағымды дүние сөзіне сарылтып, пендешілікпен біреулерді жамандап ғайбат айтқанша ендігі қалған ғұмырымды балаларымның тілеуін тілеп, тыныш қана өткізейін», — деп үйде отырып қалған. Қызмет бабымен әр жаққа тарап кеткен балаларын жағалап қыдыруға да құлықсыз.

Қарт ертеден қара кешке дейін радионы тыңдаудан жалықпайды. Одан қала берді кәрі жолдас домбырасын қолына алады да, тыңқ-тыңқ шертіп жатады да қояды.

Осы кеше мәдениет сарайында үлкен концерт болды. Баласы мен келіні мұны концертке алып барған. Ұзақ жасаған ғұмырында мұндай дәмді ән мен күйді тыңдап көрмеген шығар-ау. Жоқтан өзгеге әсерленетін сергек кезден өтіп кеткен кәрінің көңілі шалқып, көзі

жасаурады. «Уай, бәрекелді, көп жасаңдар!» -деп, дауыстап та жіберген. Қасында отырған келіні мен баласы: «Айқайламаңыз ата, ұят болады», - деп жеңінен тартты.

Қарт радионың құлағын әрі бұрап, бері бұрап сөйлете алмаған соң қолына домбырасын алды. Қарағайдан жонып сұлулап жасаған аспаптың сыры кетсе де сыны кетпеген, бет тақтайы ептеп жұқарғаны болмаса, шанағы бүтін, үні таза.

Ол домбыраны солақай тартады. Қаріліктің салқыны ма кейінгі кездері ақаулы сол қолы ұзақ қағысқа шыдамай қарысып қала береді. Бірақ соған қарамас-тан заманында болған домбырашы еді. Қылшылдаған он сегіз жасында домбыраны бұлбұлша сайратқан саңлақ күйші еді-ау. Онда он екі мүшесі бүтін болатын. Енді міне көкейі ұзын болғанымен қолы қысқа, семіп қалған шолақ саусақтары сүріншек аттай сыр беріп, жаңыла береді.

Күзгі күн мұнартып, ескілікті сырқаты бар адамдай құрысып тұр. Қарт биік жастыққа арқасын беріп жатқан күйі домбыраны шерте бастады, Көз алдына кешегі концерттен алған әсері елес беріп, қынай бел қамзолды сәукеле киген домбырашы қыз-келіншектер мен құндыз бөрікті күйші жігіттер өзіне шақырғандай болады. Ол енді- «гөй-гөй» шертіске бармай, домбыраны аққуша сыңсытып сылқым күйлердің басын шалды. Қожыраған қиялына қанат біткендей болып ту-ту алыста қалған қимас күндерін есіне алды. Есіне алуы-ақ мұң екен, шал өткенін ойлап, қиялға шомып кетті.

...Мамырдың мамыражай күндері еді. Байтемір қалың қойдың соңында жауыр торымен ілбіп келе жатқан. Ол бір сәт бозторғайдың шыр-шырлаған үніне құлақ түре қалды. Құйқылжыта жыр төккен даланың сайрауық ұнпазы қойшы жігіттің көкірегіне өзгеше нақысты ырғақты үйіре берді. Кішкене ғана құстың мұн-

шалықты сайрауықтығына әр кез ден қойып таң қалатын ол дәл осы сәт қаптап жайылып бара жатқан отарды да ұмытқандай еді. Енді оның есіл-дерті жаңағы бір нәзік нақысқа ауды. Қоржындағы қысқа мойын домбырасын алдына алып шертіп-шертіп жіберіп еді.

Қойшы жігіт домбыраны күмбірлетіп тарта бастады. Ат үстінде теңселе ырғалып, күй әуеніне елти берілді. Бірақ қанша есілтейін десе де көкірегін тұмшалаған кібіртек мұң саусақтарын тұсап еркіне жібермеді. Домбыра үнінде бір жат сарын бар сияқты. Арманға толы жас жүректің ғашығын ойлап талпынған ынтызар көңілі еді ол.

Байтемір домбыраға жасынан үйір болды. Әкесі Жұмаш бір сыдырғы тәуір тартады домбыраны. Осы өнерінің арқасында Қожан байдың қызы Бәтима бұған іш тартатын боп жүр. Өткен жылы қысқа қарай қостап жылқы бағып кететін болғанда Бәтима: «Қой бақсаңшы, Бәйтен. Сенсіз мұнда көңілсіз болады ғой»,—деп өтінген. Қыздың тілегінен аса алмаған ол содан бері қой соңында.

Күн сәскеге тырмысып қалған. Қалың отқа іліккен отар шашырай жайылып жатыр. Байтемір атын тұсап жіберіп, төбеге шықты. Домбырасы қолында, ауық-ауық шерте түсіп қояды.

Бір мезетте ту сыртынан дүбір естілді. Ол артына жалт қарады. Қожан байдың қотыр түйеше сүйкеніп жүретін әумесер балаларының бірі ме деп қалған. Өткен жылы әне бір қисық ауыз кенже ұлы өрістегі бұған шапқылап келіп, домбырасын тартып алып, тасқа бір-ақ ұрып, күл-пәршасын шығарғанды. Содан зәре-зеп болған ол домбырасын қайда тығарын білмей састы.

Жүргіншілер қасына келіп тізгін тежеді. Олар үшеу еді. Ақжал аттың үстіндегі қалың қаба сақалды қара сұр кісі:

— Қай баласың?—деді жұмсақ үнмен.

— Қожан байдың жалшысы Жұмаштың баласы-мын,— деді бұл.

— Қош, мына домбыраң не?

— Қой соңында жүргенде ептеп ермек етіп...

— Кәне, тартып көрші,- деді қара сұр кісі.

Байтемір барын салды, домбыра бебеулеп енесінен көз жазып қалған ботадай боздады.

— Апыр-ай, күрсінісі көп неткен күй еді! Кімнен үйреніп едің? -деді қара сұр кісі.

— Өз әкемнен, сосын мына... аспандағы бозторғайдан,— деді ол.

— Бозторғай шаттықты жырлайды, ал сен тым зарлы тартады екенсің?

— Бозторғай даланың еркін ерке құсы, менде еркіндік жоқ қой ағатай! — деді Байтемір.

— Болайын деп тұрған бала екенсің! Естуің бар шығар, Нысанбек күйші мен боламын,— деді қара сұр кісі.

Байтемір Нысанбек күйшіні сыртынан білетін, ол шығарған күйлерді әркімдерден үйреніп өзінше тартып та жүр.

— Шырағым,— деді Нысанбек күйші, шәкіртім көп десем де болады, жоқ десем де болады. Екінің бірі домбыра тартады ғой, бірақ солардың көбісі күйді жеріне жеткізбей бұзып тартады. Шыққыр көзім жаңылмаса сенен тәуір домбырашы шығады. Байдың қойы сенсіз де бағылады, қойды таста да, біздің ауылға кел. Енді аз жүреміз бе, көп жүреміз бе, жер ортасынан астық, өнерімді сендей талапкер жас үйреніп қалсын ең құрыса...

— Бай босатпайды ғой,- деді Байтемір.

— Байдан азаттықты өзім әперемін, тек уәдеде тұрсаң болды,— деді Нысанбек күйші.

Байтемір түскі қойдан келсе, Қожан бай қара бұлттай түнеріп отыр.

- Сен де әуейі болайын дедің бе? Нысанбек алды-на мал салып бере ме? Ахақу-сақақудан не шығады? Одан да табыс тап. Қой баққың келмесе, жылқышы бол,- деді Байтемірге.

— Байеке, жыл он екі айғы ақымды беріңіз одан да,— деді бұл.

— Қой бақпасаң ақы жоқ саған, бар қосыл жын-ойнаққа! Атаңда жоқ арғымақ, шешенде жоқ арғымақ, биік-биік жар келсе оңай емес қарғымақ деп... сен жаман итке домбырашылық қайдан дариды! Әншейін, далбаса да... Бар! Жоғалт көзіңді!-деп ақырды бай

Байтемір үйге екі йіні түсіп салбырап келді. Төсек тартып ауырып жатқан әкесі бүгін басын көтерген еді. Баласының көңілсіз қалпын аңдаған Жұмаш:

— Немене малың аман ба?!- деді дегбірсізденіп.

— Малы құрысын!

— Олай деме, балам,- деді әкесі.

— Бай ақымды бермейді.

— Қайдан береді? Осы бір домбырасы құрғырды таста десем болмайсың. Домбыра тартқаннан мұрат тапсам мен-ақ табар едім. Осыған алданамын деп ана-да бір тоқтысын қарсқырға жегіздің, қой бастайтын көк серкесінің мүйізін сындырып оны қойдың. Қайтейін, тірі бол әйтеуір, астау басында ат пысқырсын,- деп әкесі таусыла сөйледі.

Жұмаш баласының байдан шығысып келгенін біліп, шекпенін сүйретіп қой шетіне кетті.

Байтемір жолға қамданды, ойы Нысанбек күйшінің аулына бармақ. Ол шешесіне киімдерін жаматты. Киім дейтін жөнді киім де жоқ бұнда. Ескі пұшпақ тақия, көнетоз қамзол. Қонышы ақжем, тозған етік.

Кеш түсті. Байтемір өзін азат құстай сезінеді. Қараша үйдің сыртына шығып алып, қоңыр үнді домбыраны шешіле тартып отыр. Іштей масайрап қуаныш кернеген Жүрегі кей сәт лүп етеді де, бай қызы Бәти-

маның аршыған жұмыртқадай ақша жүзі көз алдына келіп тұра қалады.

Бәтима кейінгі кездері бұған көбірек үйірсектеп жүр. Тана көздері күнәсіз жаудіреп жұрт көзінен таса жерде:

— Бәтен домбыра тартшы,ә!—деп қиылады. Жастай шешесі өліп құсалы боп өскен бай қызы домбыра үнінен өзіне жұбаныш тауып бір сәт қара жер жалмаған анасын есіне түсіретін, көзінен жасын төгілдіріп үнсіз тығылып ұзақ жылар еді. Байтемір сондай сәтте не істерін білмей сасатын. Қыз бұның баурына тығыла түседі.

— Бәтима, саған мен бірдеңе айтайын ба?— дейді бала жігіт.

— Не айтатыныңды білемін,— дейді ол.

— Білсең, сен әлгі атастырған жігітіңді сүйесің бе?— дейді төтесінен.

— Жоқ,— дейді Бәтима.

— Сүймесең неге барасың оған, әкеңе айтып басыңа азаттық алмайсың ба?

— Әкем мені қалың мал алып, бай баласына бергелі отырса...

— Өзіңе салса ше?

Қыз ойланып қалады. Кевет солқылдап жылап жіберді.

Қараңғы түсісімен домбырасын қолтығына қысып алып дедектей жөнелді. Ақ отаудың сыртына келіп тұрды да, бақа болып құрылдады. Кеп кешікпей отау жақтан біреу қараңдап бері жүрді. Шолпысының сыңғырынан аңдады. Бәтима екен. Шолпы сыңғыры баяулап барып басылды да, қыз жігіттің қасына кеп отыра кетті.

— Бәйтен, сен бір жаққа кеткелі жүрсің бе?— деді қыз.

— Кетемін,- деді бала жігіт,- әкең ақымды дұрыстап бермейді.

Бәтима қысылып отыр.

- Әкеме айтып ақыңды бергізейін, сен кетсен мұнда көңілсіз болады ғой,- деді қыз жыламсырап.

— Енді кеш,— деді бұл.

— Сонда қайда барасың, бәрібір онда да байларға жалданып мал бағасың ғоң?

— Нысанбек күйші аулына шақырып кетті. Күй үйретемін дейді.

Қыз үнсіз, мына домбырашы жігітке деген жүрек түбіндегі іңкәрлігі дәл осы сәт күрт тұтанып жүре берді.

— Сені мен туған бауырымдай көруші едім!- Бәтима екі қолымен бетін басып, солқылдап жылады.

— Бәтима деймін, жыламашы!... Мен сені өмір бақи ұмытпаймын. Мұнда жиі келіп тұратын боламын,- деді жігіт қыздың ұзын қолаң шашынан сипап.

Қыз орнынан тұрды да, үйге қарай жүгіріп кетті. Байтемір аң-таң. Бай қызының оғаш қылығынан секем алған жүрегі атқақтап аузына тығылды. Неге жылайды? Әлде бұны сүйіп қалған ба? Жоқ, мүмкін емес! Жыртық киімді жалшыны не қылсын! Бай аулының батсайыдан ат арқандап мінітін сары асық бозбалалары тұрғанда...

Байтемір қысылып бітті, қысылғаннан жұлдызы самсаған аспанға қарады. Кенет шолпы сыңғыры естілді. Қыз құшақтап ұстаған бірдеңелерді мұның қолына ұстата берді.

— Бұл не?

— Кездеме ғой, қорықпа. Кіші апам төркіндеп кеткен. Бөтен ауылға барсаң үсті-басың жұлма-жұлма ұят болады ғой, киім тіктіріп ки... Бір ғана өтінішім бар саған, мен оң жақта бұлғақтап қашанғы жүрер дейсің. Келіп, кетіп жүр,- деді қыз.

Арада екі-үш күн өткенде Байтемір Нысанбай күйшінің ауылына аттанды. Аяқ артатын көлігі жоқ бала жігіт шалғайдағы бөтен ауылға жаяу тартты.

Күйші мұны қуана қарсы алды. Дөңгелек қана дәулеті бар Нысанбектің ошағы бүтін болғанымен, көңілі қаяулы еді. Осыдан бір жыл бұрын үш қыздың ортасындағы ер жетіп қалған жалғыз ұлы көкпарда аттан жығылып өлген. Өмірдің көлеңкелі жағынан көрі қуаныш пен шаттықты көбірек жырлайтын сұңғыла домбырашы енді өзгеше бір жат сарынды бебеулетіп «гөй-гөйге» басқан. Ол бауыр еті баласынан бір айрылса, шығарған күйлерін кейінгі ұрпаққа мұра етіп жеткізетіп талапкер шәкіртінен тағы айрылып еді. Өлген баласы да өзі сияқты саусағы жорға домбырашы болатын.

Байтемір ұлан жаз күйшінің қасынаң қалмай бірге еріп жүрді. Он сегізге толған кескінді жас жігіт үстіне жөні түзу киім киіп, астына ат мінген соң қунап шыға келген. Ұғымтал, зерек Байтемір Нысанбектің үйреткен күйлерін қолма-қол қағып алып, өзіне айнытпай тартып бергенде: «Қарағым-ай, ұзағынан сүйсіндірсін! Тіл-аузым тасқа, көңілімнен шықтың-ау! Тек, ғұмырың ұзақ болғай да»,— деп аталық тілек айтар еді.

Нысанбек күйші ептеп сырқаттанып жүрген. Өткен қыста Ақмолаға барған сапарында адасып далаға түнеп, содан кеудесіне суық тигізіп алыпты.

Ұлан жаз ауыл-ауылды аралап қайда той, қайда қос болса сонда жүретін күйші жігіттің аты Нысанбекпен бірге аталып: «Жұмаш жалшының баласы руда жоқ дәулеткер домбырашы көрінеді. Әй, өзі де жақсы өсіп келе жатыр екен!» —деп әркімдер бұған іш тарта бастаған. Сондай күндердің бірінде ол әке-шешесінің халын біліп қайтпаққа ауылына келген. Бәтима ұзатылғалы жатыр деген сыбыс жеткен еді құлағына. Батиманың болашақ күйеуі осы таяуда ұрын келіп кетіпті. Қыз бұл көрмеген бірер айда қатты өзгерген. Бұрындары секемшіл еліктей үркек еді, ол әдетінен тыйылып, сабырлы қалыпқа түскендей. Кішірек тана көзіндегі мұң табы әлі де сол айықпаған күйде ме қалай?

Қыз Байтемірмен бауырындай жылап көрісті. Ұрын келіп кеткен күйеуін сүймейтіндігін жасырмаған. «Тордағы құстай ерік жоқ менде! Көңілім таза селт етпейді. Жастай шешем өліп көзімнен жас кетпеп еді, енді сүймеген бір жарымеске қосақталып өмірім таза өк-сумен өтетін болды-ау!» - деп көзінен жасы қат-қат тамды қыздың...

Байтемір қызды аяды. Нысанбек іздер деп іле қайтып кеткен. Күйшінің ауылында бір жаз болды. Күзге қарай күйші Байтемірдің астына ат мінгізіп, домбырасын тарту етіп: «Сен де біреудің жалғызы екенсің. Кәрі әке-шешен бар, соларға сүйеніш бол. Өнерге берілген адамға қанат бітеді. Қанатым бар екен деп шарықтай берме. Тауаның аз ғой шырағым, «топшыңды» тасқа соғып аласың. Күйді мен саған әшейін еріккеннен үйреткен жоқпын. Келешекке жеткізіп атымды ұмытпай айта жүрсін деп үйреттім»,— деген.

Бұл аулына қайтқан мезгілде қарашаның қары қалың жауып, күн шұғыл суыта бастаған еді. Денсаулығы нашарлап, қой соңына ере алмай қалған әкесі Қожан байдың Қызылтастың алқымындағы қыстауына көшіп келіп, байдың қорасын бүтіндеп, қиын үйіп, тырбанып жатыр екен.

Күзеуде ықтырмамен отырған бай жас босанған ортаншы келінін қыстауға көшіріп әкелген еді. Бәтима да осында екен. Атастырған күйеуі сырқаттанып қалған соң әке-шешесі Бәтиманы ұзатуды келесі жылға қалдырыпты. Бір-біріне үйір боп қалған Байтемір мен Бәтима шұрқырай табысқан. Байтемір келген қарсаңда күзектегі ауылдан қыстауға төрт-бес күнге дейін ешкім қатынамады. Бәтиманың жеңгесі Алтынай есті адам еді, екі жастың емін-еркін ойнап-күлуіне кедергі жасаған жоқ. Қайта ол Байтемір тартқан күйлердің сиқырлы сазына елтіп, көзі шықтанып кетер еді. «Маған салса Еркежанды Байтемірге қосып, қалың малына құй қалар едім»,— дейді назды жымыйп.

Күйші жігіт Алтынай мен Бәтимадан өнерін іріккен жоқ. Атастырған күйеуіне көңілі толмай, көкірегіне шер тұнған мұңлы қызды домбыраның сиқырлы сазымен жұбатты. Сиқырлы аспаптың дәмді дыбысына қос жүректің дүрсілі қосылды да, олар қауіп-қатерді мүлде ойламады. Біздің де басқан-тұрғанымызды аңдитын сұғанақ көз бар-ау, сыбыс-сыбдырымызды еститін құлақ бар-ау деп қауіптенбеді.

Үш күн өтіп төртінші күні ел орынға отыра бере үш жігіт сау ете қалды. Әкесіне көмектесіп, қой қораның ашық-тесігін бітеп, күні бойы дамылдық көрмеген Байтемір Бәтиманың үйіне осы жаңа ғана бас сұққан. Бейтаныс жігіттер келе мұны қолға ала бастады.

- Әй, қойшы бала, сені домбырашы дейді ғой, қойыңды баға алмай жүріп, күй тартқан неңді алған?!— деді түксиген суық жүзді мұртты жігіт.

- Өзінің дәмесі зор деймін. Қызға қырындамақшы!—дейді екінші біреуі шапыраш көздерімен Байтемірге тесірейе қарап.

- Мезгілсіз қойға артылған қошқарды тартпақ керек!—деді тапал сары жез мұртын ширатып қойып.

Байтемір жез мұрттыны танып тұр. Бәтиманың болашақ қайнағасы екен. Бұлар не қылса да тегін келмеген адамдар сияқты.

Осы кезде сөзге Алтынай араласты.

- Бұл қай басынғандарың?!. Аузы жаман елді былғайды, аяғы жаман төрді былғайды деп... Амандық-саулық деген болмай ма екен? Жоқ, әлде пәле іздеп жүрмісіндер?

- Құдағи, дөп түстіңіз, пәле басы сіз болсаңыз, біз неден тайынамыз,— деді тапал сары.

- Құда, тіліңізді тарта сөйлеңіз! Пәле сіздерден өтіп маған жеткен жоқ. Еркегі үйде жоқ екен деп ба-оынбаңдар, түгі! — деді Алтынай.

- Қайын сіңіліңнің қойнына жігіт салғанда сондай-

сың, бұның пәле емей енді не?!-деп жалпақ сары шегір көздерін ойнақшытып.

Көрші ауылдың үй тентек жігіттерін осында мезгілсіз келуге итермелеген жай мынау еді. Кеше түнге қарай жоқ іздеп жүрмін деп бір бейтаныс шал кеп қонған осында. Алтынай үлкен кісі ғой деп шалға ет асып берген. Әлгі шал Байтемірге қайта-қайта домбыра тарттырып, «Шер-құмардан шығып бір жасап қалдым-ау»,—деп масаттанған. «Дәу де болса мына жігіттерді дүрліктірген сол шалдың жеткізген хабары болмаса не қылсын?!»—деп топшылады Алтынай.

— Ауыл арасы жақын, әлгі ынжығыңа келіп-кетіп жүрсе қой дедім бе?— деп Алтынай да қиыс тартты.

— Ә, солай ма?! — деп жалпақ сары Байтемірге бұрылды.— Сен өзі домбыраны қай қолыңмен тартасың, ә?!

Байтемір ығыса қоймады. Үш жігіт енді мұны ортаға алып, итермелеп далаға шығарды. Алтынай араға түсіп, арашалап қалмаққа әрекет жасап еді, оны жалпақ сары иықпен қағып ішке кіргізіп жіберді. Бәтима болса бір сұмдықтың боларын білгендей бетін басып сыңсып жылай берді.

— Сен өзі домбырашы көрінесің ғой, ә?- деді, сол қолынан тас қылып ұстап алған жалпақ сары Байтемірге төне түсіп. Кенет анау шалт қимылдап бар пәрменімен Байтемірдің қолын бұрап-бұрап жіберді. Одан әрі олар «ә» десіп қамшыны жаудырып берді. Тигені Байтемірді ұрады, тимегені жерді ұрады.

Есі ауып қалған Байтемір әлден уақытта көзін ашса үйінде жатыр. Дауыс қойып зарлаған шешесі, «жалғызым-ай, жанпозым-ай!»— деп байбаламдаумен болды.

Сол түні көршілес бай ауылдың бүлікшіл жігіттері Байтемірді соққыға жығып, өлімші етіп сабағанымен қоймай «қайдағы бір жалшымен әуейі болды» деп Бәтиманы қойша өңгеріп әкетіп еді. Ақыры әлгілердің таяғы Байтемірге қағынды боп жабысты. Тұлып боп кеткен денесінің ісігі барып-барып зорға қайтқан.

Шыққан қолын сынықшыға салдырып еді, қағынып ісіп бір жылға дейін жазылмады. Көрінбеген балгері, қарапбаған дәрігері жоқ. Ақырында сол қолы семіп шолақ боп қалды.

Жас күнінен үйір болып, сыршыл үнінен жұбаныш тауып, ғұмырының айнымас серігіне айналған домбырадан ажырап қалу жас жігітке оңай соққан жоқ. Дүмділердің бел алып тұрған заманы емес пе. Байтемірдің намысын жыртып, жоғын жоқтаушы ешкім болмады. Қата Қожан бай: «Қызыммен әуейі боп ел арасын аштың, саған бұл әлі аз!» -деп кіжінді.

Одан кейінгі тұрмыс тауқыметі Байтемірді бұрынғыдан бетер жаныштай түскен. Көп кешікпей әкесі өлді де, сүйенішінен айрылған ол байларға жалданып мал бақты. Бір кедей қызына үйленген еді, бағына қарай қосағының қойны құтты болды. Сөйтіп жүргенде жаңа заманның дүмпуі жетті құлаққа. Кедей-кепшікке есе-теңдік тие бастады. Байтемір де еңсе көтеріп, сауат алу мектебінде оқып, хат таныды. Жалғанның қысасы ақіретке кетпейді деген ғой, дүмпілерде кеткен кітін қайтарып, жаңа заманға жаршы болып бай-бағланның басына әңгір-таяқ ойнатты. Қолхоздастыру науқаны кезінде шаруашылықтың бел ортасында жүрді.

Одан қырқыншы жылдары колхозға басқарма боп сайланды да, кейінірек ферма меңгерушісі боп істеді. Колхоз тарап, совхоз орнаған жылдары пенсияға шыққан. Содан бері құрметті демалыста. «Жастық шақта бейнет бер, қартайғанда дәулет бер» деген ғой. Бұл күндері қарттың ұлы ұяға, қызы қияға қонды.

Бірақ армансызбын деп айта алмайды. Өткен өмірінің өкініші әууде бір еске түсіп көкірегінің запыранын қозғап жіберетіні бар.

Қолы семіп, жарымжан боп қалған жылдары аққу мйын домбыраны көргенде, Байтемір жайсыз күйге түсетін. Нысанбек күйші берген домбыраны шешесі әбдіреге салып тастаған еді. Арада бірер жыл өткенде

сол домбыраны Байтемір қолына қайта алды. Көкіре-
гінде булыққан тума дарын көзі бітеліп қалған-бұлақ-
тай дүмпіп мазалай берген. Бірақ не қайран, пернелер-
ді тап басатын сол қолының саусақтары икемге келме-
ді де, енді ол домбыраны солақай тартып үйрене бас-
тады.

Бертінірек оны жұрт шолақ қол Байтемір атанды-
рып жіберді де, домбырашылығы мүлде ұмыт болды.
Байтемір бірақ киелі аспаптан қол үзбеді. Үйінде бала-
шағасының қасында отырғанда бір кездері Нысанбек
күйшіден үйренген күйлерді ұзақ-ұзақ тартып, киелі
өнерді балаларына үйрететін еді. Үлкен баласы дом-
быраны әжептәуір тартып жүрді де, кейін тастап кетті.
Одан кейінгі балалары әр түрлі музыкалық аспапта
ойнайды. Қарттың немерелері де қара жаяу емес. Қа-
зірде бесінші класта оқитын Сапарының келешегінен
үлкен үміт күтеді.

Өткен жылы қартты Алматыдан бір жігіт іздеп кел-
ді. «Қазақ радиосынан едім, сізді атақты домбырашы
Нысанбектің күйлерін біледі деп естідім», - деген. Қарт
бәлденіп тартыншақтауды орынсыз көрді де, өзі білетін
күйлерді тартып берді. Алматыдан келген журналист
жігіт жерден жеті қоян тапқандай қуанды. Әлгі жігіт
келіп кеткеннен кейін бір ай өткен шамада бір күні
түске қарай «Домбырашы Байтемір Жұмашұлының
орындауында концерт береміз», — деп радио саңқылдап
қоя берсін! «Ойна, біздің атаммен», - деп немерелері мәз
болды. Қарттың да кәрі көкірегі қуаныштан дүбірлеп
кеткен...

Байтемір қарт домбыраны ұзақ шертті. Оның көңілі
шалқып, сезімі бусанды.

Әлден уақытта манаурап ұйқыға кетті. Бір қауым
өткен шамада ояна келсе, үйдің іші қаңғыр-күңгір
екен. Келіні жұмыстан, немерелері оқудан келіпті. Қарт
тысқа шықпақшы болып түпкір бөлмеден бері өтті де,

қалт тұра қалды. Бес жасар немересі домбырасын ат қып мініп ойнап жүр екен.

Қартты ашу буды. Көздері ежірейіп шай жасап жатқан келініне тесірейе қарап:

— Шырағым-ау, не көріп отырсың?!—деді.

Келіні тыңдай қоймаған соң ашу қысқан ол кішке-не иемересін нұқып қалып, домбыраны қолынан жұлып алды. Ерке бала бақырып қоя берді.

— Ой, осы атам да қызық! Қаңсыған ескі домбыраны қайтеді екен?—деді келіні.

— Шырағым, домбыра деген киелі аспап. Анау-мынау емес, бұл домбыра атақты күйшінікі, қарағым. Әлгі Алматыдан келген жөрнәліс балаға да қиылып тұрағанда берген жоқпын.

— Осы үйде ескі мүліктен көп нәрсе жоқ. Сізге салса апам марқұм тоқыған алаша да киелі боп шығады ғой шамасы? Бір жаман ескі домбыраны да әлдеқандай қылып!... Керегі домбыра болса дүкеннен жаңасын сатып әкеп берейін. Несіне сонша таусыласыз?!— деді келіні қазымырланып.

Қарт аңырып тұрып қалды да, домбырасын қолтығына қысқан қалпы сыртқа шығып кетті.

Күн бұлтты еді. Терістіктен соққан ескек желде ызғар бар. Қарт поселкенің орталық көшесіне түсіп алды да, тротуарды бойлай ілгері тартты. Бет алысы музей үйі. Осыдан екі жыл бұрын аудан орталығында музей ашылған еді. Қарт немересін ертіп, музейге анда-санда барып жүреді. Көненің көзіндей ескі мүліктер мен әр түрлі киім үлгілері бүгінде көнеріп тұрмысқа енбей Қалған үй жиназдары, ыдыс-аяқ, ер-тұрман, қыл аяғы өрме жүген мен бұзау тіс қамшыға дейін көзіне ыстық.

Музейді ұйымдастырушы алпысты алқымдап қалған егде кісі еді. Ол қартқа қолқа салып: «Сізде Нысанбек күйшінің домбырасы бар деп естідім. Музейге тапсырыңыз. Ертеңгі күні қастерлі аспаптың қасиетін

балаларыңыз біле қоймайды. Босқа күресінде қалады»,—деп азғырған.

«Өлсем көзімдей көріп, атамның домбырасы деп қастерлейді ғой балаларым»,— деп мұнда әкеп тапсыруға жалтарып, сырғытпалап жүр еді. Келініне көңілі қалған қарт: «Ақыры бұларға ескірген нәрсе керек емес екен. Олай болса музейге тапсырайын»,— деп, домбыраны қолтығына қыса түсті.

КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

Көктемнің аласапыран кезі. Облыстық газет редакторының орынбасары Абзал Қарабеков ауданға қызмет бабымен келген еді. Мені қасына жол серік етіп алды.

Жас мөлшері елудің мол ішіндегі Абзал ер көңілді қунақ кісі екен. Кісіге жанасымы жоқ менің өзімді бірден-ақ үйіріп әкетті. Жол үстінде ананы-мынаны айтып күлдіріп отырды.

Межелі жерге ел орынға отыра бере келіп те жеттік. Көктемгі науқанның қарбалас кезі ғой, совхоз басшылары үйлерінде болмай шықты.

Бұл ауданға таяуда ғана көшіп келіп қызметке орналасқан менің шалғайдағы совхозға бірінші келуім. Жол серігімнің де мұнда таныстары жоқ екен.

Қонақ үйге барып жататын орнымызды белгілеген соң:

— Бой жылытып шай ішсек деп едік, кімнің үйіне барсақ екен?—деп сұрадық бізге бөлменің кілтін берген егде әйелден.

— Апырай, ә!- деді сасқалақтап қалған ол,- бүгін бір үй сылап... сіздердің келетіндеріңізді қайдан білейін? Мына қарсы алдарыңызда есігі ашық тұрған үйге барыңыздар. Үй иелері қонақжай, жатырқай қоймас,— деді.

— Төрде сұлап жатып алмай шай ішкен соң бөлмеге кеп дем алайық. Ертең қыстақтарды аралаймыз ғой. Жұмыс та көп, жүріс те көп,— деді Әбекең есігі ашық тұрған үйге беттеп келе жатып.

Келген үйіміздің еркегі жоқ боп шықты. Сырмақ сырып отырған алпыстың ішіндегі ажарлы бәйбіше:

— Құдайы қоңақ екенсіңдер. Шешініп, жайласып отырыңдар,— деп кең пейілділік танытты.

Іле келініне:—Мына кісілерге қазан көтер, шай қайнат,— деді бүкпесіз көңілмен.

Қалайы қасықтай ақ құба келіншек демнің арасында самауырды қойып жіберді.

Шайды асықпай қанып іштік те, қонақ үйге кеп жатып қалдық. Әбекең шамды сөндіртпеді. Қайта-қайта темекі шегіп, мазасызданып бітті. Байқаймын, серігім күндізгі ақжарқын көңілділіктен айрылып қалған сияқты. Ашаңдау ақ сұр өңінде қобалжу бар.

— Мен сені ұйқатпайтын болдым-ау,— деді ол жастықтан басын көтеріп алып.— Жүрек нашар. Оның үстіне жасым елуден асқан соң да жоқтан өзгеге жұқарып қаласың. Баяғы сол көзбен көріп, қолмен ұстаған жайлар есіңе түседі де, ұйқыңды қашырады... Мен өзі сырт көзге уайымсыз-қайғысыз адам боп көрінгеніммен тым боркемікпін. Босаңмын. Жас кезімде түйе боздаса да жылап қоя беруші едім, егде тартқан соң сол әдетім тіптен асқынды. Өз басымның мұңы мен қайғысынан көрі басқаларды есіркеп қабырғаң қайысады. Содан да кісіге үнемі жақсылық жасап шамам жеткенше қысылған жерде қол ұшын беруге тырысамын. Бірақ оған... бір басың қайдан жетеді. Семья асырау керек. Кейде қарақан бастың қамын күйттеп

кетесің. Жұрт қатарлы өмір сүрудің өзі де күрес. Солай, інішегім...

Менен де ұйқы қашты. Әбекеңнің кірбиіңкі шаршау жүзіне сынай қарап, «оны мазалаған не нәрсе екен»,— деп ойлаймын. Ол мені қасына шақырды да:

- Ұсташы,- деді алақанымды маңдайына басып,— Шекем қызып кетті. Сен қорықпа, менің ептеген гипертониям бар. Сәл- нәрсеге ренжіп бірдеңені ойласам-ақ, қаным басыма шауып тынышымды алады... Сені бастығыңнан қолқалап сұрап алғанда кісілітім ұстап, атқосшылыққа ертіп жүргем жоқ. Жол үстінде басың ауырып, балтырың сыздаса қиын ғой...

Ол тынышталды. Мен маңдайына сулап орамал бас-
тым.

— Інішегім,- деді ол шалқасынан жатқан күйі,— ылғи бір күтпеген жайларға тап болып жүрмін кейінгі кездері. Осыдан жарты ай бұрын әкеммен майданда бірге болған қанды көйлек жолдасыммен ойда жоқта кездесіп таныстым. Адам деген қызық қой, әкем есіме түсіп шала бүлінбесім бар ма!..

Саған тағы бір қызықты айтайын. Мен алғашқы қосылған әйеліммен көп отаса алмадым. Кінә менен бе, одан ба, түсінісе алмадық та айрылысып тындық. Сол әйелмен таяуда тағы да күтпеген жерде ұшырасып қалдым. Бала-шағалы, бау-шарбақты екен. Нанасың ба, ол менімен жылап көрісті. Құтты бір жоғалып табылған бауырындай-ақ, асты-үстіме түсіп бәйек болды. Мықты болсаң беріспей байқашы енді?!

Ақаулы жүректі ауыртып алармын дедім де оған онша шешілмедім. Іштен тынып үнсіз түйілген қалпы салқын қоштастым. Кейінгі кездері бұрынғы әйелім түсіме жиі енетін болып жүр... Солай, інішегім... Не қылғанмен өмір деген күрделі...

Әбекең үнсіз ұзақ жатты.

— Інішек,— деді әлден уақытта,— саған бір ертегі айтып берсем тыңдайсың ба?

— Айтыңыз.

— Байқадың ба сен?- деді Әбекең — жаңағы үйдің иелері менің ескі танысым.

— Кім сонда?!—дедім мен басымды жастықтан көтеріп.

— Әлгі іс тігіп отырған бәйбіше.

— Бәсе, қабырғадағы суреттерге қайта-қайта қарап, үй иесінен назарыңызды айырмап едіңіз?

...Мен ол жылдары Алматыда КазПИ-дің филология факультетінде оқушы едім,- деп бастады әңгімесін ол.- Соғыс жаңа да ғана басылып ел еңсесін енді-енді көтере бастаған.

Әкем майданнан оралмады. Шешем колхозда сауыншы еді. Соғыстан соңғы қоңторғай, жүдеу тұрмыс кімнің арқасына батпады дейсің. Шешем байғұс барлық-жоқтысын маған жіберіп тұрады. Төрт баламен жесір қалған шешеме ол Жылдары білдей бір студентті оқыту оңай емес еді. Соны жақсы білетін мен жексенбі сайын жұмыс істейтінмін. Жалғыз мен емес, ол кездегі студенттердің көбісінің кәсібі осы. Оқудағы бізге тұрақты жұмыс қайдан болсын, көбінесе станцияға барып жүк түсірісемін. Одан қала берді сексеуіл базасына жалданып, сондағы жұмыскерлермен бірге вагоннан сексеуіл құлатысамын. Бір күнгі еңбек ақыма тиесілі отын талонын сатып, ақшалап аламын да, жатақханаға келемін. Айтуға жеңіл болғанымен қолмен істеуге қиын жұмыс-ау. Апырып-жапырып былай тер төкпеген соң жәй қол тигізе салғаның үшін ақшаны кім ұстата береді дейсің. Сондықтан жұмысқа барымды салатынымын.

Бірде менің әлгі талонды қымбатқа сатуыма тура келді. (Кейін сол саудагерлігім үшін өкінерімді қайдан білейін.) «Маған сат, маған сат» деушілер көп. «Не сұрасаң да берейін, талоныңды маған бер»,— деді бір

келіншек көпшіліктің арасынан сурылып шығып. Мен келісе кеттім.

— Қайным,- деді әлгі әйел,- сый қылсаң сыпыра қыл деген, артысып жібер.

Сексеуілді ат арбаға тиеп шықтым да, әлгі бейтаныс келіншекпен ілесіп бірге қайттым. Үйі біздің жатақхананың желке тұсында, жақын маңда екен.

— Қолың босағанда келіп сексеуіл жарып берші,— деп өтінді ол. Содан былай қарай мен әлгі келіншектің үйіне жиі келіп тұрдым. Жас мөлшері 25-26-лардағы аппақ сұлу жүзді қарақат көз бойшаң келіншектің тал бойында бір міні жоқ. Қос өрім ұзын қолаң шашы да сымбатты сұлу тұлғасына жараса қалғандай.

Осындайлық ажарлы кескініне қарамастан. келіншек соншалықты жүдеу еді. Екі бетінің ұшы шошайып, қарақат көздерімен кісіге жаутаңдап мұңлана қарайды. Қаяулы көңіліне таяныш іздеп, жаралы жүрегіне ем таппай қиналған жанның шарасыздығы бардай еді қаны қашқан жүдеу өңінде.

Неге екенін қайдам, әлгі үйге аңсарым ауады да тұрады. Алты жасар шамасындағы ұл баласы бар екен. Шекесі торсықтай сүйкімді Ізбасар маған үйір боп алды. Аз күн мен көрінбей кетсем: «Ағатайлап» түп етегімнен ұстап айрылмайды.

Менің ол үйге барғандағы бітіретін шаруам баяғы сол сексеуіл жару. Отқа үнемдеп жағып отырған аз ғана сексеуілді бір айдың ішінде тиіп қашып жүріп жатып бітірдім. Күнімхан жеңгей көбінесе жұмыста болады, фабрикада тоқымашы.

Бір күні жексенбіге қарсы салған суретімді Ізбасарға тарту етіп, халдерін біліп қайтайын деп әлгі үйге тағы келдім.

Іші пысып зерігіп жүрген Ізбасар мені жібермеді де, сонда қонып қалдым. Әрі баланың шешесі: «Жұмысың болмаса осында жата сал, ертең сабақ жоқ қой. Ізбасар саған қатты -үйір боп алды. Екі сөзінің бірінде

Абзал ағатайым қашан келеді!»-деп сен жоқта мазамды алады», - деді қонғанымды теріс көрмеген рай танытып.

Жиырмаға енді шыққан түбіт мұрт бозбала кезім ғой, келіншектің «осында жата сал» деген сөзіне жүрегім бүлк ете қалды. Әрі бір түрлі қорқып та кеттім. Қорыққан емес қой, былай... әдеп сақтап ұялып...

Осында қона сал дегені болмаса, Күнімхан жеңгей маған аса пейіл берген жоқ.

Соғыстан кейінгі қоңторғай жүдең тұрмыс бұл үйдің де шаңырағына қонақтап алған сияқты ма? Жеңгейдің бір киер киімі болғанымен, үйдің ішкі жиһазы мейлінше жұпыны еді. Шошаланы сықап тұрған тамақ та жоқ.

Менің байқауымша, бұнда жиі-жиі посылка келетін сияқты еді. Сондай сәлемдеме бүгін де келген. Үй иесі жұмыстан қайтар жолда почтаға соғып ала келді. Ет, шыртылдақ, жент сияқты тәтті тағамдар аузымның суын құртты.

Ауылдың тамағын аңсап жүрген мен алыстан келген сәлемдемеден ауыз тиіп, кәдімгідей жүрек жалғап қалдым. «Жүрек жалғау» деген тіркес осы күнделікті сөйлеу дағдысына енбей ұмытылып барады. Молшылық қой қазір. Ит май жемейтін тоқшылық заман бұл!.. Біз соғыс жылдарының соғыстан кейінгі тапшылықтың табағынан ауыз тигендерміз. Айтары жоқ, басқа да асқа кедей жылдар еді ғой ол бір кезең.

Әбекең тағы да ұзақ үнсіз қалды. Бұл қалпында жуық маңда ұйқтайтын емес. Темекі тұтатып алды да, маған қарап шынтақтай отырған бойы әңгімесін әрі қарай жалғады.

Қысқартып айтайын, бөтен үйге қонған күні көрер таңды көзіммен атырдым. Сол түні Күнімхан жеңгейдің де көзі ілікпеді.

Ауыз бөлмеде ет асып, бауырсақ пісіріп жүріп зарлы әуенді ыңылдап айта түседі. Келіншектің мұңлы

даусы құлағыма жеткен сайын жүрегім шым етіп ауырып кетеді. Осы келіншекте бір сыр бар-ау? Түн ішінде тамақ пісіріп шала бүлініп жатқаны несі! Әлде біреуді қонаққа шақыра ма? Болмаса бір жақыны ауруханаға түскен шығар?

Не қылса да, сол түні мен өзімді үлкен бір сынақтан өткізгендей болдым. Жанымның терең түкпірінде бұғып жатқан әлдебір құпия сезімдер оқыс бас көтеріп мазамды кетірді. «Шіркін-ай, Күнімхан жеңгейдің басы бос болса, менен төрт-бес-ақ жас үлкен шығар, үйленер едім өзіне», -деп қиялға шомамын. Енді бір, кезекте, әзәзіл сезім жүрегімді шымшылап: «не ғып жатсың, күйеуі соғыстан қайтпай қалған тұл жесір емес пе», - дегендей болады.

Тысқа қайта-қайта шыға бердім. Үй иесі тамақ пісіріп болған соң тігуге кірісті. Қадалып қарап жатырмын, іс машинаны алдына алып ши барқыттан топысыра бастаған.

Келіншек зарлы үнді ауық-ауық соза түседі. Мұңлы ыңыл ауыр күрсініске ұласып, енді біраздан соң келіншектің көзінен жас боп төгілді.

Бір есептен тұрып кетіп қалсам қайтеді деген ойға келдім де, дәл қасымда пыс-пыс етіп ұйқтап жатқан Избасарды қимай, ояңған соң мені іздеп әуреге түсер деп тартындым.

Күз таңы мұндай ұзақ болар ма! Пердесі жартылай жабулы кішірек терезеден сыртқа көз жіберемін. Толған айдың сүт сәулесіне шомылған-Алатаудың ақар-шақар шыңдары көзіме күндізгідей анық шалынады. Белгісіз бір тәтті арман қиялымды әлдилеп мына дәл қасымда іс тігіп отырған әйел қимас жақынымдай көзіме ыстық ұшырайды.

Қатты ұйқтап кеткен екенмін, ояна келсем қасымда Күнімхан жеңгей тұр.

- Шай ішейік, - деді ол.

Асығыс-үсітіс жуындым да, шайға отырдым. Үй ие-

сінің түрі күлдей еді, онсыз да жүдеу өңі ұйқтамағандықтан қаны қашып сұп-сұр боп солғын тартқан. Бетінде бір тамшы қан жоқ, қара ағаштай қатып қалған әйел пішіні маған қапелімде тас мүсіндей елестеп кетіп еді.

Шай жиналар кезде ол маған жыламсырап отырып тіл қатты.

— Қайным, сен де осы үйдің адамындай боп кеттің ғой, жасыратын не бар, менің күйеуім госпитальда жатыр еді...

— Сырқат қой шамасы?—дедім мен жұлып алғандай.

— Соғыс мүгедегі... Қеудесінде жаны бар демесең бір тірі аруақ әшейін...

— Апырай, ә?!—дедім мен көптен көңілімді күпті қылған жұмбақтың шешуі табылғанға таңырқаған сезімде.

- Осы күні кім бүтін дейсің... Қыздай қосылған қосағым еді,- деп Күнімхан жеңгей жылап жіберді,— Алматыға әдейі алдыртып едім, адам болатын түрі жоқ...

Келіншек басынан өткізген қиыншылықтың бәрін менен жасырмады. Бес жылғы жесірлік азабына енді мына күйеуінің мүсәпір боп қалған қайғысы қосылып, жанын қинауға салып жүргенін жылап отырып айтты. «Бәрінен де бұрын Ізбасардың әкесін жатырқап оған жоламағаны қиын болды»,— деді ол сөз арасында.

Бір жолы Күнімхан госпитальда жатқан күйеуіне әкесін көрсінші деп Ізбасарды ертіп барады. Томардай домаланып қалған байғұс баласын көрген бетте жат күйге түсіп шалық шалған адамның кейпін танытады. Адам пішінінде жоқ әкесінің сұрықсыз пошымынан шошып кеткен Ізбасар құбыжық көргендей шар ете қалады. Содан былай «ол менің папам емес!» деп безек қататын көрінеді.

— Қайным, - деді Күнімхан, - сен Ізбасарды қалайда алдап-сулап папасына баруға көндір. Ана жолы әкесін байқаусыз оқыстан көрсетіп, сәбидің жүрегін бұзып алдым ба, әкесін айтсам аза бойы қаза тұрады. Папаң командир болған, соғыста рота басқарған деймін, содан немістер өшігіп папаңды қылышпен тілгілеп тастаған десем де болмайды. Кеше күйеуімнің көңілін сұрай барып едім, баламды бір әкеп көрсет деп өтініш етті. Үйге алып күтер едім, дәрігерлер рұқсат етпей тұр. Қайтейін, құдай ісі ғой...
- Күнімхан булығып ұзақ жылады.

Содан не керек, Ізбасарды әкесіне баруға зорға деп көндірген болдым. Келіспес еркіне' қоймадым, қолынан тас қылып ұстап алып жетелей жөнелдім. Күнімхан жеңгей түндегі пісірген тамақтарын үлкен бір сөмкеге салып алып жүрді.

Госпиталь қаланың орталық көшелерінің біріне орналасқан екі қабатты қызыл үй екен. Күн жексенбі болғандықтан сырқат адамдардың көңілін сұрай келушілер көп болды. Солардың тобында біз де бармыз.

Бізге медсестра көп отырмандар деп ескерткен. Іздеп келген кісіміз ең түкпіргі палатада жатыр екен. Оған алдымен Күнімхан жеңгей бас сұқты. Біз, Ізбасар екеуіміз кейіндеп қалдық. Жасыратыны жоқ, баладан гөрі менің жүрексінуім басым еді.

Ізбасар шегіншектей беріп еді, опы тік көтеріп алдым да, палатаға кіріп-ақ бардым.

Сондағы көргенімді тілмен айтып жеткізе алмаймын. Сұмдық! Сұмдық болғанда да көз көріп, құлақ естімеген сұмдық! Күнімхан жеңгейдің күйеуін өзімше көзіме басқаша елестетіп, оны адам бейнесінде көрем ғой деп келген дәмемнің қолдан түсіп кеткен шыныдай күл-талқаны шықты.

Екі кісілік кереуеттің үстінде бір тірі жан отыр. Не десем екен, кәдімгі самауырдың үлкендігіндей ғана до-

маланып қалған «томар адам» екі көзі шарасынан шыға бізге, Ізбасар екеуімізге аңтарыла қарады да қалды. Қолдары иық түбінен жоқ. Әдейілеп кескен сияқты ма? Екі аяғы тізеден жоғарырақ кесілген де, бет-аузы күйген терідей тырысып қалған. Мұрны бетімен-бет. Тек он екі мүшесінде зақымданбаған екі көз ғана екен. Көз болғанда қандай көз дейсің! Жігіттің төресіне лайық кәдімгі баданадай қара көз. Сұлуға сұқтана қараса мерт қылмай қоймайтын өткір де сұлу көз екен де, шіркінді!..

«Томар адам» түсініксіздеу тіл қатып бізге қарай талпынды да, Күнімханға бұрылды.

— Ізбасарың, балаң ғой,—деді келіншегі кемсеңдеп. Ол көзімен баласына бері кел дегендей ишара жасап еді баласы түскір шегіншектей берді. Қайтсін, оған да кінә жоқ, алты жастағы сәби тұрмақ менің өзім сескепіп тұрмын «томар адамнан»...

Сонымен қысқартып айтайын, арада бес-алты ай өткен шамада әлгі адам қайтыс болды. Жерлеуіне қатысып, марқұмға топырақ салдым.

Бірінші курсты тамамдаған соң ауылға кеткенмін. Жиырма күннің ішінде Алматыға қайтып оралсам, Күлімхандар көшіп кетіпті.

Міне, содан бері табаны күректей отыз жыл өткен екен. Зәуде бір есіме түскенде: «бұлар - қайда жүріп жатыр?» деп ойлаушы едім. Бірақ кісі туыспаған соң жуыса ма, оларды іздеуге құлқым болмады. Енді міне, күтпеген жерде кездесіп отырмин...

Ертеңінде біз әлгі үйге қайта бардық. Жолаушылап кеткен жігітіміз де келіпті. Ол совхоздың бас инженері көрінеді. Ұзын бойлы, кең маңдайлы, үлкен қара көзді ат жақты ашаңдау азамат — баяғы Абзал ағайдың ескі танысы Ізбасар боп шықты.

ҚЫЗЫЛКИІК

Рецетициядан соң артистер тарап кеткен. Екі көзі су қараңғы Нұртас бөлмеде жалғыз қалды.

«Маған осыларың керек. Есіркеу мен мүсіркеуден әбден жалығып болдым!» - деді ол ызалана дауыстап.

Осы кезде бөлмеге біреу кірді.

— Бұл кім? — деді Нұртас қатқыл үнмен.

— Күләймін...

— Дайындық бітіп қойған соң несіне кеп тұрсың енді?

— Сізден кешірім сұрайын деп...

— Кешірім сұрайтындай неменеге жазықты боп қалып едің? Қайта сенен мен сұрауым керек кешірімді. Жылауық әнсымағымды эфирге шығарамын деп өзінді әуреге салып біттім емес пе?

Нұртас облыстық филармонияда құрылған «Таң самалы» ансамблінің жетекшісі болатын. Ансамбль мүшелері жаңа маусымға программа әзірлеудің қамына қызу кіріскен-ді. Концерттік сапарға шығуларына екі-үш жетідей қалған, бірақ соған қарамастан дайындықтары онша мәз емес. Филармониядағы басқа үш ансамбль ұшатын құстай қанаттарын қомдап дайын отырғанда, бұлар етек-жеңін әлі жия алмай жатыр.

«Обалы нешік, артистер өзара ынтымақшыл. Болса да Нұртастың өзі композитор. Программаға Нұртастың әндерін көбіректеу енгізуіміз керек. Одан ұтпасақ, ұтылмаймыз», — деп шешкен еді.

Бірақ Нұртас аяқ астынан айнып шыға келді де:

— Мен әндерімді программадан алып тастаймын, — деді.

— Оның болмайды енді, — десті артистер қауымы.

— Өзіме ұнамаған дүние өзгенің жүрегіне жол таппайды, — деді Нұртас.

— Соңғы әніңіз «Қызылкіік» маған айрықша ұнады

Сөзіне әуені сай тамаша туынды, - деп Күләй суырыла жөнелген.

— Қарындас, саған қоятын кінәм жоқ. Әлгі сен мақтаған жаңа әнімді әлі де болса, ширата түсуім керек. Тым мұңлы, жібі бастау жасық ән, — деп Нұртас өз пікірінен қайтпады.

Күләй қарсы дау айтып көріп еді, Нұртас оған зекіп тастады да, қыз жыларман болып, бөлмеден шыға жөнелді.

Артистер дағдарған. Қыздар мен келіншектер Күләйді жақтап: «Талай күнгі бейнеті босқа кететін болған соң, ренжімегенде қайтеді», — десті.

Жігіттер. Нұртасты жазғырды.

— Қамқорлығымызды түсінбейсің, — деген бұған наразы болып.

Нұртас та қасарысып өз айтқанынан қайтпады.

— Керісінше, сендер мені түсінбейсіңдер. Жарымжан деп аяп өп-өтірік қолпаштап онсыз да соры қалың соқырды жарға итермелейсіңдер! Жалған мүсіркеу, жадағай жанашырлықтан не шығады? — деді.

- Жүре сөйлесейік, ағай, — деді Күләй әлден уақытта, «пәтеріңізге жеткізіп салайын» деуге аузы бармай.

«Сен қыз да мені есіркейсің, ә? Сірә, әлгілер әдейі жіберген ғой, ашуын бас, алдап-сула деп...»

Нұртастың пәтері филармониядан онша алыс емес-тін.

Екеуі қашан үйге жеткенше ләм деп тіл қатыспады.

Неге екенін қайдам, Нұртас осы бір сынық мінезді әнші қызды қарындасындай іш тартып, жақсы көреді. Әнді бар жанымен беріліп айтатын Күләйдің әншілігіне де тағар міні жоқ. Даусы күшті, әрі таза.

Нұртас пәтерде студент інісімен бірге тұратын еді. Інісі кешіректеу оралатынын айтып, есіктің тұтқасына қағаз іліп кетіпті.

Үйге кірген соң бірден кетіп қалудың есебін таппаған Күләй шай қамдаған.

— Осы сенің даусың маған таныс көрінеді де тұрады, — деді Нұртас шай үстінде.

— Мен әлгі... Шұғайдың қарындасымын ғой.

— Ол итпен бірге оқыған едім, - деп Нұртас жауап қатты, — Жерлесім боп шықтың ғой. Шұғайдың қарындасы екеніңді осы уақытқа дейін неге айтпадың маған?

— Ұялдым, — деді Күләй.

— «Соқыр көргенінен жазбайды» деп... Айрылмай қалар деп қауыптенгенсің ғой, шамасы, — деп күлді Нұртас. — Сенімен кезіктім бе осы?

— Оныншыны оқып жүргенімде көктемге қарай біздің совхозға келіп концерт қойдыңыздар. Сонда мен сізге гүл шоғын ұсынғанмын...

— Апырай-ә!? — деп күрсінді Нұртас.

— Енді соның ақысына жаңадан шығарған әніңізді үйретіңіз, - деп жымиды Күләй. — Түбінде көрерсіз, осы әніңіз сізге үлкен абырой әпереді.

Нұртас ойланып қалды. «Қызылкиік» әнін шығаруға себепші болған жайды есіне түсірген.

...Бұлардың тұрған жерін «Орманшы қыстауы» деп атайтын. Жан-жағын жақпар тасты таулар қоршалаған тар қолтыққа орын тепкен жалғыз үйдің ойын баласы да, алып кел, барып келге жарап. қалғаны да Нұртас еді. Іші пысып зеріккенде «Орманшы қыстауынан» бес шақырым тұратын кенішке тартып кететін ол кейінгі бір жетіде үй маңынан шықпаған.

Нұртасқа үлкен бір ермек табылған еді. Әкесі даладан киік ұстап әкелген. Қайыңның безіндей жіп-жіңішке боп қатып қалған байғұс киіктің алдыңғы бір аяғын оқ жұлып кетіпті: Қара судың тұңғыығындай жәудір көздері үрейлене шатынап тұрады.

Ақсақ киік қолға зорға үйренген. Бір аяғынан басқа ақауы жоқ дала тағысы шарасыз тұтқын тіршілігіне еріксіз көндігіп, ойда жоқта тап болған жат ортаға бірте-бірте бейімделе бастаған. Жарақатынан қорғанып жөндеп от оттап, су іше алмаған туша қол шалғымен

орып әкелген көк балаусаны құныға күйсеп, нанның ұнтағына қосып берген құмшекерді тойғанша ұйпайтын.

Нәзік бойы жұмырланып тез оңалған туша қоң жиып семіре бастаған.

Нұртас дала тағысына «Қызылкиік» деп ат қойған. Күндіз аузына дамыл-дамыл қант тістетіп көзінен таса қылмаса, түнде жатқанда, аяқ жағына байлап қоятын.

Нұртасқа бауыр басып алған туша атын атаса елең етіп құлақтарын қайшылайды. Мекіреніп маңырайды.

Нұртас оған бой жаздыру үшін жазық далаға алып шығатын. Қызылкиік кішкене иесіне түсініксіз тілмен шағына маңырайды келіп.

Күз келіп, қазанның дауылы тал, теректердің сарғыш жапырақтарын ұшырып түсіре бастағалы Қызылкиік жат мінез шығарған. Маңырауды да жиілетіп, пысықырына жұлқынып қоя беретінді шығарды. Далаға шығарды. Далаға шығарса болды, кең танауымен иіс тартып, желге қарай шоңқаңдап жүре түседі де, кішкене құлақтарын дамылсыз қайшылап тың тыңдаған сияқтаанады.

Қызылкиіктің мінезін байқаған әкесі Нұртасқа:

— Үйірін іздеп жүр-ау жануар! Қазір киіктер табын-табын болып жылы жаққа қайтып жатыр. Соны сезеді. Айырылып қаласың, далаға шығарма, — деп ескерткен.

Нұртас болса қар түспей тұрғанда далада серуендетіп алайын деп Қызылкиікті ауылдың төменгі жағындағы ақ көделі жонға жиі-жиі жетектеп шығатын.

Топ-топ болып жөңкіліп бара жатқан ақбөкендерге қарап тұрып:

— Әне сенің бауырларың! — дейтін Қызылкиікті жонынан сипап.— Бәлкім, енең де бар шығар осы табынның ішінде, Қоштасып қалсайшы.

Қызылкиік болса, ауыз жаппай қайта-қайта маңырайды келіп. Шолақ аяғының топшысын қозғалақта-тып, көзі жасаурап, танауы делдиіп кетеді..

Ақсақ киікке деген аяушылығы жеңген Нұртас тушаны иен далада жетектеп ұзақ жүреді.

Күн бұлыңғыр болғанымен, жел тымық еді. Қызыл-киіктің ауанымен болып ауылдан ұзаңқырап кеткен Нұртас ту сыртынан шыққан дүбірге жалт қараған. Өлі шөбі ұйпалақтанып күзгі салқыннан бұйыға түсіп сұлық жатқан бетегелі жон кенет Жан біткендей ереуілдеп, танаулары шелектей боп алға қарай екпіндей жүйткіген киіктер Нұртастың дәл қасынан өте шықты.

Бойын қорқыныш билеген Нұртас бөкендер тобына аузы ашылып аңқыып қарап қалған еді. Енді ес жиғанша болған жоқ Қызылкиік мұның қолынан босанып алып, ақбөкендермен араласып, демде қыр асып көрінбей кетті.

Қызылкиік сол кеткеннен мол кеткен. Үйге жылап келген баласының көңілін аулаған әкесі екі күн аттан түспей ақсақ киікті іздеп таппаған.

Байғұс киік бір жерде шұқанаққа құлап өліп қалды ма, болмаса дала бөрісі жеп қойды ма деп уайымдаған Нұртас кей түндері шырт ұйқыдан шошып оянып:

— Апа! Қызылкиікті қасқырлар жеп жатыр! Жеп қойды әне! Жеп қойды!—деп анасының бауырына тығылатын.

...Бір кездегі сезімтал, нәзік Нұртас маңдайы кере қарыс жігіт боп өскен. Келісті кесек тұлғасына шалқасынан қайырған толқынды қара шашы парасатты өң беріп, етжеңділеу бет пішініне кішіректеу пісте мұрнымен сәл қатыңқы қабағының астындағы томпақша қоңыр көздері айрықша жарасып тұратын.

Бір сыдырғы майда қоңыр даусы бар ол мектепте оқып жүргенде-ақ ән салып, домбыра тартуға әуестенді. Өнге әуестігі Нұртасты өнердің үлкен жолына итермелеп, консерваториядан бір-ақ шығарған. Консерваторияны бітіріп шыққанда ол он шақты әннің авторы боп жұртқа танылып қалған еді. Жаңадан құрылған облысқа арнайы жолдамамен келген Нұртас филармония-

га орналасып, жаңа туындылар жазуға шабыттана кіріскен.

Ол бірінші кезекте «Қызылкиік» атты симфониялық поэма жазбақшы болды. Бірақ аяқ астынан бақытсыздыққа ұшырап қалды да, кесек шығармалар жазуға денсаулығы көтермеді.

Бірақ Қызылкиікті әуен сазымен жырлауға деген құштарлығы күннен-күнге асқынып жарым көңілін жатса да, тұрса да түрткілей берген. Содан ол талантты жас ақынға болашақ туындысына сәйкестендіріп әннің сөзін жаздырып та алған. Сол жазылар әуен үркек жылқыдай ұстатпай діңкесін құртып Нұртас осы күндері қатты қиналып жүр. Бұл қиналысын жақын достарына да білдіріп: «Мен енді бұдан былай өміршең туынды бере алмаспын. Көздің соқырлығы көкіректі де көрбала етіп тастамаса жарады-ау»,— деп шағынған.

«Қызылкиік» әнінің алғашқы нұсқасын тыңдаған достары «сәтті шығыпты» деп бір ауыздан мақұлдаған соң, ансамбльдің жас әншісі Күләйға үйретіп көріп еді. Нұртас аяқ астынан айнып, өзін де, өзгелерді де әуреге салып қойды.

Күләй кенет оған тосыннан сауал қойды.

— «Қызылкиік» әнін кімге арнап едіңіз?

— Кімге арнап едің деймісің?— Нұртас қинала ауыр күрсінді.

Қыз сұрағы Нұртас көңілінің мұңын қозғап жіберген-ді.

Бұл осыдан, үш жыл бұрын өмірлік серік етуге серт байласқан болашақ жарынан да, жарық дүниеге қомағайлана қарайтын отты сұлу жанарынан да бірдей айрылып қалған-ды. Қатал тағдырдың аяқ астынан ұйқытұйқы соққан дауылы қос бірдей шамшырағын тұтанбастай етіп мәңгіге өшіріп кеткен.

Бәрінен де бұрын Жансаядан айрылуы Нұртасқа соққы үстіне соққы боп тиген. Жансая десе дегендей еді-ау. Киіктің құралайындай сүп-сүйкімді ақ сары қыз-

бен бұл консерваторияның соңғы курсінде оқып жүргенде танысқан. Әншілер даярлайтын екі жылдық студияға келіп түскен қыз Нұртастың әндерін шебер орындайды екен.

Жансая ә дегенде бұған тым күйректеу көрінген. Біреудің өлгенін естісе шарасы тұйық көздеріне жас үйіріліп шыға келетін де: «Шіркін, адамдар ұзақ-ұзақ жасайтын болса ғой! Дүниеге келеді екенбіз, сосын бұйрықты ажал жетіп өледі екенбіз. Аянышты-ақ!»- дейтін ол Нұртаспен оңаша сырласқанда.

— Өзекті жан өлмей қалмайды, дейді Нұртас.

— Меніңше, адамдар дүниеге бір-біріне қуаныш сыйлау үшін келеді. Сен жақсы-жақсы әндер шығар, мен сенің әндеріңді нәшіне келтіріп жалықпай шырқайтын болайын жұрт алдында.

— Құп, тақсырекесі! — дейді Нұртас екі қолын аяқастыра Жансаяға тәжім етіп. — Қызылкіігім сол!

Сөйткен Жансаядан қапияда көз жазып қалған жоқ па!

Нұртас ұйымдастырған «Еңлікгүл» ансамблі жазғы гастрольға шығып, ел аралап жүрген. Бір жолы бұлар шалғайдағы совхозға бара жатқан жолда автобустары аударылып, апатқа ұшырады. Жансая екеуі алдыңғы орындықта жайбарақат әңгімелесіп отырған. Кенет зымырап келе жатқан автобус әлденеге сатыр-сұтыр соғылып бір жақ бүйіріне қарай аунап бара жатты. Көз алды от ұшқындарына толып жүре берген Нұртас қара түнек шыңырауға құлап бара жатып, Жансаяның жанұшыра шыңғырған даусын естіп үлгергенше болған жоқ есінен танып кетті.

Екі көзі суалып әз болып қалған Нұртас сондағы апаттың салдарынан Жансаяның қайтпас сапарға кеткенін ауруханада жатып естіген.

— Бұл туындымды қапылыста айрылып қалған Жансаяға арнаймын деп ойлаған едім... Жансаяға деген махаббатым бір әннің уысына сыймақ емес. Оны

өмір бойы жоқтаумен өтемін ғой енді қалған ғұмырым-да! - Нұртас қатты тебіреніспен қинала сөйледі. — Енді менің махаббат не теңім! Кімге керекпін?!

- Сіз халыққа керексіз... Маған керексіз, — деді қыз бір түрлі қатуланып.

- Оныңа да рахмет, қарындасым! Әнімді сүйгенің мені сүйгенің деп білейін. Бірақ енді бұдан былай менен қашықтау жүрсең қайтеді? Әнімді шырқай бер... Оған қарсылығым жоқ. Жадағай жанашырлық, аяушылық сезім деген махаббаттың төлеміне жүрмейді. Сенің тәнің де, жаның да сау. Маған жасаған бір жақсылығың сол - аяйсың мені.

— Мүмкін, мені де біреулер аяйтын шығар,— деді Күләй жыламсырап.

— Сені не деп аяйды?

— Училщцеде оқып жүргенімде машина қағып кетіп... содан бір қолымнан айрылып қалғанмын... - Қыз жылап жіберді. — Шолақ қол қыз дейді мені жұрт-

Басқаларды мүсіркеуден гөрі қаяулы көңілінің әу-селесімен болып, аяушылық дегенді көптен ұмытып кеткен Нұртас сасқалақтап:

- Енді қайт дейсің маған? Әлгі әні құрғыр жұтынып тұрса оны сенен қызғанамын ба?! Бір қайнауы ішінде. Шыда, шыдай тұр!-деді...

Сол түні Нұртас жайсыз ұйқтаған. Шым-шытырық түс көріпті. Түсіне баяғы қызыл киік енген. Қызылкиікті қуалап ұстамақшы болғанда, киік Күләй боп шыға келеді де, қалың тұман арасына сіңіп көрінбей кетеді.

- Күләй! Күл-әй! - деп жан даусы шыға айқайлаған ол өз даусынан ояна келсе қасында інісі тұр екен. - Ағатай, шай ішейік.

Қою сүт қатқан күрең шайды Нұртас асықпай қанып ішкен. Бойының құрыс-тырысы жазылып шекесінен тер шыпшыды. Көңіл күйі сабасына түскен ол жанына жай таптырмай мазалап жүрген жаңа әнін аккар-

дионда шабыттана ойнады. Соны әуен еркелене шалқып делебесін қоздырды.

«Даланың еркесі едің Қызылкик,
Мергеннің жаралады-ау оғы тиіп.
Шықпайсың күндіз естен, түнде түстен,
Болдың ғой көңілге дерт, көзге күйік», -

деген өлең жолдарын өзгеше мұңлы сағынышпен тебіреніп кеп, қайырмасына келгенде кілт мүдірді.

Жылауық сарын көңілдің шерін қозғағанымен, арманның биік тұғырына жете алмай орта жолда қалып қойғандай әсер етті Нұртасқа.

Бұны қинап жүрген де осы бір кілтипан. Нұртас қиялындағы қызыл киік ендігі жерде бұған бұйырмақ емес. Жансаясы боса-болмаса қара жердің суық қойнында жатыр.

Ау, сонда қара түнекке біржолата қамалып мәңгүрт боп қалған мұның қызыл киігі кім?! Жарайды, әлгі бала күнінде көрген қызыл киігі әуде бір түсінде елес беріп өтсін дейік. Сонда сол алдамшы қиял жартыкеш көңіліне демеу бола ала ма? Қызылкигім деп он жерден үздіккенімен бәрібір Нұртасты мына қара түнектен ешкім де шығарып ала алмас. Ең жарылқағанда әлгі Күләй сияқтылар есіркеп аяушылық білдірер...

«Жо-жоқ, мен өмірге жылауық ән шығару үшін келгенім жоқ! - деп ширықты ол. - Ертеңгі күні мына байғұс өз басының қайғысын жырлапты-ау дейді тыңдаушы жұртшылық».

Ол ұзақ толғанды. «Қызылкик қызығым-ай, судай мөлдір тұнығым-ай», - деп ән қайырмасын қайта-қайта пысықтай түсті.

Жеңіл әуенге бой ұрып келте ырғаққа ойысып еді, бастапқы тың әуезден жаңылып қалды да, ол көп әуреленді. Нұртас аккордеонды тастай беріп, қолына домбыра алды. Жаңа әуенді домбыраға көшіргенде майда қоңыр ырғақтар бір-біріне қақтығысып күміс қоңыраудай сыңғырлады. Назды да сыршыл әуен құтты бір қы-

тықііыл сұлудай сықылықтаған тәрізденіп Нұртасты еліктіріп делебесін қоздырды.

Ол осы сәт өзін де ұмытқандай халде еді. Домбыраның қоңыр үніне қосылып, беріле әндетіп кетті. Туашақ соны туынды Нұртасты сонау артта қалған қызулы жастықтың хан жайлауына қайта оралтқандай әсерге бөлеп еді. Жастық жайлауында қапылыста айырылып қалған-қимас асылы Жансаямен қайта қауышқандай алдамшы әсерге беріліп кеткен ол табан астында тыңнан сәтті ырғақтарды туындатқан.

Ән манағыдан да бетер түрленіп құлпырып шықты. Болбырлау ырғақтардың аяқ алысы ширап, ән мазмұны тың оралымдармен ұштаса кірігіп, бір арнаға тоғысып кеткендей болды.

Ұзақ-ұзақ ой кешіп, қиналумен дүниеге келген «Қызылкиігі» Нұртасты шексіз қуанышқа бөлеген.

Ол жаңа әнін ұзақ шырқады. Әнді айта отырып, біресе мұңайды, біресе жымиды. Ендігі өмірінің мәні де, сәні де осы «Қызылкиігі» боларын іштей сезінген ол домбырасын күмбірлете тартты.

Осындай толқулы сезімде отырып, Нұртас үйге кімдердің кіргенің байқамай да қалған. Інісінің көңілді күлкісің құлағы шалған бойда орнынан көтеріле беріп:

— Жантас! Ән туды... Жаңа ән!-деді тәлтіректей басып, алға қарай жүре түсіп.

- Қайырлы болсын, ағатай! - деді інісі, - Қарын-дасыңыз күтіп тұр. Сізді жұмысқа шақыра келіпті-

Нұртас «қарындасыңыз» деген сөздің байыбына бірден бара алмай аз мүдірді де:

— А, Күләймісің? - деді қуанып кетіп. - Сүйінші! «Қызылкиік» келді дүниеге!

Жүрегінің өрекуін баса алмай есірік сезімнің ырқына берілген ол Күләйға жақындап барды да, қолын алға қарай созды. Саусақтары қыздың иығына тиді.

Одан әрі ол өзін тежей алмады. Тағдыр тәлкегіне көрсеткен қарсылығы ма, болмаса жаңа туындысының

сәтімен дүниеге келгеніңе қуанғаны ма, әлде махаббат іздеп талпынған жүрегінің ышқынысы ма, қыздың иығына маңдайын басып үнсіз ғана: «Бұл әнімді саған арнадым» дегенді Күләйға көңіл толқынысымен аңда-тып еді.

БІР ДОРБА ІРІМШІК

Самалдын, үйіне кеп жатқанына бүгін төртінші күн. Бала басты шешесіне көмектесіп кір жуып, нан пісіруден қолы бір босамады. Ертеңгілік шай үстінде шешесі бұған:

— Төсек-орынды Далаға шығарып күнге жайшы. Текемет пен сырмақты қара күйе жеп қояр. Қағып, сілкіп арасына нафталин салайық, - деді.

Онсыз да көңілі пәс тартып, сүлесоқ отырған Самал бірден жып ете қалмады.

— Бір жерің ауыра ма? Өзің жүдеп жүрсің ғой, мүлде? — деді Балқия.

Самал жауап қатпай назарын төмендетті.

— Бойыңа бірдеңе бітейін деп жүрген шығар...- дегенде барып жас келіншек:

— Қойшы апа, жоқты айтпай! — деді балаша бұрти-ып.

— Үйіңе қайт онда, Мекен жалғызсырап жүрер.

Самал қабағын шытынды. Кішкене сіңлісі етегіне оралып еді, оны да итеріп тастады. Сіркесі су көтермей шыныдай шытынаған ол сол күні түк істеп жарытпады. Шешесінің байқампаз жанарынан тайсақтап Жылыстап кетті де, төргі бөлмеге кіріп алып, альбом ақтарғыштады.

Басқа қыздар көбінесе жеңгесімен әмпей болып, шешелеріне сырын аша бермейтін болса, Самал қашан жат босағаны аттап, басына желек салғанша шейесінен сырын жасырып көрген емес. Құрбылары көңілін

қалдырса да, біреуден сөз естісе де, бұл алдымен шешесіне кеп шағынатын.

Сөйткен анасынан тұрмысқа шыққан бес-алты айдің ішінде расымен жатсырап алыстап кеткені ме?

Осы жолы: «О, құлыным сол! Анада ғана келіп кетіп едің ғой, үйді сағынып қалдың ба?» - деп, Самалды қуана қарсы алған.

- Өзіңді сағындым, апа, - деп бұл шешесінің мойнына асыла кеткен, көзіне келген жасын тежей алмай.

— Қой балам, жаман ырым бастап жылағаны несі?! Еркеліктен түк шықпайды, ендігі жерде үй болудың қамын ойлау керек, - деген Балқия қызының жылағанын ерсі көріп.

Бұларды ата-енесі осы жақында ғана отау үй шығарған. Совхоз жас шаңырақ иелеріне екі бөлмелі үй сыйлады.

Өз алдарына түгін түтетіп, көңірсіп отырғанда аяқ астынан реніш туды да, Самал күйеуіне ерегісіп төркініне кетті. Жай кеткен жоқ. «Енді сенің босағанды қайтып көрмеймін!» — деп қатал байлаумен кетті.

Енді міне әке-шешем деп келгенде шерін тарқатып күйеуімен арасында болған ренішті айтып шағына да алмайды.

Самал түк істеп жарытпады. Ол басынан-ақ үй шаруасына қылап еді. Төсектің өзін қырық құбылтып әр күні әр түрлі етіп жинайтын. Қорші-қолаң: «балалары көп болғанымен Балқияның үйі қашан барсаң тап-тұйнақтай боп жинақы тұрады», - деп, мақтайтын. Сөйткен елгезек те тіл алғыш Самалдың кежегесі кейін тартып, түк істеуге зауқы жоқ. Шешесінің көзін алдап, бірдеңе істесіп жүргенімен құтты бір бөтен үйде жүргендей кәдімгідей жатырқап өз үйі өзіне жат көрінген.

«Мекен тамақты қайдан ішіп жүр екен. Есікті ашық тастап, біреу бірдеңені алып қоймаса жарады. Тоңазытқышты ағытып кетіп едім, ішіндегі қаймақ пен ет бүлінетін болды-ау!»

Ол бір сәт құлазып кетті. Өзінің от басы, ошақ қасын аңсайтын сияқты ма? Осында келгеннен бергі төрт-ақ күн бұған жылдан ұзақ сияқтанып, күйеуімен арасы ашылғалы ұшы-қиырсыз мерзім өткен тәрізді болады да тұрады. Көңілінен алыстап кеткен Мекенді көзіне елестетіп, онымен алғаш танысқан күндерің есіне түсіреді.

Ол кезде екеуі де бір класта оқитын. Тыныш отыр-майсыңдар деп жетекші ағай қыз бен ұлдарды араластырып отырғызатын. Қашан оныншыны бітіргенше Мекен екеуінің жұптары жазылмаған. Мекен есепке жүйрік еді, ал Самал шығарма жазуға қабілетті болатын.

Оныншы класта оқып жүргенде бір күні Самал күнделігінің арасынан Мекен жазған хат тауып алды. Кәдімгі жігіттің қызға жазған хаты еді.

— Сен бе мына хатты жазған?—деді Самал оған.

— Жоқ... — деп күмілжіді Мекен.

— Сенің жазуың, астына Мекен деп атыңды да жазыпсың.

Мекен сасып желкесін қасыды, одан құлағын тартқыштады

Қыз әлі тергеп тұр.

— Айтсайшы шыныңды?

— Жай, ойнап...- деді Мекен.

Сол ойыннан келе-келе ұшқын шықты да, бұлар оныншыны бітірген жылы серт байласты.

Самал қоңыр тоқтыдай сүйкімді бозбаланы қатты ұнатып, оған құлай берілген еді.

Енді міне қосылмай жатып қор мінез танытқан күйеуіне деген өкпесі тым қалыңдап кеткендей.

Автобустың ішінде болған оқиғаны есіне алса-ақ Самалдың ызасы күрт тұтанып, Мекеннен алыстай бастайды.

Осы кеше мектепте бірге оқыған құрбысы Бағдатқа құдық басында ұшырасқан. Бос шелектей даңғыраған келіншек:

- Өзің төркіншіл боп алдың ғой, екі күннің бірінде келесің де тұрасың. Мекеннің дені сау ма? — деп жете амандасқан.

Самал қолайсызданып:

- Батырдың халі жақсы ма?—деп күмілжи тіл қатты.

— Ой, ол соққан жүр ғой шалқып! Қолы жеткенше өмір-бақида сені ренжітпеймін деп ант-су ішумен болып еді, екі күннің бірінде сабайды, - деп Бағдат өзінің қылжақ мінезіне басқан.

— Қойшы-ей?! — деп Самал шошып кетті-

— Рас айтам. Ішіп алса маған маза бермейтін әдет тапты.

— Қой әрі, қайдағы жоқты айтпай?! Сенің көп өтірігіңнің бірі де. Батыр ақымақ жігіт емес.

— Сен сияқты нәзік емеспін, қол-аяғым балғадай. Бір еркектің теперішіне төзе алмасам, несіне қатын боп байға тидім? -деп Бағдат қылжаққа басқан.- Мекенің ше? Мінез шығара қоймаған шығар?

Самал болар-болмас күрсініп қойды.

— Ептеп ішеді...

— Момыным, қоңыр тоқтым деуші едің, саған сол керек. Біздің ағайға тиіп алсаң ғой төбеңнен құс ұшырмайтын еді,—деді де, Бағдат жылыстай берді.

Құрбысының парықсыз айта салған сөзі Самалдың бітеу жарасының аузын алып түскендей болған.

...Самал педучилищені бітіргенде Бағдат бір баланың анасы болып та үлгерген. Ол бұны Оқас деген ағасымен таныстырды. Таныстырып қана қоймай, Оқасқа тұрмысқа шық деп азғырды. Оқас кескінді, қара торы жігіт екен, жоғары білімді агроном. Самал одан ат-тонын ала қашты. Бірақ Оқас Самалдың қыр соңынан қалмады. Бұрын. бір рет үйленіп, келіншегінен айрылысып кеткен ол, Самалды өзіне қайткен күнде көндіріп, жар етудің амалын іздестіре бастаған.

— Менің уәде байласқан жігітім бар, ағай,- деп те жалтарды.

Бірақ Оқас алған бетінен қайтпады. Сол қарсаңда Мекен ауылда болмады.

— Сен қайда жоғалып кеттің? — деген қыз Мекенге.

— Не боп қалды? — деді ол қашанғы аңқау сөйлейтін әдетімен.

— Мен тұрмысқа шығатын болдым ғой, - деді' Самал қасақана.

— Қойшы-ей?!—деп Мекен шошып кеткен.

— Қой түгілі ешкі де жоқ, әлгі қатын тастаған Оқас деген құда түсіп, мені алғалы жатыр.

Содан Самал Мекенге ілесіп тайып отырды да, Оқас «дат» деп санын соғып қала берді.

«Үндемей жүріп өзінің пәлесін қарашы. Ауылдағы ең сұлу қызға' үйленді», — деп іші күйгендер Мекенді сыртынан қыжыртты. «Беденді бала еді, ынжық Мекенге тигені несі? Содан басқа жігіт құрып қалғандай»,— деп Самалға да әркімдер кінә тағып жатты.

Енді міне бөлек отау шықпай жатып екеуінің арасына жік түскен. Былайша бүлінген ештеңе жоқ сияқты. Бұлар мектепте мұғалім, жазғы демалыста қыдырып бой жазған. Аудандағы бір жақын туыстарына қонаққа барған олар кешкі автобуспен қайтқан еді. Мекен ішіп алып, мас болды, болғаны сол..,

Самалдың жатса да, тұрса да автобустың ішіндегі болған оқиға ойынан кетпейді. Үнемі бұларға суық сұғын қадап, кездескен жерде іліп-шалып жүргізбейтін Оқастың көзінше мас болып, масқара болған жоқ па Мекен.

Бұлар автобуска отырғанда күндізгі қапырық ыдырап, күн көзін бұлт торлай бастаған еді. Самалдың да қабағы салыңқы. Ішіп алған Мекен бұлғақтап жолаушылардың мазасын алып біткен.

Бүгін автобуска өңшең кілкін кескендей жас жігіт-

тер мінер ме!? Қылжақбас бозбалалар Самалды төңіректен әзіл тастап қояды:

— Шіркін-ай, сіз секілді періштені жар еткен жігіттің арманы бар ма екен? - дейді біреуі.

Екінші біреуі тұрып:

— Құтты Тоғжан! Абайдың ғашығы болған Тоғжаннан бітпей де аумайды. Қыр мұрын, нәркес көз. Ұзын қолаң шашы анау тірсек қаққан, — деп тамсанады.

Осы кезде алдыңғы жақта отырған Оқас:

— Тоғжанның Абайы кім екен?—деді суық жымып.

— Мен, мына дөдесі! — деп Мекен орнынан ұшып тұрды.

— Абайының ұсқыны сен болсаң есіл Тоғжан қор болған екен да...

— Немене, мен Абайдан кеммін бе? — деп Мекен енді даусы дарылдап өлеңдетіп кетті:

Көзімнің қарасы,
Көңлімнің санасы...

— Ой, қатырдың!- Оқас қарқылдай күлді.

Мекен кілмиіп кеткен көзімен жолаушыларға сүзіле қарап.

— Шіркін, менің мына сияқты келіншегім болса өмірі қышқылды аузыма алмас едім,- деді бір бұйра бас жігіт.

— Сұлу келіншегін жігіттерден қызғанып құсадан ішсе қайтесіңдер? - деді Оқас Самалға көзінің құйрығымен қарап қойып.

...Сол түні ызаланған Самал көрер таңды көзімен атқызды. Үйге келе ұйқыға бас қойған Мекен қор-қор етеді. Ол таңға жақын бір-ақ оянды.

— Мен қайда жатырмын осы? Үйге қалай келіп қалдық? — деді.

Самал жылап қоя берді.

— Масқара болдық. Автобустың ішінде істемегенің

жоқ! Намыссызсың. Әліге дейін досың кім, дұшпанын кім ажырата алмайсың...

Мекен сұмдық қорланды.

— Мен енді қателесіп, - деп міңгірледі, — қайтып стақан ұстасам... бар-ау... Енді не десем екен...

— Әке-шешелеріміз ғой екеуімізді түтін түтетіп, отау үй болып отыр деп мәз болады. Сондағы отаудың иесі сен ғой, қайда қалғаныңды білмейсің,- деп Самал солқ-солқ жылады.

Мекен қыстықты. Оның бүйтіп келіншегін ренжітіп аламын-ау деген ойына да келмеген. Не қылса да осы, жолы оңбай ұрынған екен.

— Сенде бар ғой, жүрек жоқ қой деймін,— деп Самал сұмдық бүлінді.— Мені бір керексіз заттай көресің. Бұл жайбарақаттығыңнан бір күні татасың, білдің бе?

Самалдың бұлай деуінің қисыны бар. Мекен былайша тұйықтау болғанымен өзім деген достарына ақжарқын. Кісіге сенімсіз көзбен қарамайды. Ерлі-зайыптылардың арасына от жағып, жік салатын арам ойлы адамдардың бары, келісті сұлу келіншегіне сұғанақ көздердің сұғын қадап қызығатын кәперіне де келмейтін. Самалды ол шын жүректен өмір бақи айнымай сүйіп өтем деп біледі. Кейде қызғанышты сезімге берілгенде өзіне тоқтам салып, Самал сезіп қалса өкпелеп қалар деп тартынатын еді.

— Түбінде сен екеуіміз бірге тұрып бақытты бола алмаспыз. Жаман мінез жар болса содан-ақ мұраттап,— деп Самал киінді де, үйден шығып жүре берді.

Самал алаңдап жол жаққа қараумен болды. Ол Мекен келіп қалар деп күткен еді.

Балқия шешесі бірдеңені сезеді ғой деймін, қызына басынан өткен оқиғаларды айтып тұспалдайды.

— Әкеңмен алғаш қосылған жылы, - деп бастады ол әңгімесің. — Оны биттей де көзімнен таса қылғым

келмейтін. Әрі мен сұмдық қызғаншақ едім. Кейін сол мінезімнен опық жедім. Келе-келе әкеңнің маған қолы тиетін болды. Үйге ұрыс кірді дегенше оттың басынан береке кетті дей бер. Ондай үйдің түтіні де тұзу ұшпайды. Ертеректе бір абысынымыз: «бүгін қай үйде қандай жағдай болды, соның бәрін мұржадан шыққан түтінінен біліп отырамын» деп білгішсінетің. еді. Сол абысынымның сөзі шындыққа бір табан жуық.

— Ақыры не болды? — деді Самал шешесінің сөзін бөліп.

— Не болушы еді, әкең ашық кетті. Ауылдағы бір жесір келіншекпен әуейі болды. «Көнсең осы, көнбесең жолың әні» дейді екі сөзінің бірінде. Бірақ мен үйден қия басып шықпадым. Сүйіп қосылған күйеуімді әлдебір жат әйелдің құшағына итере салғым келмеді. Ақыры әкең сабасына түсті. Неге болсын шыдам керек, қарағым.

— Әне, енді ақыл айта бастайды!—деп Самал өп-өтірік бұртияды.

Шешесі әңгімесін әрі қарай жалғайды.

— Әшейін бір сыр ғой. Әлі есімде. Тұңғышым бойыма бітерде күлкілі жайға ұшырағаным бар. Кәдімгі қантқа жерік болмасым бар ма?! Қанттың тапшы кезі. Әжем марқұмның бас жағына сақтап, шай ішіп жүретін төрт-бес бөлек қантын ұрлаймын. Әжем ияңқы кісі еді. «Сендер жеп қойдыңдар» деп, сомадай-сомадай балаларын таяқтасын келіп. Ұят-ай! Сондағы қысылғаным-ай!..

Самал қызарып кетті. Осында келгелі ол ірімшікті ұқсата жеген. Шешесінің көзі тая бергенде шошалаға кіріп кетеді де, аузының суын құртып сілекейін шұбыртқан тәтті пісасты құныға күйсейді келіп. Ірімшікті қанша жесе де тоятын да, мейірі қанатын да түрі жоқ.

— Жолдасың жаман бала емес, - деп қойды Балқия. — Бірақ тым қушықтай берме. Есінде болсын, ерін

сыйлаған әйелді елі сыйлайды... Мекен ренжіп жүрер, ертеңнен қалмай қайт үйіңе.

— Қайтпасам ше? - деді Самал бала күнгі әдетінше шешесімен қарсыласа кетіп.

— Төркіншіл келіншектің төсегі жиналмайды,- деп жымыды Балқия.

Самал не күлерін, не жыларын білмеді. Көкейіндегісін көш жерден ұғып, мұның күйеуімен ренжісіп келгенін қырпынан сезіп қойған шешесінің аңғарыштығына ыза болып:

— Енді үйлеріңе келмей-ақ қойғаным. Қыз деп шеттетесіңдер ғой баяғы, — деп төргі бөлмеге еніп кетті.

Содан ол ұзақ ойланған.

«Кінәлі алдымен Мекен. Ендеше ол жаздым-жаңылдым деп неге келмейді соңымнан? Шыдамдысын қарай көр өзінің! Ерегіскенде енді бір ай жатпасам ба!?!...».

Артынша тағы өзін жазғырды. «Мекеннің бір жолғы қателігін кешіре салудың орнына төркініме тұра жөнелгенім ерсілеу болды-ау осы?»

Содан ой шырмауында жатып ұйқтап кеткен. Көзін ашып алса, шешесі тұр қасында.

— Әлгі піркәншік қайнағаның келіні толғатып жатқан көрінеді, — деді ол Самалды шашынан сипап. - Мен сонда барамын. Жаңа Мекен келген. Сені алып кетем деп көлік әкеліпті. Буыншақ-түйіншегің әзір тұр. Бір дорба ірімшік дайындап қойдым. Ұмытып кетпе.

Самал шешесінің мойнына асыла кетіп, бетінен сүйіп-сүйіп алды да:

— Болғаны бір-ақ қалта ма? Одан гөрі көбіректеу берсең қайтетін еді? — деді қуана күлімсіреп.

М А З М Ұ Н Ы

П О В Е С Т Е Р

Ескі тоған	3
Аңызак	50

ӘҢГІМЕЛЕР

Ыстық жүрек	89
Боранда	101
Өгіз арба	108
Көненің көзі	117
Күтпеген кездесу	132
Қызылкийк	142
Бір дорба ірімшік.....	152

Омир Карипов

СТАРАЯ ДАМБА

Повести и рассказы

(На казахском языке)

Редакторы М. Қаназов

Суретшісі Ж. Болатов

Көркемдеуші редакторы Г. Молдабаева

Техникалық редакторы И. Насырова

Корректоры Ш. Батталғазиева

ИБ №2802

Теруге 04.06.84 жіберілді. Басуға 14.06.85 қол қойылды. УГ 15026. Форматы 70 X108^{1/32}. Қағазы №3. Қаріп түрі әдеби. Шығыққы басылыс. Шартты баспа табағы 7,0. Есептік басылу табағы 7,3. Шартты бояу көлемі 7,3. Тиражы 10 000 дана. Заказ № 1682. Бағасы 45 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Жалын" баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Алматы облыстық баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқармасына қарасты Ұйғыр аудандық баспаханасында терілді. 483470, Шонжа селосы, Алматы көшесі, 67-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты "Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасында басылды, 480124, Алматы, қаласы, Гагарин проспекті, 93-үй.